14. Госархив Актыбинской области, ф. 13, оп.1, д.339, л.48.
15. Народ не безмолствует. А.,.
16. Госархив Актыбинской обл., ф.13, оп.3, д.339, л.50,52.
17. Там же.
18. Архив Президента РК, ф.141, оп.1, д.2969, л.4.
19. Дахшлейгер Г.Ф., Нурпеисов К.Н. История крестьянства советского Казахстана. А-А., 1985, т. 1, с.207.
20. Турсунбаев А.Б. Победа колхозного строя в Казахстане. С.131.
21. ЦГА РК, ф.1145, оп.2, д.526, л.19.
22. Госархив Актыбинской области, ф.9, оп.1, д.447, л.13.
23. ЦГА РК, ф.1145, оп.2, д.526, л.18.
24. Госархив Кызылординской обл., ф.5, оп.2, д.33 1, л. 1.
25. ЦГА РК, ф. 1145, оп. 2, д. 526, л. 21.

26. Турсунбаев А.Б. Указ. соч., с.77; История советского крестьянства М., 1986, т. 2, с.22.
27. Госархив Южно-Казахстанской обл., ф.29, оп.1, д.604, л.7. 27
28. Там же.
29. Госархив Актюбинской области, ф.30, оп.1, д.19, л.1390.
30. Госархив Мангистауской обл., ф.244, оп.1, д.20, л.99.
31. Там же, л. 162.
32. История Казахстана с древнейших времен до наших дней // Колл. авторов А-А., 1993, с. 314.
33. ЦГА РК, ф.1145, оп. 2, д. 527, л. 81.
34. Госархив Кызылординской обл., ф.5, оп.2, д.326, л.46.
35. Коммунистическая партия Казахстана в резолюциях и решениях съездов, конференций и пленумов (1928-1937гг.).-А-А.,1981,т. 2, с. 127.
36. ЦГА РК, ф.5, оп.210, д.61, л.58.
37. ЦГА РК, ф.1380, оп.2, д.384., л.27.
38. Госархив Актюбинской обл., ф.9, оп.1, д.446, л.2.
39. Омарбеков Т. Мегашк иелері қапай жойылды? // Ақиқат. 1993. № 9, 67 бет.
40. Госархив Мангыстауской обл., ф.17, оп.1, д. 40, л. 19.
41. Там же, д.37, л.10-11, 32.
42. ЦГА РК, ф.30, оп. 6, д. 55, л.118.
43. Там же, ф.1145, оп.2, д. 527, л.193.
44. Коллективизация сельского хозяйства Казахстана. 4.1, с.495-496.
45. См. Коллективизация сельского хозяйства Казахстана. Важнейшие постановления (1927-1935 гг.).- М., 1957, с. 423-424.
46. ЦГА РК, ф.1380, оп. 1, д. 268. л. 57.
47. Коллективизация сельского хозяйства Казахстана. 4.1, с. 546-547.
48. Егемен Қазақстан, 1992,22 декабрь.
49. История Казахстана с древнейших времен до наших дней.- А.-А., 1993, с.308; ЦГА РК, ф.1380, оп. 2, д. 413. л.9.
50. 7-я Всеказахстанская конференция ВКП(б). Стенографический отчет.- А-А, 1930, с. 84.
51. Там же.
52. ЦГА РК, ф.1380, оп. 1, д. 271. л.120,
53. Госархив Актюбинской обл., ф.13, оп.1, д.399, л.14-22.
54. Там же, л. 16.
55. Там же, д.339, л.3.
56. Там же, л.9.
57. Там же, л. 10.
58. Там же, оп.3, 385, л.42-43.
59. Там же, л.45.
60. Там же, д.395, л.45.
61. Там же.

**ӘЛЕУМЕТТАНУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ
АКТУАЛЬНЫЕ ВОПРОСЫ СОЦИОЛОГИИ
УДК 324(574)**

**ЖАСТАРДЫҢ САЯСИ БЕЛСЕНДІЛІГІН АРТТЫРУ КОНТЕКСТІНДЕ АУЫЛДЫБАСҚАРУ
ИНСТИТУТТАРЫ МЕН САЙЛАУ ЖҮЙЕСІН ЖЕТІЛДІРУДІҢ МАҢЫЗЫ**

Ж.К. Кәрімова - «Жастар» ғылыми-зерттеу орталығының директоры, орынбасары, әлеуметтанушы
PhD;

Е.Ә. Жұмашев - «Жастар» ғылыми-зерттеу орталығының бас сарапшысы, Л.Н. Гумилев атындағы
ЕҰУ-нің саясаттану мамандығы бойынша PhD докторанты

Ауыл жастарының объективті және субъективті себептерге байланысты қоғамдық-саяси өмірге белсенді араласудан шет қалуы өзекті мәселе. Жастардың азаматтық қоғам мен саяси институттардың қызметіне араласудан оқшаулануының бірқатар теріс салдары бар. Сондықтан мемлекеттік органдар ауыл жастарының елдің қоғамдық-саяси өміріне белсенді араласуына жағдай жасайтын тетіктер

калыптастыруды ойластыруу керек. Мақалада, ауыл жастарының қоғамдық-саяси үрдістерге қатыстыру үшін жергілікті басқару институттарын дамыту мен сайлау жүйесін жетілдірудің маңызы қарастырылған.

Тірек сөздер: ауыл жастары; ауылды басқару; мемлекеттік жастар саясаты; жастардың саяси белсенділігі.

Пассивное участие сельской молодежи в общественной и политической жизни страны по причине объективных и субъективных обстоятельств является проблемным вопросом. Подобная пассивность имеет следствием возникновение многочисленных рисков. Ввиду этого целесообразными представляются разработка и внедрение ответственными государственными органами механизмов вовлечения сельской молодежи в общественно-политическую жизнь страны. В данной статье рассматривается актуальность развития органов местного самоуправления и избирательной системы в контексте участия молодежи в политических процессах.

Ключевые слова: сельская молодежь; сельское управление; государственная молодежная политика; политическая активность молодежи.

The isolation of rural youth from the participation of public and political life of the country, for objective and subjective reasons, is a problematic issue. Because youth isolation has some negative consequences. Therefore, the responsible government authorities should develop mechanisms to involve rural youth active participation in public and political life of the country. This article discusses the relevance of local government and the electoral system in the context of youth participation in political processes.

Key words: rural youth; local self-government; youth policy; political activity of youth.

Жастар әрқашан қоғам мен мемлекеттің назарында болуы тиіс әлеуметтік топ категориясына жатады. Жастардың қоғамдық-саяси белсенділігі мен әлеуметтік-экономикалық ахуалы мемлекеттің дамуының болашағын анықтайтын факторлардың бірі. Қоғамдағы ең белсенді әлеуметтік топ ретінде жастардың өз құқығын қорғай алуы мен саяси үдерістерге қатысу тетіктерінің болуы маңызды. Өйткені жастардың мұндай тетіктерге қол жеткізу мүмкіндігінің төмендігі, олардың өздерінің талаптарын орындатудың альтернативті жолдарын іздейтініне бірқатар шетелдерде орын алған үрдістер дәлел бола алады. Осыны ескерген Қазақстан билігі жастар саясатын дамытуға мемлекеттік деңгейде көңіл бөліп, оны жетілдіру мен жастардың құқығын кеңейту жұмыстарын жүргізуде. Осы бағытта жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде соңғы жылдары жастар саясатының институционалдық құрылымы дамыды. Сондай-ақ нормативтік-құқықтық базасын жетілдіру мәселесі қарастырылуда. Жастар туралы жаңа заңның жобасын Мәжіліс депутаттары мен басқа да жауапты органдар талқылап жатыр. Бұл өзгерістердің барлығы мемлекеттік жастар саясатын іске асыруға серпін берді. Өйтсе де жастардың өз ішіндегі кейбір топ өкілдеріне бағытталған саясат жүргізу мәселесін әлі де жетілдіре түсу қажет. Түрлі факторлардың әсерінен қоғамдық-саяси үрдістерге қатысудан оқшауланған жастар топтарына мән беру керек. Сондай топтардың біріне ауыл жастары жатады. Ауыл жастарын қоғамдық-саяси үрдістер мен шешім қабылдау үдерісіне кең араласуына мүмкіндік беру мәселесі өзекті. Өйткені бірқатар объективті және субъективті мәселелер ауыл жастарының саяси үрдістерге белсене араласуына кедергі келтіруде. Осы кедергіні жою мақсатында ауылды басқару институттары мен сайлау жүйесін жетілдірудің маңызы зор.

Қазақстан жастарының 44,7% немесе 2 082,4 мыңы ауылдық елді мекендерде тұрады [1, 8-бет]. Бұл ауыл жастарының үлкен демографиялық көрсеткішке ие екендігінің көрінісі. Осындай демографиялық маңызы бар ауыл жастарының түйткілдері ретінде алғашқы кезекте әлеуметтік (жұмыссыздық, материалдық қиындықтар), мәдени (бос уақыт өткізу орындарының жеткіліксіздігі) және сапалы білімге қол жеткізудің қиындығы сияқты мәселелер айтылады. Ал, ауыл жастарының саясат пен азаматтық қоғамға араласу, құқығын қорғау тетіктерін кеңейту сияқты тақырыптарға жеткілікті көңіл бөлінбейді. Алайда бұл мәселелер де өте өзекті, себебі ауыл жастары қоғамдық-саяси үрдістерге толық қатысудан бірқатар себептерге байланысты оқшауланып келеді.

Ауыл жастарының қоғамдық-саяси қызметке белсене араласуына объективті және субъективті факторлардың кедергі келтіріп отырғандығы жоғарыда айтылды. Бұл топқа кіретін жастардың қоғамдық-саяси қызметке араласуына кедергі келтіріп отырған объективті фактордың біріншісіне географиялық алшақтық жатады. Ауылдық елді мекендердің шешім қабылдау орталықтары мен саяси өмір белсенді ортадан алыс орналасуы, тек Қазақстан ғана емес шет елдерде де жастардың саясатқа араласуына кедергісін келтіруде. Бұл, мәселе географиясы кең, елді мекендер арасы алшақ орналасқан Қазақстан үшін тіпті өткір.

Қазақстан ауыл жастарының саясатқа белсене араласуына кедергі келтіріп отырған басқа бір фактор – жергілікті басқару органдары басшыларының тағайындалуы және сайлау құқығындағы жасқа байланысты қойылатын ценздер.

Географиялық шалғай елді мекендерде тұратын жастардың қоғамдық-саясатқа кең араласуына кедергісін келтіретін тағы бір себеп аталған әкімшілік-аумақтардың халқымен жұмыс істейтін азаматтық институттардың, әсіресе жастар ұйымдарының әлсіздігі. Мысалы, республикалық деңгейдегі жастар ұйымдарының ішінде ауыл жастарымен жұмыс жасайтын бірде-бір бірлестік жоқ. Мұндай жағдай ауыл жастарының қоғам үшін маңызды көптеген мәселелерге араласуына шет қалу себептерінің бірі.

Ауылдық жастардың қоғамдық мәселелер мен жергілікті саясатқа араласуына кедергі келтіретін ең басты субъективті фактор – консерваторлық тәрбие. Шағын елді мекенде, бірін-бірі танытын ортада өскен жастардың өзінен жасы үлкен таныстары отырған жиындаалға шығып сөйлеуден қысылатыны анық. Бұл олардың жергілікті жиналыстар мен басқосударда пассивті рөл алуына себеп болады.

Қазақстан ауыл жастарының саяси өмірге толығымен ықпалдасуына осындай объективті және субъективті факторлар кедергі келтіруде. Қоғамдық-саяси үрдістерге араласу мүмкіндігінің әлсіздігі жастардың саяси үдерістерге ықпалдасудан шет қалуына себеп болады. Сондықтан жастардың саяси әлеуметтенуі өзекті мәселелердің бірі. Сарапшылар ауыл жастарының арасында қала жастарымен салыстырған саясатқа қызығушылықтың төменірек екендігін айтады [2]. Жастардың саяси оқшаулануы салдарының көптеген қауіптері бар. Өйткені бұл жастардың бойында абсентизм, аполитизм сияқты саясатқа немқұрайлы қарау, самарқаулық таныту түйткіліне айналады. Олардың бойында саясатқа самарқаулық таныту ғана емес, сондай-ақ саяси шешім қабылдаушыларға күмәнмен қарау, оларға деген сенімінің төмендеуіне себеп болуы ықтимал. Сол себепті жастардың саяси үрдістерден тыс қалмауына мән беру керек.

Ауыл жастарының қоғамдық-саяси үрдістерге белсенді араласуын қамтамасыз ету үшін бірқатар маңызды өзгерістер жасау қажет. Жастардың саяси белсенділігін көтеретін кешенді тетіктерді дамытуға көңіл бөлінуі тиіс. Бұл кешенді шаралар: ауылдық деңгейдегі сайланбалы басқару органдарын дамыту, азаматтық және жастар ұйымдарының ауыл жастарына бет бұруын ынталандыру, сайлау құқығындағы жас цензін төмендету, ауыл жастарына арналған семинар-тренингтер өткізу және т.б.

«Жастар» ғылыми-зерттеу орталығы «Қазақстан жастары – 2014» Ұлттық баяндамасын жасау мақсатында Қазақстан жастарымен жаппай сауалнама жүргізді. Осы сауалнаманың қорытындысында ауыл және қала қимасында ауыл жастарының 64%-ның саясатқа қызығатынын анықтады.

Респонденттердің «Қазақстанның жалпы саяси өміріне қызығушылық танытасыз ба?» сұрағына жауаптарының бөлінуі, %

Елдімекен	<i>Иә</i>	<i>Жоқ</i>	<i>Жауап беруге қиналамын</i>
Қала	64,4	29,6	6,0
Ауыл	64,0	29,0	7,0

Бұл жақсы көрсеткіш. Алайда жоғарыда айтылып кеткен себептерге байланысты ауыл жастарының саяси өмірге араласу мүмкіндігі шектеулі. Аталған кемшіліктерді жою үшін ауылдық деңгейде өкілетті немесе тиімді жұмыс жасайтын өзін-өзі басқару органын құрудың және оның мүшелерін сайлау арқылы анықтаудың маңызы зор. Мұндай органның құрылуы ауылдағы саяси өмірді жандандырады. Өз кезегінде бұл бірқатар мәселелерге оң ықпалын тигізеді. Соның бірі жастардың саясатқа араласуына жол ашуы. Сол себепті жауапты органдар ауылдық деңгейде облыстық және аудандық сияқты ауылдық округтік мәслихат немесе тиімді жұмыс жасайтын өзін-өзі басқару органын құруға мән беруі керек.

Ауыл жастарының саяси белсенділігін арттыру мен олардың жергілікті проблемаларды шешуге кең араласуына мүмкіндік берудің бір жолы жергілікті өзін-өзі басқару институттарын дамыту болып табылады. Өйткені жергілікті өзін-өзі басқару институттарын сайлаумен баланысты саяси үрдістер жастардың қоғамдық мәселелерге қатысуына мүмкіндік береді. Оған дәлел ретінде 2013 жылғы ауылдық округ, кент және аудандық маңыздағы қала әкімі сайлауының нәтижесінде келтіруге болады.

Бұл кестеде ауылдық деңгейде 74 әкім сайланған. Мұны жақсы көрсеткіш ретінде бағалауға болады. Өйткені ауыл әкімі болуға үміткердің жасы ең кемі 25–ге болуы туралы талап қойылғандықтан жастардың бір бөлігінің сайлауға үміткер ретінде қатысу құқығы болмады.


Дегенмен ауыл әкімі сайлауы жастардың саяси белсенділігін бұдан да әрі арттыруы мүмкін. Ол үшін әкімді тұрғындар тікелей сайлауы керек. 2013 жылы әкімді аудандық мәслихат депутаттары сайлады.



Егер ауыл әкімін тұрғындар тікелей сайлайтын болса, онда жастардың бұл саяси үрдіске қатысуы артады. Себебі жастар ауыл тұрғындары арасында жүргізілетін үгіт-насихат жұмыстарының жиындарына қатысады, ол жерде үміткерлердің бағдарламаларымен танысады, сауалдарын қояды, саяси пікірталастарға араласады. Ондай пікірталастарға қатысқан жастар, алғашқы саяси тәжірибесін биліктің ең төменгі сатысы ауылдық деңгейде бастауға жақсы мүмкіндік алады.

Жергілікті сайлаудың ауыл жастарының саяси белсенділігін көтеруге мүмкіндік беретінін соңғы мәслихат депутаттарындағы жастардың үлес салмағы да көрсетеді. Қазіргі таңда облыстық және аудандық мәслихаттарда жасы отызға дейінгі 58 депутат бар.

Бұл көрсеткіштер сайлаудың жастардың саяси белсенділігін артыруға мүмкіндік беретіндігінің дәлелі. Сондықтан жергілікті өзін-өзі басқару институтын дамыту жастарды саяси үдерістерге, жергілікті



мәселелердің шешіміне араластырудың бір жолы. Дегенмен сайлауларда жастардың белсенділігіне кедергі келтіретін фактор, жоғарыда аталған жас цензі. Қазақстанда сайлаудың пассив құқығы мемлекеттік органның мәртебесіне қарай өзгереді. Мысалы, мәслихат депутаттығынан үміткерлерден 20, ал ауылдық округ әкімдігіне үміткерлерден 25 жасқа толу талап етіледі. Жастардың саяси белсенділігін арттыру үшін аталған жас көрсеткішін төмендеткен дұрыс. Әсіресе ауыл әкімінен үміткерлердің жасына қойылатын талап жоғары, оны мәслихат депутаттарына қойылатын жас цензімен теңестірген жөн.

Дамыған көптеген елдерде сайлаудың активті және пассивті құқығы 18 жастан басталады: Австрия, Финляндия, Швеция, Дания, Германия, Испания, Нидерланды, Люксембург, Португалия [3]. Сондықтан Қазақстан да жас цензінің мөлшерін төмендеткені дұрыс. Бұл жастардың жергілікті сайлауларға қатысып, мемлекеттік органдардың қызметіне араласып және жергілікті дәрежедегі өзекті мәселелердің шешілуінде рөл ойнау арқылы тәжірибе жинауына мүмкіндік береді. Соның арқасында жастар өз ортасында ойын ашық айтып, пікір алмасуды үйренеді. Жастардың саясатқа белсенді араласуы, олардың мемлекеттік органдарға сенімінің артуына және өзекті мәселелердің алдағы уақытта оң шешілетіндігіне сенімін оятып, болашаққа оптимистік көзқарас қалыптастырады. Оған мысал ретінде жастар саясатын зерттеумен айналысатын Одақтас елдердегі жастардың даму индексі ұйымының «Жастардың даму индексі бойынша жаһан елдерінің рейтингі» баяндамасын келтіруге болады.

Білім, денсаулық сақтау, жұмыспен қамтамасыз етілу, саяси қатысу және әлеуметтік қатысу индикаторлары бойынша әлем елдерінің рейтингінде Ресей Федерациясы 88, ал Қырғызстан 19 орында орналасқан [4]. Егер екі мемлекеттің жастар саясатын іске асыруға бөлінген қаржысын салыстырсақ: Ресей жылына 671,8 млн., Қырғызстан болса 1,1 млн. АҚШ долларын бөледі [5]. Бұған қарамастан Қырғызстанның тізімде жоғары орналасуы парадоксті жағдай болып көрінуі мүмкін. Алайда халықаралық сарапшылар мұны қырғыз жастарының саясат пен әлеуметтік қатысуға мүмкіндігінің кең болуымен байланыстырады.

Аталған тізімдегі 170 елдің ішінде Қазақстан 27 орында орналасқан. Бұл салыстырмалы түрде жақсы көрсеткіш, дегенмен жастардың саясат пен шешім қабылдауға және азаматтық қоғамға араласу көрсеткішін арттыру арқылы бұл позицияны бұдан да жоғарылатуға мүмкіндік бар.

Жастардың жергілікті билікке, оның ішінде ауылды басқару үрдісіне көбірек араласуы тек халықаралық имидж контекстінде ғана маңызды емес, сонымен бірге ауылдық елді мекендерді дамытудағы алатын рөліде үлкен. Жастар қоғамның трансформациялануына жол ашады. Өйткені жаңа технологиялар мен құралдарды тез игеретін әлеуметтік категория ретінде жастар қызмет орнында соңғы жаңалықтарды қолдануға тырысады. Яғни, жастар ауылға технология мен құралдарды әкелуге тырысады. Бұл ауылдың трансформациялануына көмектесетін үлкен фактор. Сондықтан жастар ауылды өзгерту мен көркейтуге сүбелі үлес қоса алады.

Жастардың қоғамдық-саяси және азаматтық қатысуының ұлғаюы адам ресурсын дамыту тұрғысынан да пайдалы. Қазіргі таңда адам ресурсын дамытқан қоғамның алда болатындығы анық. Адам ресурсын дамыту мәселесі Қазақстан үшін де өзекті. Бұл контексте жастарды дамытудың рөлі үлкен. Жастардың ресурсын дамыту мен оларды саяси тәжірибені ауылдан бастап жинауына мүмкіндік беру ұрпақтар сабақтастығын қамтамасыз етіп қана қоймайды, сонымен бірге болашақта мемлекеттік органдарға жергілікті билікте ысылған, халықпен тікелей жұмыс істеу тәжірибесі бар буынның келеуіне септігін тигізеді.

Жастардың ауылдағы саяси үрдістерге белсенді араласуының тағы бір оң қыры жастардың ауылды елді мекендерге тартылуына ықпал ету мүмкіндігі. Білім алған жастардың ауылдық елді мекендерге баруға қиналуының бір себебі карьера мен саяси тәжірибе жинау мүмкіндігінің шектеулілігі. Ауылға бару арқылы саяси өмірге араласудан шет қалуды қаламайтын жастардың бар екенін жоққа шығаруға болмайды. Егер ауылдық елді мекендер жастарға саяси карьерасының алғашқы адымын жасауға мүмкіндік ашса, бұл алаңда тәжірибе беруге ықпал етсе, саяси өмірге араласуға қызығатын жастардың ауылға барудан бас тартпайтынын болжауға болады.

Жастардың шешім қабылдаудан, саяси үрдістерге араласудан тыс қалуының теріс ықпалдары болатыны жоғарыда айтылып өтті. Қоғамдық-саяси үдерістерге өз ықпалын тигізе алатындығынан күдерін үзген жастардың бойында наразылық көңіл-күй артады. Дегенмен «Жастар» ғылыми-зерттеу орталығы жүргізген әлеуметтік сауалнамаға қатысқан ауыл жастарының басым бөлігі өз өңірінде саяси себеппен қандай да бір наразылықтың шығу ықтималдылығына сенбейді.

Респонденттердің «Сіздің ойыңызша, қалаңызда/ауылыңызда жастар арасында кикілжінді ахуал (наразылық) орын алуы мүмкін бе?» сұрағына жауаптарының бөлінуі, %

Елдімекен	Келіспеймін	Келіспейтін шығармын	Келісетін шығармын	Келісемін	Жауап беруге қиналамын
Қала	35,0	25,8	19,6	6,0	13,7
Ауыл	45,8	24,8	13,9	7,4	8,1

Бұл ауыл жастарының мемлекет жүргізген қазіргі саясатқа қанағаттанатының белгісі. Әйтсе де, мемлекет бір орында тұрып қалмай, жастарға бағытталған шараларды кеңейтуді жалғастыруы керек. Өйткені қоғам әрдайым дамып отырады, соған сәйкес жастардың да талап-тілегі өзгереді. Дамыған Еуропаелдерінің жастардың саяси үрдістерге қатысуға мүмкіндігін кеңейтіп жатқандығы жоғарыда келтірілді. Демек, Қазақстан да бұл мәселені көтеруі тиіс. Бұл жергілікті демократияның дамуы мен ауыл жастарының қоғамдық-саяси үрдістерге кеңірек араласуына серпін береді.

1. Боқанова Ж.Қ. және басқалар. «Қазақстан жастары – 2013» Ұлттық баяндамасы.
2. Калетаев Д.А. Ценности молодежи Казахстана как фактор участия в молодежных объединениях. -Казахстан-Спектр. 2003, -№1 (23).-С. 84-89.
3. Voting rights in Europe. FORUM Factsheet. June 2012. [Электронды ресурс]. – оқу режимі: www.forum.nl.
4. Youth Development Index: Results Report. September 2013.[Электронды ресурс]. – оқу режимі: www.youthdevelopmentindex.org
5. [Электронды ресурс]. – оқу режимі: www.youthpolicy.org

УДК 323.1 (574)

ВОПРОСЫ ВОСПИТАНИЯ КУЛЬТУРЫ МЕЖЭТНИЧЕСКОГО ОБЩЕНИЯ: ОБЩЕЕ И ОСОБЕННОЕ

А.Ж.Мукажанова-доктор политических наук, доцент кафедры политологии и СФДКазНПУ им.Абая.

Вданной статье рассматриваются актуальные вопросы воспитания культуры межэтнического общения на современном этапе развития казахстанского общества. Уделено внимание основным целям и задачам воспитания культуры межэтнического общения, подробно изучены факторы влияющие на воспитательную деятельность.

Ключевые слова: воспитание, культура, этнос, нация, межэтническое общение, личность, общество, национальное, общечеловеческое.

Бұл мақалада Қазақстан қоғамының қазіргі кездегі даму кезеңіндегі этникааралық мәдениет тәрбиесінің өзекті мәселелері қарастырылады. Этникааралық мәдениет тәрбиесінің негізгі мақсаттары мен міндеттеріне көңіл бөлінген және тәрбие беру әрекетіне ықпал ететін факторлар зерттелінген.

Тірек сөздер: тәрбие беру, мәдениет, этнос, ұлт, этникааралық қарым-қатынас, тұлға, қоғам, ұлттық, жалпыадамзаттық.

In this article topical issues of education of culture of interethnic communication at the present stage of development of the Kazakhstan society are considered. The attention to main objectives and problems of education of culture of interethnic communication is paid, the factors influencing educational activity are in detail studied.

Keywords: education, culture, ethnos, nation, interethnic communication, personality, society, national, universal.

На современном этапе социально-экономического и культурно-политического развития страны одной из основных задач политической науки является воспитание культуры межэтнического общения у населения Казахстана.

Раскрытие потенциальных возможностей многонационального общества, использование его преимуществ в позитивных, благих целях предусматривается стороны государственных органов, политических партий, общественно-политических движений и объединений уделение особого внимания проблемам межнациональных отношений, требует осуществления целенаправленных работ по созданию экономических, социальных, политических, духовных предпосылок функционирования интернационального, воспитания казахстанцев межнациональному и межконфессиональному согласию.

Современная воспитательная деятельность – не внедрение, не усвоение определенной модели воспитания, а создание педагогических условий для самосовершенствования личности. Основные задачи воспитания – формирования у человека гражданской ответственности и правового, политического сознания, инициативности и деятельных навыков, способностей для успешной политической социализации в обществе.

Анализ современных концепции педагогической деятельности в рамках политологии показывает их глубокую заинтересованность в каждом человеческом индивидуе. Цели воспитания, как обычно, выражены в идеальных целях: всестороннее развитие личности; воспитание человека культуры; способствование наиболее полному совершенствованию человека как личности; формирование гармонично развитой личности, способного и готового для полноценного выполнения социальных ролей. А.П.Бондарь определяет цели воспитания следующим образом: всестороннее развитие всех существенных сил личности, его полноценное физическое, интеллектуальное и духовно-нравственное самоуправление и на этой основе безграничное совершенствование человека и общества... [1]. В результате воспитания осуществляется всестороннее развитие и самосовершенствование человека, формируется его политическая социализация. Расширение поля самосовершенствования выполняет активную роль в процессе изменения человеком самого себя, реализации социально-политических потребностей, раскрытия, обогащения духовного потенциала, естественно-физиологического, телесного, психического, социального развития.

Раскрывая существенную роль воспитания в становлении и развитии личности Б.Н.Алексюк отмечает, что он верит безграничному величию воспитания. Он отмечал, что если человек плохо воспитан, то в этом виноваты воспитатели и окружающая среда, а если человек хороший, то он за это обязан воспитанию, воспитателю и своему детству [2].

Таким образом, процесс воспитания в Казахстане – двухсторонний процесс организации и управления личностью, также предусматривающий собственную активность. В этом процессе ведущая роль принадлежит воспитателю, который разрабатывает воспитательную программу, определяет основные формы и технологии воспитательной деятельности и применяет их на деле.

Цель воспитания индивида как человека культуры – это рассмотрение его в центре культуры, признание его у качестве высокодуховной, социально-политической ценности, подготовке его к жизни в культурном пространстве. При определении целей воспитания также учитываются такие субъективные цели как понимание смысла жизни, формирование культурных, социально-политических потребностей, нравственных идеалов, совершенствование творческих способностей, осознание себя гражданином Казахстана.

В нашем обществе воспитательная деятельность осуществляется по следующим основным направлениям: идейно-политическое, нравственно-гуманистическое, эстетическое, физическое, экологическое, трудовое. Если признать воспитание высоким искусством, то воспитание культуры межэтнического общения – это важный вид такого искусства. Эффективность воспитания культуры межэтнического общения определяется трансформацией принципов и норм общечеловеческих ценностей в необходимый элемент индивидуального сознания и в составную часть жизнедеятельности человека. Воспитание культуры межэтнического общения охватывает общественную, групповую, а также индивидуально-личностную мораль. Культура межэтнического общения и воспитательная деятельность культуры межэтнического общения в Казахстане проявляются в культуре общения личности, в межнациональном диалоге и в целенаправленной идейно-воспитательной работе, которые, в свою очередь, формируются под влиянием господствующих в обществе отношений.

Воспитание культуры межэтнического общения характеризуется как один из важнейших направлений стабилизации межнациональных отношений в обществе. Культура общения народов Казахстана формируется на основе объективных, подлинных взаимоотношений наций и народностей, взаимодействия общечеловеческого и национального в культуре.

В связи с этим, можно сказать, что воспитание культуры межэтнического общения в Казахстане формируется на основе общечеловеческих и национальных факторов общественного развития. В свою

очередь, воспитание культуры межэтнического общения влияет развитию общечеловеческого в национальном. Общность интересов способствует развитию взаимоуважения и взаимного сотрудничества между народами, чувства сопричасности и взаимного доверия, дружественной взаимопомощи.

Культура общения народов и воспитание культуры межэтнического общения способствуют созданию благоприятных условия для обеспечения единства общечеловеческого и национального в развитии нашей страны.

В свою очередь, соответствие общечеловеческих и национальных интересов создает благоприятные условия для развития культуры общения и воспитания культуры межэтнического общения.

Успех и эффективность деятельности по воспитанию культуры межэтнического общения во многом зависят от социально-экономической политики, реализуемой государством на данном этапе развития общества.

Процесс воспитания культуры межэтнического общения у казахстанцев должен проходить методом классификации. В соответствии с этим методом возникает необходимость учета особенностей психологии и жизнедеятельности, быта, характера трудовой деятельности, уровня культуры людей, поскольку каждый человек воспринимает реалии жизни через призму своих интересов, в которых отражены национальное своеобразие, общечеловеческие связи и интересы.

Самой плодотворной, успешной средой для воспитания культуры межэтнического общения являются трудовые и учебные коллективы, особенно коллективы с многонациональным составом. Именно эти коллективы, в первую очередь, способствуют развитию, укреплению культуры межэтнического общения становлению ее характерной чертой жизнедеятельности каждого индивида, вне зависимости от их национальности. Конечно развитие этого процесса идет одновременно с развитием сотрудничества и взаимопомощи внутри коллектива, с ростом чувства коллективизма и интернационализма. В трудовом коллективе, в процессе участия в общем деле, в первую очередь, формируются самые лучшие отношения, которые дают возможность проявлению у представителей различных этносов чувства взаимопонимания и доверия. Многонациональные трудовые коллективы несут в себе огромный социальный, моральный и социально-психологический потенциал, который необходим для формирования общечеловеческих принципов. Для того чтобы этот потенциал проявил себя наиболее полно, необходимо в большом и малом четко придерживаться социальной, политической справедливости, единодушно отрицать, критиковать тех людей, кто считают свою нацию особенным и пренебрежением относятся к языку, культуре других народов. Общественное мнение основанное на общечеловеческих ценностях формирует благоприятные условия для воспитания культуры межэтнических отношений. Обеспечение представительства всех национальностей в управленческом аппарате организаций и общественных объединений самоуправления, принимать во внимание национальные интересы работников также способствует развитию культуры межэтнического общения в Казахстане.

В производственных объединениях и сельском хозяйстве совместный труд представителей различных народов играет важную роль в воспитании культуры межэтнического общения. В трудовом коллективе, в процессе совместного выполнения производственных задач работники-члены трудового коллектива руководствуются коллективными, общественными интересами, таким образом, происходит сочетание производственных интересов общечеловеческими интересами.

Развивающиеся, расширяющиеся в последние время межгосударственные экономические и культурные связи являются важнейшими факторами развития и воспитания культуры межэтнического общения на республиканском, а также коллективном, личностном уровне. Рост материально-технической базы, повышения уровня знаний и общей культуры также является существенным условием развития общей культуры трудового коллектива, в том числе, развития взаимоотношений представителей разных национальностей.

Развитие и укрепление культуры межэтнического общения в ученических, студенческих, молодежных коллективах – сложный, противоречивый процесс, так как в этой среде мнения и оценки пока неоднозначны, практика культуры общения недостаточна, межэтнические отношения неустойчивы. Однако, любой учебный коллектив, даже при самых благоприятных, выгодных условиях, в одночасье не становится интернациональным. Подлинная культура межэтнического общения устанавливается и развивается благодаря постоянной заботы со стороны администрации и общественных организаций. Успешное решение этой актуальной задачи зависит от совместной реализации идейно-воспитательной и организационно-практической работы.

Содержание самой культуры межэтнического общения должно быть направлено на решение конкретных практических задач по совершенствованию межнациональных отношений. Обучение

человека культуры общения, раскрытие его способностей духовного взросления, тем самым духовного совершенствования, в целом, являются важнейшей задачей политико-нравственной культуры, в том числе, воспитания культуры межэтнического общения.

По нашему мнению, в процессе воспитания культуры межэтнического общения у населения существенную роль выполняет национальное воспитание. В научной литературе достаточно изучены проблемы единства общечеловеческого и национального, диалектики соотношения национального и интернационального, а также интернационального воспитания. Однако, проблемы национального, особенно национального воспитания, чаще всего остаются за пределами научных изысканий. Национальное воспитание было, есть и будет пока существуют нации и народности. Оно формируется на основе национального менталитета, языка, бытия, культуры, традиций и обычаев в каждой семье [3].

Национальное воспитание, формируемое на принципах и идеях гуманизма, интернационализма и патриотизма безусловно оздоравливает межнациональные отношения. В связи с этим, можно отметить, что формы и содержание национального воспитания очень разнообразны. Обращение к национальным корням и дальнейшее их обогащение являются важным условием национального и социального прогресса. Нельзя недооценивать их значение.

В национальном воспитании существенную роль выполняют прогрессивные национальные традиции, обычаи. Они по своей природе носят народный, гуманистический, значимый и общечеловеческий характер. Древние народные обычаи как взаимопомощь, гостеприимство, уважение старших и т.д. являются важными признаками жизнедеятельности людей разных национальностей.

На сегодняшний день многие традиционные формы обычаев прошлого приобрели новое содержание и гармонично соответствуют современности. Например: праздник «Масленицы» в России, «Проводы зимы» в Белоруссии, «Праздник весны» на Украине, «Наурыз» в Казахстане и т.д.

Национальные традиции празднования «Наурыза», «Курбан айта», «Рождества» и т.д. способствуют укреплению взаимопонимания между народами Казахстана и развитию общенационального воспитания. Национальные традиции – особый фактор, незаметно влияющий на эмоции, чувства, мысли и сознание. Обучение и воспитание молодежи должно исходить из того материала, что унаследовано нами из прошлого. Необходимо обратить внимание на исторические корни развития народных традиций и обычаев, обрядов [4]. Пренебрежительное отношение к традициям, обычаям, обрядам других народов чаще всего происходит от незнания их нравственных, общечеловеческих ценностей. В таких случаях человек лишается возможности участвовать в разговоре, делиться чувством радости от общения, способности подлинно сопереживать во время проведения обычаев, обрядов. Нужно обратить внимание на то, что людям участвующим в межэтническом общении характерны различная степень национальной чувствительности. Это надо учитывать и в процессе воспитания культуры межэтнического общения у казахстанцев. В отдельных случаях роль прогрессивных национальных традиций и ценностей не оценивается на должном уровне, что может привести к снижению эффективности общенационального воспитания, к ее отделению от реальных социальных условий общественной жизни. В то же время не редки случаи усиленного обращения к национальному, когда национальные особенности приукрашиваются, утрируются, что, в свою очередь, приводят к перегибам. Такое размежевание национального и общенационального, противопоставление друг другу могут оживить, дать толчок пережиткам национализма.

Образовательная деятельность как теоретическая система – неотъемлемая часть воспитания культуры межнационального общения. Именно благодаря образовательной системе обогащается духовный мир и культура межэтнического общения людей, расширяется их кругозор, усваиваются навыки деятельности, творчества в сфере межнационального общения. На самом деле безобширного, общего для всех знаний процесс нравственного, социально-политического осмысления ежедневных экономических, правовых, психологических, межличностных и межэтнических отношений не может быть полноценным. Один из самых основных, существенных признаков воспитания всесторонне и гармонично развитой личности – это усиление интеллектуального начала в человеке. Вся система образования и воспитания в Казахстане служит одним из средств интеллектуализации членов общества.

Для студенческой молодежи учебный (производственный) коллектив в значительной степени является основной средой, где происходит всестороннее межличностное, в том числе, межэтническое общение [5]. Это объясняется тем, что интеллектуальный, духовный потенциал в соответствии с задачами обучения, чаще всего, формируется в условиях студенческого коллектива.

С другой стороны, может ли каждый студенческий коллектив, имеющий собственные возможности и

потенциал стать основной средой формирования у личности студента общечеловеческих ценностей, в том числе, культуры межэтнического общения?

Возникновение вопроса о непосредственном влиянии коллектива на отдельную личность закономерно, так как сам коллектив состоит из отдельных личностей, по разному воспринимающие внешний мир и окружающую среду.

Получение любого нового знания личностью сложный, противоречивый процесс, в рамках которого происходит отрицание старого в сознании личности.

Взаимосвязь и взаимодействие личности и коллектива- это проявление взаимоотношений личности и общества.

Не только усвоением теоретических положений по проблемам национальных отношений во время лекции и семинаров воспитывается, развивается уважительное отношение к представителям других нации. У студентов такое отношение формируется под влиянием жизненных ситуаций, средств массовой коммуникации, студенческих газет, где материалы по данной проблеме появляются редко, общественных организаций, а также деканата, который проявляет интерес к условиям адаптации студентов в общежитиях. Может и нет необходимости в осознанном выделении этой работы в отдельную главу, но в больших (в рамках факультета) и малых (в отдельных группах) студенческих коллективах нужно планомерно, целенаправленно осуществлять воспитание культуры межэтнического общения.

Средства массовой коммуникации – периодическая печать, радио и телевидение, в также электронные ресурсы выполняют важную роль в воспитании культуры межэтнического общения у казахстанцев. Массовая коммуникация является мощнейшим фактором влияющий на все сферы общества. На сегодняшний день резко растет, с одной стороны, значение уровня организации работы печати, телевидения и радио, с другой стороны, качественных характеристик содержания и текстовых свойств публикаций и объявлений. Основная функция средств массовой коммуникации в сфере межнациональных отношений – это формирование общественного мнения по той или иной проблеме. Массовая коммуникация – главное направление в воспитании культуры межэтнического общения, которое дает информацию читателям, зрителям и слушателям, касающиеся жизни других народов и независимых государств, об их экономике и культуре, о науке и искусстве, о выдающихся представителях других наций и народностей для расширения кругозора, формирования собственного мнения.

Широкое освещение и своевременное информирование населения о всех действиях и решениях на пути демократизации нашего общества имеет огромное значение. Полная, своевременная и открытая информация укрепляет веру людей, народов, способствует уважению их мыслей и чувств [6]. На страницах периодической печати регулярно публикуются специальные теоретические статьи о межнациональном согласии, о развитии наций, о решении национальных проблем, а также статьи о реальных, жизненных проблемах этносов, об отношении к народным традициям, о развитии национальных языков и двуязычия, о важности развития полиязычия и т.д. По сравнению с прежними временами республиканские газеты и журналы, радио и телевидение более открыто, смелее, объективно освещают сложные проблемы национальных и межнациональных отношений. Однако, большинство материалов носят информационный характер, более проблемные, конфликтные аспекты национальных отношений недостаточно глубоко рассматриваются.

В информационной системе большое место занимает работа списками, обращениями граждан к вышестоящим органам, редакциям газет, радио и телевидения. Очень важны затронутые в них личные и общественные проблемы. Из этих писем видно возможности и желание, стремление граждан решать социально-экономические, национальные проблемы. В связи с этим, можно отметить, что естественной и постоянной основой гармонизации национального взаимодействия является демократия нового уровня. Как показывает практика, в том числе практика в конституционной сфере, касающиеся жизненных интересов той или иной группы населения СНГ, все что относится к национальной политике и национальному вопросу не определяются демократией большинства, не демократией меньшинства. В новых условиях межэтнического общения задача демократии заключается в реализации консенсуса – всеобщих принципов согласия. Какими бы не были возникающие проблемы, только плодотворный и всесторонний поиск решения дает необходимый политический результат.

Согласие – это психологическая предпосылка единства действия, исходящая из реального или воображаемого соответствия интересов. Согласие целенаправленно формируется со стороны субъектов управления и проявляется как ответ объекта управления указаним субъекта. На основе согласия создаются условия для выполнения воли субъекта объектом управления, а также

обеспечивается координированное действие отдельных личностей как результат управленческой деятельности.

По мнению специалистов, в настоящее время, наличие результатов координирования актуальных интересов в демократическом, правовом, цивилизованном контексте, может изменить или видоизменить этнический консенсус общества.

А строгое соблюдение прежнего консенсуса в интенсивно изменяющихся условиях общественно-политической жизни приводит к обострению противоречий. Поэтому, в первую очередь, необходимо, чтобы властные структуры имели постоянно действующий механизм для учета новых обстоятельств, новых требований в национальных отношениях, позволяющий своевременно увидеть и устранить различные инциденты в сфере межэтнического общения. Такую роль могут выполнять депутатские комиссии всех уровней, Ассамблея народа Казахстана, авторитетные информационные средства, деятели науки и культуры.

Важнейшим условием совершенствования воспитания культуры межэтнического общения является повышение общего уровня политической и нравственной культуры казахстанцев. Система политического и экономического образования направлена на решения этой задачи. Необходимо изучение социально-политической литературы, усвоение навыков поиска ответов в них на актуальные вопросы. Потребность изучения социально-политической литературы нужно воспитать с большим терпением.

Подводя итоги, можно выделить следующие задачи воспитания культуры межэтнического общения: для успешного решения задач по формированию и развитию культуры межэтнического общения необходимо направить все усилия на учет национальных и региональных особенностей всех наций и народностей, национальных и этнических групп, проживающих в разных регионах страны; на изучение реальных экономических, духовных потребностей и интересов каждого народа и его отдельных групп; на целенаправленную пропаганду практики поиска альтернативных способов и путей воспитательной работы, основанные на активном использовании прогрессивных, исторических традиции различных этносов. В этом проявляется созвучие национального и общечеловеческого в воспитании культуры межэтнического общения в Казахстане.

1 Бондарь А.П. Педагогика и ее проблемы. – Киев, 1991. – С.173.

2 Алексюк Б.Н. Познание и воспитание. – Киев, 1988. – С.36.

3 Смолян А.Г. Общественно-политическая жизнь общества. – Красноярск, 2007. – С.87.

4 См.: Шаймуратов С.П. Обычаи и традиций в Центральной Азии. – Ташкент, 2005. – 127 с.

5 См.: Абсаттаров Р.Б., Садыков Т.С. Воспитание культуры межнационального общения: теория и практика. – Алматы, 1999.

6 Бекмурзаев М.А. Информационная политика в Киргизии и Казахстане: сравнительный анализ. – Бишкек, 2008. – С.23.

ӘОЖ 32.019.5

КЕҢЕС БЕРУ ШЕҢБЕРІНДЕГІ ТӘРБИЕ БЕРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

М.Ө. Насимов - саяси ғылымдарының кандидаты, «Болашақ» университетінің тәрбие жұмысы және халықаралық байланыстар жөніндегі проректоры;

Б.Ж. Паридинова - философия магистрі, «Болашақ» университетінің аға оқытушысы

Кеңес беру немесе қазіргі заманда консалтинг деп аталып жүрген түсінік әлеуметтік, саяси, мәдени өмір мен қоғам құрылымында ерекше орынға ие. Адамның әрбір күні түрлі ұйымдастырушылық, психологиялық, моральдық және өзге де қиыншылықтардан тұрады. Сондықтан заманауи адамзат өмірі өте күрделі және көптеген факторлармен тығыз байланысты. Берілген зерттеу жұмысында тәрбие беру процесіндегі кеңес берудің рөлі мен мағынасы ашылады.

Кілт сөздер: гуманизм, құндылықтар, педагогика, пампедия, тәрбие парадигмалары.

Консультирование, или, как его называют в современном мире, консалтинг, занимает особое положение в социальной, политической, культурной жизни структуре общества. Каждый день человека сопряжен с преодолением различных организационных, психологических, моральных и других трудностей. Поэтому

жизнь современного человечества зависит от множества факторов и является совсем не простой. В данной статье раскрываются роль и значение консультирования в процессе воспитания.

Ключевые слова: гуманизм, ценности, педагогика, пампедия, паридигмы воспитания

Counseling, or as we like to call it in today's society Consulting occupies a special position in the social, political, and cultural and social structure. Every day a person is associated with overcoming a variety of organizational, psychological, moral, and other diffi culties. Therefore, the life of modern humanity depends on many factors and is not at all simple. In the article it is revealed the role and importance of the consultation in the course of education.

Keywords: humanism, values, pedagogics, pampedia, paradigm of educations

Кеңес беру орын алған мәселелер міндеттерін шешуге бағытталған, ақыл беру арқылы жәрдемдесудің бір түрі. Ақылы түрде жүргізілетін кеңес беру экономикалық жағынан мол қаржыны қажет ететін, қарқындылығы және мерзімі жөнінен уақытшалығымен ерекшеленеді. Ақысызкеңес беру жолдары күнделікті тұрмыстық өмір-салтында ауызекі түрде жүргізіледі.

Консалтинг (ағыл. consulting) ұғымының аудармасы кеңес беру, ақылы кеңес беру дегенді білдіреді. Жалпы бұл кез келген құбылыстың ұйымдастырушылық дамуы мен басқару салаларының күрделі мәселелерін шешуге бағытталған интеллектуалды шара. Сонымен қатар, кеңес берушілік және тәжірибелік қызметтердің кең дәрежелікешені, сараптамалық, техникалық және экономикалық мәселелер бойынша арнайы кеңес беру қызметі. Көптеген жағдайда кеңес беру мекемелері нарықты зерттеу мен болжау қызметімен (тауарлар, қимылдар, лицензиялар, ноу-хау); кез келген операцияларды қамтамасыз етуге тауарлық-саяси шарттарды бағалаумен; түрлі маркетингтік бағдарламаларды дайындау және өткізумен айналысады.

Кеңес беру келесі бағыттар бойынша жүргізіледі: сараптамалық қызмет; болжам; клиент қызметін тексеру; клиент қызметінің жұмыстарына қатысу (стратегиялық жоспарлар, мәселелер жиынтығын шешу, ақпараттық жүйелерді дайындау және енгізу т.б.)

Сондықтан кеңес беру қызметінің мынадай кең тараған түрлері бар:

- салық салу мен заң қызметі салалары бойынша кеңес беру;
- аудит, бухгалтерлік есеп, тексеру қызметі;
- басқару саласындағы кеңес беру;
- IT – консалтинг;
- саяси консалтинг.

Қазақстан Республикасындағы консалтинг нарығының негізгі басымдығы ретінде қоғамдық процестер мазмұнын терең талдау, азаматтар мінез-құлқы мен қимылдарын модельдеу мүмкіндігі, оқиғаның дамуын болжау болып табылады. Мақала авторлары осы уақытқа дейін консалтинг мәселесі мен Қазақстанда даму ерекшеліктерін тереңірек зерттеді. Зерттеу жұмыстары «Life Science Journal», «Молодой ученый», «Социосфера» журналдарында және бірнеше халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияларда жарық көрді.

Саяси кеңес берудің негізгі қырлары саяси жарнаманың рөлі мен мемлекет пен қала имиджін қалыптастыру арқылы анықталатындығын айқындаумен бірге, пайда болуының тарихи тамырларын анықтаған зерттеулер де жүргізілді. Сонымен қатар, кеңес берудегі кинематография мен театрдың, музыканың басымдықтары анықталған ғылыми мақалалар жарық көрді. Қоғамдық өмірде саяси жағдайды зерттеудің орны ерекше екендігіне байланысты, берілген жұмыстар құнды деп есептейміз [1, 47 б.].

Жалпы кеңес берудің барлық түрлері әлеуметтік-саяси, рухани-мәдени, қоғамдық құндылықтарды бағалауға тәрбиелейді. Әумесерлік мінез-құлық пен жаман қылықтарға үйір болмай, әдептілік жолымен жүруді үндейді.

Жалпы тәрбие көмегі арқылы қоғамға қажетті адами құндылықтар қалыптасады. *Біріншіден*, адамның сөйлеу мүмкіндігі; *екіншіден*, қоршаған ортаның өзгерісіне бағытталған мінез-құлық белсенділігі; *үшіншіден*, өндіріс құралдары арқылы қоршаған орта элементтері өзгерістерінің байланыс қызметі.

Грек философы Аристотель (Aristotle, б.з.д. 384 — б.з.д. 322 жж.) тәрбиенің 3 түрін бөліп көрсеткен: *дене, адамгершілік және ақыл* тәрбиесі. Өзінің «Саясат» (Politica) атты еңбегінде басшы жастарды тәрбиелеуге баса назар аударғанын айта келе, саясаткерлер адамгершілігі мол тұрғындарға қарағанда, азаматтарды қайырымдылыққа тәрбиелеу керектігін айтады [2, 376-644 бб.].

Тәрбие мәселесін зерттеушілер арасынан әлемге әйгілі ойшыл, философ, әлеуметтанушы, математик,

Сонымен қатар Конвенция мен Комитет бірнеше қыр көрсетулерге тап болды. Біріншіден, конвенция жақтаушылары 165 мемлекеттен тұрған, адам құқықтары жөніндегі қатысу ауқымы бойынша екінші келісім, алайда мұнымен қатар, қатысушы-мемлекеттер тарапынан ең көп елеулі ескертпелер жасалған келісім болып табылады. Осы бірнеше ескертпелер әйелдерді Конвенцияның кепілінен ғана емес, басқа халықаралық инструменттер бойынша кемсітпеушілік пен теңдік кепілінен айырады. Келісім бойынша міндеттемелердің жалпы бағыттылығын сақтаса да басқа ескертпелер мемлекеттерге кемсітушілік тәжірибені және белгілі бір салалардағы заңнаманы сақтап қалуға мүмкіндік беру мақсатына ие болған. Бірнеше мемлекеттер олардың ұлттық заңдары, дәстүрлері, діні мен мәдениеті Конвенция ұстанымдарымен сәйкес келмейтіндігінің негізіндегі жеке баптар бойынша өз ескертпелерін білдірді, және осы негізде ескертулерін ақтап алуға тырысты.

Конвенцияның кейбір қатысушы-мемлекеттері бекітуді немесе Конвенцияға, оның мазмұнын түсіндіруге тырысатын декларациялармен қосылуды шығарып салды. Алайда декларация мен ескертпе арасындағы айырмашылықты белгілеу әрдайым оңай емес, атауы мен дәрежесіне қарамастан Конвенцияның қандайда бір жақтаушы-мемлекеттеріне қатысты, Конвенцияның құқықтық тиімділігін түрлендіруге тырысатын кез келген өтініш комитетпен ескертпе ретінде қарастырылады.

Екіншіден, адам құқығы жөніндегі басқа негізгі келісімдермен салыстырғанда Конвенцияның кемшілігі оның аясындағы мысалы, бірінші сайлау азаматтық және саяси құқықтардың Халықаралық пактісі Хаттамасымен немесе нәсілдік кемсудің барлық формаларын жою туралы Халықаралық конвенциямен және азаптауға қарсы Конвенциямен қарастырылған ұсыныс процедурасының болмауы. Конвенцияның, оның ережелерін бұзатын мемлекеттерге шара қолдану мандаты болған жоқ, және де мемлекетаралық арыздарды шешуге арналған процедуралар қарастырмаған.

Алайда 1999 жылы 10 желтоқсан айында, адам құқығы Күні, қол қою үшін, жыныстық кемсідуден азап шегіп жүрген әйелдерге халықаралық келісімді органдарға арыз беру мүмкіндігін беретін Конвенцияға Қосымша хаттама ашылды. Күшіне енгеннен кейін ол Конвенцияға жеке арыздарды қарастыру процедураларына ие, адам құқықтарын қорғау бойынша басқа халықаралық инструменттердің дәрежелеріне тең дәреже береді.

1980 жылы Копенгаген қаласына шақырылған, әйелдер жағдайы жөніндегі екінші дүниежүзілік конференцияда 1975 жылғы Әлемдік іс-қимыл жоспарын бағалау мен талдау үшін, БҰҰ 145 мүше-мемлекеттердің өкілдері осы аядағы елеулі прогреске жету туралы бірауыздан мәмлеге келді. Үкімет пен әлемдік қауымдастықтар бес жыл бұрын Мехико қаласында қойылған мақсаттарға жету жолында үлкен

жетістіктерге ие болды. Бірақ, бұған қарамастан, конференция барысында кепілді құқықтар мен әйелдердің осы құқықтарды пайдалана алу арасындағы сәйкессіздік фактісі танылды. Мұндай сәйкессіздіктердің пайда болуына ықпал ететін бірнеше факторлар бөлініп қарастырылды: қоғамдағы әйелдердің рөлін арттырудағы ерлердің жеткіліксіз қатысуы; саяси ерік-жігердің жетіспеушілігі; қоғамды дамытудағы әйелдер үлесінің құндылығын жеткіліксіз түрде бағалау; басқарушы қосындағы әйел санының жеткіліксіз болуы; жалпыға бірдей қаржы ресурстарының жеткіліксіздігі; әйелдермен оларға қол жетімді мүмкіндіктерінің жеткіліксіз ұғынуы [4].

Бұл мәселелерді шешу үшін іс-қимылдың Копенгагендік Бағдарламасында әйелдерді құқықтармен қамтамасыз ету бойынша неғұрлым елеулі шаралар қабылдауға шақырылады.

Гендерлік теңдік үшін қозғалыс 1985 жылы Найроби қаласында өткен «БҰҰ әйел Онжылдығы жетістіктеріне шолу жасау мен бағалауға арналған Әлемдік конференция: теңдік, даму және бейбітшілік» атты әйелдер жағдайы жөніндегі Үшінші дүниежүзілік конференцияда нағыз әлемдік қадірлеушілікке ие болды. Көптеген қатысушылар конференцияға «әлемдік феминизмнің дүниеге келу» актісі ретінде қарады. Мехико қаласындағы конференцияда саяси және экономикалық болмыстарға бөлінген әйелдер қозғалысы ендігіде теңдік, даму және бейбітшілік жалауы астында біріккен, халықаралық күшке айналды. Дәл сол уақытта делегаттар ұсынылған есептердің мәліметтеріне таң қалды. БҰҰ жиналған ақпараттары кемсітуді азайту бойынша күштер мен дәрежені жақсарту әйелдердің аз ғана бөлігіне тигендігін көрсетті, яғни БҰҰ қамқорлығындағы әйелдер Онжылдығының екінші жартысының мақсаттарына қол жеткізілген жоқ. Бұл фактіні ұғыну жаңа тұрғы жасауды талап етті. Бұл конференцияда БҰҰ «2000 жылға дейін әйелдердің мүдделері мен құқықтарын қорғау мен қамтамасыз ету стратегиясы» маңызды құжаты қабылданды. Әйелдердің шешім қабылдауға қатысу және адамзаттың іс-қайраткерліктерінің барлық салаларын басқаруға мүмкіндіктері олардың заңды құқығы ғана емес, сонымен қатар қоғамдық-саяси қажетті факторлар ретінде мойындалды, оларды қоғамның барлық институттарына енгізуді жүзеге асыру әлі де алда тұрған міндет еді.

Конференцияның негізгі мақсаты келесі он бес жылға стратегия құру болып табылды, оның орындалуы әйелдерге қатысты кемсітудің барлық формаларын жою жөніндегі Конвенцияда қалыптасқан түріндегі өткен онжылдық бойы іске аспай қалған міндеттерді жүзеге асыруға әкелуші еді. Әйелдер жағдайларын жақсарту аясындағы перспективті стратегияларға қатысты құжат, халықаралық оқиғаларға деген әйелдердің көзқарасын негіздеуге талпынды.

Осы конференциядан кейін кешенді тұрғының жаңа тұжырымдамасы әр түрлі халықаралық құжаттарда пайда болды. Ол әйелдер өмірінің жағдайы жөніндегі БҰҰ Комиссияларындағы пікір-таластардың жемісі болып табылады. Мұнда сөз даму бойынша жұмыста әйелдерге қатысты құндылықтардың есептелуі қажеттігі туралы болды. Бұл ереже: үкіметтердің әйелдер рөлін арттыру бойынша іс-қимылдың Перспективті стратегияларының идеяларын жүзеге асыру міндеттерін, БҰҰ жүйесіндегі ұйымдар бұл стратегияларды өз қызметтеріне қатысты қарастыру үшін, алдын ала қойылатын шарт ретінде талап ету қажеттілігінің нәтижесі болып табылады.

Жоғарыда айтылғандарға сәйкес, Найробилік конференция шешімімен барлық елдердің үкіметтеріне әйелдер мәселелерін шешу бойынша өкілеттіктерін барлық мемлекеттік мекемелер мен бағдарламаларға табыстауға ұсыныс жасалды. Найроби қаласындағы конференция барысында әйелдер жағдайын жақсарту мәселесіне неғұрлым кеңірек тұрғы жетілдірілді. Ақырында әйелдер теңдігі оқшауланған мәселе емес, адамзат іс-қайраткерліктерінің барлық салаларына тікелей қатысты екендігі мойындалды. Сондықтан да Онжылдықтың міндеттерін орындау мен мақсаттарына жету үшін әйелдерді тек қана олардың өздеріне қатысты мәселелерге емес, сонымен қатар барлық мәселелерді шешуге белсенді қатыстыру қажет.

1975 жылғы Мехико қаласында өткен конференциядан бастап, екі онжылдық ішінде жасалған шаралар, әйелдер жағдайларын жақсартып, ресурстарға мүмкіндіктерін кеңейткеніне қарамастан, олар ерлер мен әйелдер арасындағы қарым-қатынасындағы теңсіздіктің құрылымдық негізін қамтыған жоқ. Әйелдердің барлық деңгейдегі шешім қабылдау процесінде ерлермен тең құқықты серіктес ретінде өз жеке басымдылықтары мен құндылықтарын ұсынуға мүмкіндіктері мен құқықтарының кеңейту жолын қарастыру уақыты келді.

Шешім қабылдау процесіне әйелдерді тарту қажеттілігін мойындау 90-шы жылдары БҰҰ дамудың қоршаған орта, адам құқығы, халық саны мен әлеуметтік даму сияқты әр түрлі аспектілері бойынша өткізілген бірнеше дүниежүзілік конференцияларда көрініс тапты. Барлық конференцияларда шешім қабылдаудағы әйелдердің толыққанды қатысуларының маңыздылығы атап көрсетілді, және де әйелдер мәселелері қабылданған құжаттар мен пікірталас жоспарына енгізілді. Осылайша, 1993 жылы Вена қаласында іс-қимыл Тұғырнаамы және Веналық Декларация қабылданды. Декларацияның 18 бабында

былай жазылған: «Ұлттық, аймақтық және халықаралық деңгейдегі саяси, азаматтық, экономикалық өмірге әйелдердің толыққанды әрі тең құқықты қатысуы, сонымен қатар кемсітудің кез келген формаларын жою халықаралық қауымдастықтың бірінші кезектегі мақсаттары болып табылады» [5].

Әйтседе, гендерлік теңдікке күресудегі жаңа тарау тек 1995 жылы Пекинде «Теңдік. Бейбітшілік. Даму» ұранымен өткен әйелдер мәселелері жөніндегі Төртінші дүниежүзілік конференцияда ғана ашылғандығын сенімділікпен айтуға болады. Пекинде орын алған ең басты өзгеріс, қоғамның барлық құрылымы мен оның ішіндегі әйелдер мен ерлер арасындағы барлық қарым-қатынастарды қайта бағалау қажеттілігін мойындап, бас назарды әйелдердің өзінен жыныс тұжырымдамасына ауыстыру болып табылады. Тек осындай қоғамды және оның институттарын қайта құру арқылы ғана әйелдер өмірдің барлық салаларындағы ерлермен тең серіктестер ретінде оларға құқықтары бойынша тиесілі орындарын басуға толық мүмкіндік ала алады. Бұл өзгерістер, әйелдер құқығы – адам құқығы және де гендерлік теңдік – бұл оның шешімінен барлықтары ұтатын жалпыға бірдей мәселе деген фактіні еркешелеп көрсетті.

Пекиндік конференцияның сабақтастығы, оның халықаралық қауымдастықты әйелдер мүмкіндіктері мен құқықтарын жаппай кеңейту бойынша жаңартылған ғаламдық міндеттерді қабылдауға шабыттандыруында болды. Конференцияның мақсаты соңғы 10 жыл ішінде дүниежүзіндегі әйелдердің жағдайында қандай өзгерістер болғанын талқылау, көрсеткіштер мен жетістіктерді анықтау, сонымен қатар БҰҰ және үкіметтер үшін олардың елдерінің әйелдеріне қатысты саясат құру кезінде үлгі-нұсқа болуға тиісті, іс-қимыл Тұғырнамасы мен Пекиндік Декларация қабылдануы болды. Декларацияда, «соңғы он жыл ішінде әйелдер жағдайы көп жағынан жақсарды, бірақ бұл даму біркелкі болған жоқ, және әйелдер мен ерлер арасындағы теңсіздік әлі де орын алуда, негізгі кедергілер сақталуда, бұл барлық адамдардың әл-ауқатына елеулі әсер ететіндігі» мойындалады [6].

Пекиндік декларацияда әйелдер басқаруға қатысуға ерлермен тең құқылы деп айтылған, және осы қатысу арқылы саяси басымдылықты қайта бағдарлауға, күн тәртібіне жаңа мәселе қоюға, және негізгі саяси мәселелер бойынша жаңа перспективалармен қамтамасыз етуге өз үлестерін қоса алады. Іс-қимыл Тұғырнамасы осы маңызды саладағы екі стратегиялық мақсатты анықтады: әйелдерге шешім қабылдау мен билік құрылымдарының қызметіне белсенді қатысу мен оған тең деңгейдегі жол ашуды қамтамасыз ету, сонымен қатар әйелдердің шешім қабылдауға және басшылық етуге қатысуға мүмкіндіктерін арттыру.

Пекиндік іс-қимыл тұғырнамасы үкіметті сондай-ақ «сайлау органдарындағы әйелдердің саяси өкілдігіне сайлау жүйелерінің тигізетін әр түрлі ықпалын талдап, бұл жүйелерге өзгерістер енгізу немесе олардың реформасын жүргізу мүмкіндігін қарастыруға», саяси партияларға әсіресе, «әйелдердің ерлермен тең негізде саяси партиялардың басшылығына қатысу мүмкіндіктерімен қамтамасыз етілуі бойынша шаралар қолдана отырып, гендерлік мәселелерді өз саяси бағдарламаларына қосу мәселесін қарастыруға» [7] ұсыныс жасалынды.

Әйелдердің саяси партияларға қатысулары өте маңызды, себебі ол саяси шешімдер қабылдау мен билікке жол ашады. Бұл парламент пен басқа сайлау органдарының жұмыстарына қатысуға, министрлер кабинетіндегі және басқа саяси құрылымдардағы қосынға ұсынуға мүмкіндік береді.

БҰҰ басқалардың арасынан, «әйелдер мен ерлердің шешім қабылдаудағы қатысулары жайлы санды әрі сапалы мәліметтерді әрі қарай жинау мен таратуды, сонымен қатар осы процеске деген олардың дифференциалды әрекет етуіне талдау жасау және 2000 жылға әйелдердің басқару қызметтерінің 50 пайызын иеленуін қарастыратын, Бас хатшымен қойылған мақсатқа қол жеткізу барысына бақылау жүргізуді» [8] орындау ұсынылды.

Пекиндік конференцияда шешім қабылдау процесіне әйелдердің қатысуы қарапайым әділеттілік пен демократияның талаптары ғана болып табылмайды, сонымен қатар әйелдер мүдделерін есепке алу үшін қажетті шарттар ретінде де қарастырылады. Әйелдердің белсенді қатысуынсыз және олардың барлық деңгейдегі шешім қабылдауға деген перспективаларын есепке алмай, теңдікке, дамуға және бейбітшілікке қол жеткізілуі мүмкін еместігі де тыс қалмаған. Әйелдердің саяси құқықтарын дамытудың ең басты мақсаты, қоғамның барлық құрылымы мен оның ішіндегі әйелдер мен ерлер арасындағы барлық қарым-қатынастарды қайта бағалау қажеттілігін мойындап, бас назарды әйелдердің өзінен жыныс тұжырымдамасына ауыстыру болып табылады. Бұл бірнеше сәйкес халықаралық құжаттарда тіркелген, атап айтқанда қарастырылған Пекиндік іс-қимыл Тұғырнамасында және 2000 жылы Нью-Йорк қаласында өткен Саммитте қабылданған онжылдық Декларацияда. Мемлекеттік басқармалардағы теңдік саяси қатысу саяси басымдылықты қайта бағдарлауға септігін тигізеді, жаңа мәселелер қойып, қазіргі саяси процестердің болашақтарын қамтамасыз етеді. Саяси-құқықтық құжаттарда әйелдерге саяси шешімдер

кабылдау мен билік құрылымдарының қызметіне белсенді қатысу мен тең мүмкіндігімен қамтамасыз етудің негізгі мақсаты қалыптастырылған.

Осылайша, Батыстың дамыған елдеріндегі әйелдердің саяси құқықтарын заңнама түрінде дамыту бұл елдердің квота жүйесінен, көшбасшы әйелдер дайындау бағдарламалары және т.б. тұратын, жағымды іс-қимыл саясатына өтуіне септігін тигізгендігі туралы дәлелдемемен айтуға болады. Мұндай қадамдар қабылданған өзгерістердің жағымдылығын дәлелдей отырып, саяси-әлеуметтік салада және отбасындағы ерлер мен әйелдердің міндеттері арасындағы қарама-қайшылықтарды жұмсартуға әкелді.

1. Человеческие права женщин – международно-правовая структура. Информационный документ Департамента ООН по улучшению положения женщин //Права женщин в России: законодательство и практика. – 1999.- №4-5. – С.9.

2. Устав ООН, 1945 год//Вестник Женского информационно-образовательного проекта. – 1996. – №5. – С.34.

3. Всеобщая декларация прав человека, ГА ООН 10 декабря 1948 //Вестник женского информ.-образов. проекта. – 1996. – №5. – С.32.

4. Всеобщая декларация прав человека, ГА ООН 10 декабря 1948 //Вестник женского информ.-образов. проекта. – 1996. – №5. – С.32.

5. Международный пакт о гражданских и политических правах. Извлечения //См. там же. – С. 33.

6. Международный пакт о гражданских и политических правах. Извлечения //См. там же. – С. 33.

7. Конвенция о ликвидации всех форм дискриминации в отношении женщин //Вестник информационного центра независимого женского форума. – 1996. – №5. – С.34.

8. Конвенция о ликвидации всех форм дискриминации в отношении женщин //Вестник информационного центра независимого женского форума. – 1996. – №5. – С.34.

ӘОЖ:316:373 (574)

ОҚУШЫ ЖАСТАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК БЕЛСЕНДІЛІГІ АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМНЫҢ АЛҒЫШАРТЫ

Несипкалиев Д.Е. -Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Саясаттану және әлеуметтік - философиялық пәндер кафедрасы

2 курс магистранты

Бұл мақала оқушы жастардың әлеуметтік белсенділігі азаматтық қоғамның алғышарты ретінде қарастырылады. Автордың міндеті — жалпы білім беретін мектептердегі оқушыларға азаматтық қоғамдағы әлеуметтік белсенділіктің қажеттілігін негіздеу.

Тірек сөздер: азамат, азаматтық қоғам, белсенділік, әлеуметтік белсенділік, ізденімпаздық белсенділік.

В данной статье рассматривается социальная активность ученической молодежи как предпосылка гражданского общества. Задача автора – обосновать необходимость социальной активности в гражданском обществе для учащихся в общеобразовательных школах.

Ключевые слова: гражданин, гражданское общество, активность, социальная активность, поисковая активность.

In this article social activity of student's youth as the prerequisite of civil society is considered. Task of the author – to prove need of social activity for civil society for pupils in educational schools.

Key words: citizen, civil society, activity, social activity, search activity

Біздің болашақ бабар жолымыз қазақстандықтардың әлеуеті нашатын жаңа мүмкіндіктер жасауға байланысты. ХХІ ғасырдағы дамыған елдегіміз – белсенді, білімді және денсаулығы мықты азаматтар. Жастар – қашанда кез-келген қоғамның бүгінгі мен болашағын анықтайтын басты фактор. Ол – қоғамды ілгері дамытушы локомотив, үздіксіз жаңартушы инновациялық әлеует. Елдің тәуелсіздігін тұғырландырып, ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ететін алғышарт. Қазіргі кезеңдегі ел дамуындағы не өзекті мәселе - мемлекеттің жастарға деген жаңа шақарым-қатынасын қалыптастыру болып табылады. Бұл жөнінде ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаев былай деген болатын: «Біз бұл ретте жаңа құндылықтар жүйесін етесірек бейімделіп кеткен, болашаққа жаңа шақарасын бар жас ұрпаққа сүйене отырып, бұқаралық сананы тәрбиелеу мен жаңғыртуға тиіспіз» [1].

Жастар - мемлекеттің не басты стратегиялық, әлеуметтік, электоральды ресурстарының бірі. Кез келген қоғамның жаңаруы мен дамуы болашағы жастарға байланысты.

Жастар жаңа ойлардың желісін жақсартуға бағытталу мен үйлесетін болса айрықша әлеуметтік топ ретінде жігерлілік, белсенділікті танытады. Демократиялық сәйкестігін дамыту, сонымен қатар мемлекетті басқаруда жастардың белсенді қатысуы және барлық қоғам үшін маңызды шешімдер қабылдауды ұйғаруы керек.

Тәуелсіз елде саяси мәдениет жаңа әлеуметтік демократиялық идеологиялық ахуалда қызмет етуде.

Азаматтық қоғам қызметіне заман, уақыт, қоғамдық қатынастар өзгерісін тигізуде. Осы орайда, Елбасы 2008 жылғы Қазақстан халқына жолдауында:

«Азаматтық қоғам механизмінің ғайту қазіргі заманғы азаматтық қоғамның қалыптасуына, халықтық қоғамдық күрдістерге кеңінен тартуға жағдай жасайтын болады» [2] дегені және «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында

«Менсіздерге – жаңа буын қазақстандықтарға сенім арттамын.

Сіздер жаңа бағыттың қозғаушы күшіне айналуға тиіссіздер», «Сендер – болашаққа деген үкіліміміздің тірегісіңдер» [3]

деп жастарға жасаған арнауы мақалатақырыбы өзектілігін арттыраты еді.

К.Д. Ушинский пікірі бойынша: «Адамдарлық пайдалы, жоғары, әдептілік кешінайы қызығушылықты ояту – адамгершілік тұрғысынан әрқашанда өзекті, тәрбиені үйретудің мақсаты осыдан құрылуы керек деген [4].

Әлеуметтік белсенділік қоршаған әлеуметтің тіршілік әрекетіне және қайта құрылуына әрекет ету мен мотивацияланған мақсатында қатысу - тұлғаның қоғамдық қасиеті болып табылады. Осы түсініктен шыға келе, тұлғаның әлеуметтік белсенділік елесі көрсеткіштерден шығуы керек дегенді: *объективті*

(әлеуметтің тіршілік әрекетінде шын мәніндегі қатынастар және оның нәтижелері); *субъективті* (әлеуметтік-психологиялық мотивация, құндылық бағыт-

бағдарлар мен әлеуметтік қатынастар саласының әрекетіндегі шығармашылық).

Оқушы тұлғасының әлеуметтік белсенділігінің қалыптасқандығы әлеуметтік мінезді, білім беру мекемесінің (бәрінен бұрыны оқушылардың өзін-өзі басқару формасын) тәрбие жүйесінің бағытын және тиімділігін, әлеуметтендіретін және тәрбиелейтін ортаның белсенділігін бейнелейді [5].

Әлеуметтік белсенділік құбылысы бұрында, қазіргі заманғы қоғамдық қатынастар жағдайларында адамның тұлғалық қасиеті болып қала береді. Сөзсіз, оларды мен қоршаған әлеуметтің тіршілік әрекетіне саналылықпен қатынасуынан, оның өмірлік бағдарланған мақсатты іс-қимылынан көрінеді. Іс-

әрекеті жоспарына енген әлеуметтік белсендімінез-құлық, әлеуметтік бейімділік тұлғаның өзін-өзі әлеуметтендіру бағдарымен де өзгертатын байланысты.

Оқушылардың әлеуметтік белсенділігін қалыптастыру ісін арнайы кешенді бағытта ұшытатын мақсатпен қаратта ндыруды, ұйымдастырушылық басқаруды, оқушылардың өзін-өзі басқаруы ісіне қолайлы мүмкіндік те беруді талап етеді. Оқушылардың өзін-

өзі басқаруындағы түрлері мен әлеуметтік белсенділігін дамыту мәселелері Г.М. Андреева, Б.М. Бим, Т.Н. Мальковская, А.В. Мудрик, К.Р. Роджерс, М.Э. Рябова, Г.Г. Шпет, В.А. Ядов және т.б.

ғалымдардың зерттеулерінде қарастырылған [6]. «Белсенділік» психология ғылымында – бұл «адам тірі ағзалардың өзіндік динамикасы,

қайта өңдеу көзіне мессемірдің қоршаған ортамен мағыналы байланысы,

өзіндік күштің байқағыштық қабілеті».

Психология ғылымы тұжырымы бойынша белсенділік әрекетпен қатар жүреді, жүзеге асатын және түрлі өзгерістердің динамикалық жағдай сол өзіндік қозғалыстың қасиеті мен нәтижесі ретінде өрінеді.

Көп жағдайда субъект үшін жүзеге асатын іс қимылдар шартты және субъектінің жеке мақсаты мен шартты болуы мүмкін. Немесе, ситуативтілік, яғни, іс-

қимылдарды жүзеге асыратын мақсаттардың шынайылық шегінен шығуы мүмкін.

Қабылдаған мақсатты қатысқан әрекеттің мағыналылығы қосылғанда жағдайда әлеуметтік белсенділік нәтиже лі болатүскен болар еді.

Э. Фром бойынша белсенділік көзінен де, өзгеден де келуі ықтимал, сол себепті іс-әрекет оның сыртқы және ішкі күштері мен жүзеге асады. *Ізденімпаздық белсенділік* – әлеуметтік іс-

әрекет жағдайларының өзгерістеріне бағытталған. *Адамның ізденімпаздық белсенділіктің психикалық білінуі* – жоспарлау, қиялдау үрдісінің маңызды құрамдас бөлігі [7].

Әлеуметтік белсенділікті тұлғаның әлеуметтік-психологиялық қасиеті ретінде адамның өзін-өзі «іске» жаратудың бастапқы негізі, тұлғалық дамудың маңызды алғышарты, жағдайы және факторы. Әлеуметтік құбылыс ретінде белсенділікті тұлғаның әлеуметтік әрекетін сипаттайды оның өзіндік жеке көзқарасын, әлеуметтік мінезін, қоғамдық позициясын бейнелейді, әлеуметтік әрекеттер субъектісі етеді, әрекетке субъект ретіндегі қатысын білдіреді.

Белсенділік адамның барлық әрекетінің формаларында кездеседі: өзгермелі, танымдық, құндылық коммуникативті-бағытталған және осы сияқты қоғамдық мағынасы бар өзгерулердегі адамның қабілеттері мен сипатталады.

Өсіп келе жатқан жеткіншек ұрпақтың азамат ретінде қалыптасуы – бүгінгі күннің өзекті мәселесі болып табылады. Жан Жак Руссо – өзінің уақытысында келесідей жағдайды атап өтті: «Біз де физиктерде, математиктерде, астрономдарда бар... бірақ азаматтар жоқ. Өйткені, азамат дегеніміз өзінен емесе жанұясына, өз еліне, өз жеріне жауап беретін жауапкершіліктің субъектісі болып табылады. Ал, жауапкершілік болса өз кезегінде, өзі әрекетінің нәтижесіне жауап бере алатындығы, мәселелі ситуацияларда шешім қабылдауға дайындығын көрсетеді. Азамат немесе азаматшаның бір қатар қасиеттері болады, соның ішінде негізгілері:

- азаматтық сезімнің бар болуы – жерге деген махаббат, оның адамдарына, тұрмысына және мәдениетіне, заңына және салт – дәстүріне,
- заң және салт – дәстүрі туралы білімі бар болуы,
- Отанының, елінің, жанұясының, руының және өзінің мәртебесін дамытуға, сақтауға, көбейтуге деген талпынысы бар болуы,
- білімі мен талпынысын бейнелейтін іс әрекеттер жасай алуы» [8].

Азамат болу дегеніміз, яғни өз өмірінің және тағдырының қожайыны болуы. Ол дегеніміз ерекше еңбек, ерекше білім, ерекше тәжірибенің болуы. Азаматтық тәрбие мен білім беру – үздіксіз үрдіс, оны уақытша шектеулермен шектеуге болмайды. Осы үрдісте мектептің рөлі жоғары тұрады. Оның ағартушылық әлеуеті мектепте мемлекеттік-қоғамдық басқару жүйелерінің дамуына байланысты артады. Азаматтық білім беру – білім беру жүйесінің маңызды буындарының бірі, бүгінде барлық әлемдік қоғамдастық саясаткерлерінің, философтарының, педагогтардың назар аударатын нысаны болып табылады. Азаматтық сана-сезімнің төмен деңгейде болуынан қазіргі заманғы ойшылдардың алдында тұрған мәселе: біздің еліміздің әлеуметтік енжарлығының түбірі қайда жатыр? Азаматтың тәрбиесі қайда және қашан жүзеге асуда? Жауабы анық: азаматтық қоғамның іргетасы мектепте қалануы керек. Егер де балалық шақтан бастап бала тек өзінің жеке қызығушылықтарын ғана ойлап, әлеуметтің қызығушылығын ойламаса мұндай жағдайда әлеуметтік қоғам қайдан болады? Сонымен, мектептің басты міндеті – азаматтарды тәрбиелеу, оларды өз мемлекетінің басқару жұмыстарына қатысуға дайындау болып есептеледі.

Неден бастау керек? Мектеп оқушысының азаматтық сана-сезімін қалай ояту керек? Ғалымдардың көпшілігі осы сұраққа жауап беруде мына ойды түзді: осы мәселені балалардың және жастардың өзін-өзі басқаруын дамыту арқылы шешуге болады. Сапалы азаматтық білімді алу үшін тек сөзбен ғана емес, іс жүзінде балалар ешқандай қысымсыз, өз бастамасын өз бетімен зерттеген жобаларын тәжірибеде жүзеге асыруда, мектепте өзін-өзі басқару органдарын сапалы қалай құруға талпынуда.

Дэвид Джерри мен Джулия Джерридің *әлеуметтік түсініктеме сөздігінде* былай түсіндіреді: **азамат деп** – нақты құқықтар мен міндеттерді игерген, саяси қоғамдастық немесе мемлекеттің мүшесі, яғни жай ғана қарапайым «субъект» болып табылмайды. Жаңа уақытқа дейін, тек аз ғана қысқартулары бар, азаматтық негізінде ішкі саяси кішкентай топтармен шектелетін немесе мүлдем болмайтын. Бірақта, азаматтықты игеру бірдей тәртіп болып қалыптасып қоймай, адамдардың саны күн арта көбейді, осы жағдай бәріне тең құқылы сайлау құқығына және азаматтардың толық құқыққа ие болуы қазіргі ұлттық мемлекетте пайда болды.

Әлеуметтік түсініктеме сөздігінде: **азаматтық қоғам** – жанұя мен мемлекет арасындағы аралық сала. Әлемдік мағынада – қоғамдық, әлеуметтік қатынастар және мемлекеттің немесе экономиканың қатаң іс әрекеттеріне қарсы салмақ ретінде қоғамдық қатысушы саласы [9].

В.Т. Кабуш бойынша: **оқушылардың өзін-өзі басқаруы** – қоғамдық мағыналы мақсаттарға жетудегі олардың өз бетімен шешім қабылдауға және іске асыруға дамуын қамтамасыз ететін оқушылар ұжымының тіршілік әрекетінің ұйымдық түрі. Оқушылардың өзін-өзі басқаруы – өздігінен ұжымының қызығушылықтарына байланысты шешім қабылдауда және оны іске асыруда өз бастамасын көрсету. Өзін-өзі басқару өзін-өзі талдауы, өзін-өзі бағалауы, өзін-өзі сынауы және өзін-өзі қоғамдық, әлеуметтік ортада орнықтыруы, өз іс әрекетіндегі мәнді адами байланыстар немесе ұжымға қатысты оқушылармен

мәнді, нәтижелі байланыс.

Оқушы жастардың әлеуметтік белсенділігі азаматтық қоғамның алғышарты болуын қорытындылай келе, оқушы жастар өзін-өзі таныту мен өзін-өзі билеуде еркін кеңістікте, жаңашыл білім беру жүйесінде өзін-өзі басқарушы оқушылар феномені ретінде бейнеленеді және өздерінің әлеуметтік, білімдік, мәдени қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатындағы дербестік, еркіндікке негізделген іс-әрекеттерден көрініс табады демекпіз. Әлеуметтік өмірде өзін-өзі ұйымдастыру оқушыларды өзін – өзі басқарудың негізін құрайды. Оның нәтижесі қоғамдағы азаматтық қарым – қатынас жүйесіне кіру мүмкіндігін арттырады, қоғамда, ұжымда, еңбек салаларында өзіндік ұйымдасқан іс – әрекеттің әлеуметтік дағдыларын құрайды. Өзіндік басқару мәдениеті – өзіне міндетті тапсырманы алуға қабілетін бекіту, ұжымдағы әлеуметтік мәнді тәртіпке бағыну, сөйте отырып, әрі өз құқығын да қорғап қалу. Жеке қызығушылығын топта және қоғамда белгілеу - өзін қоғамдағы ұжымның бөлігі ретінде сезіну.

Қазіргі заманғы талаптардың даму кезеңінде педагогтар мен оқушылардың өзара әрекеттесуіндегі күрделі және қарамақайшы, өзара қарым қатынаста өзара тұрпайылық, шыдамсыздық, түсінбестік жиі бақыланады, ал мамандандырылған және жалпы білім беретін мектептің бастапқы ұжымында, оқушылардың іс әрекетінің үйлесімі жоғары емес, өзін-өзі басқарудың деңгейі төмен, оқушылар ұжымының алдында тұрған міндеттерді басқа топтармен шешуде талпыныс аздығы жиі байқалатын құбылыс. Мектептерге, оның ересек ұжымына оқушылардың өзін-өзі басқару ісі мен тәжірибесіне заманауи көзқарас пен қатынас қажет болып тұр.

1. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан-2030:Барлық Қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әлауқатының артуы. Ел Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы. –Алматы:Білім, 1997, 216
2. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы // Егеменді Қазақстан 2008 жыл, 28 ақпан, 5б
3. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы. – Астана, 2012 жыл, 3б
4. Ясникова Л.Д. Демократизация современной школы и ученическое самоуправление // Демократизация средней школы: проблемы, поиски, опыт. — М., 1990. – С. 5-13
5. Иванов В.Д. Самодеятельность, самостоятельность, самоуправление. Книга для старшеклассников. – М.: Просвещение, 1991. – С. 23
6. Герасимова Е.В. Программа гражданского воспитания школьников через самоуправление./ Научно-методический журнал «Классный руководитель» для заместителей директоров по воспитательной работе, классных руководителей и кураторов, учителей начальной школы, 2006.-№ 8. – С. 38
7. Словарь практического психолога, 2001, - С. 14
8. Гурин В.Е. Ученическое самоуправление в школе: сегодня и завтра: Книга для учителя. — Радянська школа, 1989. - С. 334
9. Дэвид Джерри, Джулия Джерри. Большой толковый социологический словарь., т.1., ВЕЧЕ.АСТ.- М., 1999. – С. 143

УДК 316.7 (574)

ЖАҢАНДАНУ ҮДЕРІСІНДЕГІ ИННОВАЦИЯ

Саурбаева Р.С. - *Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің «Әлеуметтану» мамандығының 2 курс магистранты*

Бұл мақалада инновацияның жаһандану үдерісіндегі көрінісі қарастырылған. Жалпы, жаһандану процесі бір елдерге айтарлықтай пайда әкелгенімен, өзге біреулерге түрлі ауыртпалық пен қиындықтар тудыруда. Жаһандандырудың субъектісі беймәлім, жасырын сияқты көрінгенімен, оның артында белгілі бір күштер барын көзі қарақты адамдар жақсы түсініп отыр. Шын мәнінде, барлық мемлекеттердегі жай халық оқиғаның барысына әсер ету мүмкіндігінен айырылуда. Құдды адамдар белгісіз бір ықпалды топтың манипуляциялауы мен басқару объектісі ғана тәрізді. Жаһандану ғаламдық көлемде тұлға мен әлеуметтік институттардың десубъектіленуіне әкеп соғуда. Түпкі мақсат халық үшін жұмбақ дүние. Қазақстан әлемдегі көптеген елдер сияқты білім беру жүйесін реформалауды қолға алды. Бұл салада жұмыс істейтін адамдар небір өзгерістерді өз бастарынан кешіруде. Әсіресе, жоғары мектеп түрлі сынақтар жүргізетін эксперимент алаңына айналды. Өзгеріс қарқынының жоғарылығы сондай, алынған

тәжірибе нәтижесін ғылыми рефлексиялауға мүмкіндік жоқ. Бірін бірі жоққа шығаратын концепциялар мен теориялар, еш қисынға келмейтін, қайшылыққа толы шешімдер төмендегі орындаушылардың күнкілін, ішкі наразылықтарын тудыруда.

Түйін сөздер: Инновация, жаһандану процесі, этнопсихология, индустриялық саясат.

В статье анализируется роль инновации в глобализации. Хотя процесс глобализации принес нашей стране с одной стороны пользу, но с другой и трудности. Процесс глобализации играет ключевую роль в эволюции процессов инновационного развития. Человек, взаимодействуя с окружающими людьми, так или иначе влияет на их поведение, причем сознательная манипуляция начинается с того момента, когда манипулятор ставит для себя цель манипулировать. Конечная цель для народа остается загадкой. Казахстан, как и другие страны взялся за реформирование системы образования. Люди, работающие в этой сфере прошли долгий путь. Особенно, в высшей школе, где проводились и проводится различные эксперименты. Отрицающие друг друга теории и концепции, приводят к безрезультатному исходу.

Ключевые слова: инновация, процесс глобализации, этнопсихология, индустриальная политика.

The article analyzes the role of Kazakhstan in the innovation process of globalization. Although from one hand globalization has brought our country to the benefit, but on the other, to difficulties. The process of globalization has played a key role in the evolution of the processes of innovation development. Man, interacting with others, somehow affects to their behavior, and conscious manipulation begins with the moment when the manipulator has set itself the goal to manipulate. The ultimate goal of the people remains a mystery. Kazakhstan, like other countries took up the reform of the education system. People working in this field have come a long way. Especially in high school, where the wire and various experiments. Negate each other's theories and concepts that lead to an inconclusive outcome.

Key words: innovation, globalization process, industrial political.

«Инновация» термині латын тілінен алынған, ол - «жаңару, өзгеру» дегенді білдіреді. Бұл түсінік XIX ғасырдағы зерттеулерде пайда болып, белгілі бір мәдениеттің кейбір элементтердің бірінен екіншісіне енгізу дегенді білдірді. XX ғасырдың 30-жылдарында Еуропада ғылымның жаңа саласы, жаңашылдық ғылымы пайда болып, ал 50 жылдары педагогикалық инноватика қалыптасты. КСРО-да бұл термин XX ғасырдың 70 жылдарынан бастап қолданыла бастады [1].

Инновация— мәдениеттану мен әлеуметтануда кейіннен пайда болған мәдени құбылыстар мен өзгерістер ретінде қарастырылуда. Инновация – жаңа практикалық әдісті тарату және қолдануды құрудың комплекстік үрдісі немесе ғылыми-техникалық шешімнің, адамдардың, ұсыныстапдың, жаңа идеялардың тәжірибеге енуі, іске асырылуы және де соңында қолданылуы. Инновация туралы осындай көптеген түсініктемелер беруге болады. Инновация ұғымын бірнеше мағынамен түсіндіруге болады, бірақ та ең бастысы “инновация” мен “жаңалық” терминдерін айыра біліп, ол ұғымдардың мағынасын білу керек. Жаңалық қандай да қызмет саласында оның тиімділігін жоғарылату бойынша фундаменталды, қолданбалы, тәжірибелік жұмыстардың рәсімделген нәтижесі болып табылады. Жаңалық мынадай түрлерде рәсімделеді: жаңалық ашу; патенттер; тауар белгісі; рационализаторлық ұсыныстар; жаңа немесе өндіріс процесі құжаттары; ұйымдастыру, өндіріс немесе басқа құрылымдар; ноу-хау; ұғымдар; ғылыми тұрғыдағы принциптер; құжаттар (стандарттар, ұсыныстар, әдістемелер, нұсқаулар және т.б.); маркетингтік зерттеулердің нәтижелері және т.б. жаңалықты жасаудағы инвестиция – жұмыстың жартысы. Ең бастысы — жаңалықты енгізу, жаңалықты инновация формасына айналдыру. Жаңалықты жасау үшін маркетингтік зерттеулер жүргізу қажет. Ал, инновация – жаңалықты енгізуде басқару объектісін өзгерту мақсатында және экономикалық, әлеуметтік, экологиялық, ғылыми-техникалық немесе басқа тиімділік түрлерінің соңғы нәтижесі. Яғни, жаңалықты ендіріп, іске асырылғанда инновация пайда болады. Қысқаша айтқанда, инновация – жаңалықты енгізудің нәтижесі. Отандық және шетелдік экономикалық әдебиеттерде “жаңалық” және “инновация” дегенге әр түрлі категорияларда түсіндірулер кездеседі. Кей жағдайларда бұл түсініктер синонимдер секілді қолданылады, бірақ айқын айырмашылықтар бар. «Жаңалық»-деген айқын жаңалыққа мінездеме береді, тап мұнда түсінік «ойлап табу» деген ұғымға таяу. “Жаңалық енгізу”- бұл жаңа техника мен технологияны меңгеру, басқару мен ұйымдастырудың жақсарған әдістері [2].

Инновация – бұл іздеуге, жасауға және жаңа бұйым түрлерін, технологияларын, таратуға бағытталған қызмет. Оның басқа да анықтамасы бар. Иновация – бұл жаңалық енгізудің жалпы процесі, адамдардың қажеттілігін қанағаттандыру үшін қолданылатын және таратылатын жаңалық, қоғамның даму әсеріне байланысты ауысып отырады. ЗТКЖ стратегиялық маркетинг процесі бойынша өндірістің ұйымдастыру – технологиялық дайындығының, жаңалықты рәсімдеу және өндіру, оларды басқа салаларға таратуды,

инновациялық қызметті айтады [1].

Әлемдегі жаһандану үрдісі еліміздегі күллі салаларға айтарлықтай әсер етуде. Оның ықпалы, әсіресе, білім беру саласында ерекше байқалады. Қазақстанның ғылым мен білім жүйесі батыстық қалыпқа (стандартқа) көшкелі мәселе, тіпті, асқына түскендей. Реформаны жүзеге асыруды қолға алған адамдардың технократтық ойлауы салдарынан ұлттың мәдени қайта жаңғыру, қайта түлеу қызметі бұзылуда, оның түп-тамырына балта шабылуда десе де болады. Өйткені, реформаторлардың ойлау жүйесі мен дүниетанымы, келтіретін уәждері мен негіздеулеріне көңіл аударатын болсақ, келесі жайды байқаймыз: біздің жоғары қызметтегі шенеуніктеріміздің санасында инновацияны кертартпа ретіндегі дәстүршілдікке қарама-қарсы мағынада түсіну кең орын алған. Расында, «инновация» деген сөз, өзі латын тілінен тікелей аударғанда «жаңару, өзгеру, жаңашылдық» деген мағынаны білдіреді. Бұл термин біздің елімізде соңғы он жылдықта ғылыми жұртшылық арасында кең қолданысқа ие болды [3].

Бүгінде инновациялық құбылыстарға қатысты қалыптасқан тұрақты тез аурустың (арнайы терминология) болмауы үлкен қиындықтар тудырады. Инновацияның синонимі ретінде жаңалық енгізу, жаңғырту (модернизация), жаңалық, жаңашылдық, жаңарту, жаңару, жаңарыс, тың өзгеріс, шығармашылық (креативтілік), өнертапқыштық сияқты сөздерді қатар қолдану орын алды. Сөздер арасындағы тектік-түрлік қатынасты, қайсысы кең мағына беретін гипероним, ал, қайсысы жалқы мәндегі гипоним екендігін ажырата алмай әбден шатаса бастадық. Инновация тақырыбы саясаткерлер мен журналистердің сүйікті тақырыбы мен ажырамас лексикасына айналды. Ресейлік «Известия» газетінің бір шолушысы айтқандай: «Про инновации говорят чаще, чем о футболе, но каждый под инновациями понимает что-то свое». Әсіресе, білім беру саласында инновация сөзі қолданылып жазылған еңбектер шаштөктен. Қысқасы, инновация қазіргі қоғамның нағыз нышандық белгісі мен бар бәледен құтқаратын панацеясына айналды. Атақты американдық психолог Б. Скиннердің пікірінше, жаңа сөздердің пайда болуы қоғамдағы құндылықтардың өзгеруі нышаны, өйткені, әрбір сөз дүниені әлеуметтік ұғынудың шартты таңбасы (маркері) болып табылады. Өзгеріс пісіп жетілгенде, ол өзін айшықтайтын жаңа сөздерді қажет еді. Мұның өзі инновация ұғымын айқын анықтау қажеттілігін тудырады. Инновацияның қай мағынасына артықшылық береміз? Қай түсінікті жөн көреміз? Инновацияның өзіне және онымен іргелес терминдерге қатысты ана-ғұрлым жемісті түсіндірмені таңдау арнайы теориялық талдауды талап етеді. Сондықтан, қатардағы оқырман ұната бермейтін кейбір теориялық мәселелерді қозғауға тура келеді. Ресейлік ғалымдардың пікірінше, «инновация» терминін алғаш рет ғылыми айналымға XIX ғасырда антропологтар мен этнографтар енгізіпті. Өзінің бастапқы нұсқасында бұл сөз, бір мәдениеттің кейбір элементтерінің өзге мәдениетке енгізілуін білдірген екен. Себебі, ол уақыттарда мәдени антропология мен этнографияда эволюционизм теориясы үстемдік етіпті және мәдени жаңақұрылымдарды, мәдени өзгерісті бір жақты, тек ішкі эволюциялық даму арқылы түсіндірген. Пісіп жетілу барысында төлтума өнім дүниеге келеді. Бұған қарама-қарсы бағыт ретінде қалыптасқан диффузионизм теориясы мәдени өзгерістерді сыртқы әсерлер мен диффузия каналдары арқылы берілетін кірме нәтиже, яғни, мәдени ауысу мен сырттан енген мәдени инновация деп есептеді. Әлеуметтік дамудың механизмі ретінде мәдениеттің таралуы (диффузия) мен сырт жақтан сіңген жаңалықтарды пайдалану қарастырылды [4].

XX ғасырдың басында «инновация» термині экономикалық ғылымдарда қолданыла бастады. 1909 жылы неміс ғалымы В. Зомбарт өзінің «Капиталистік кәсіпкерлік» деген үлкен мақаласында, кәсіпкерді инноватор ретінде түсіндіретін концепцияны негіздеп берді. Әсіресе, инновация ұғымының кең тарауы, жұртшылыққа аса танымал болуы австриялық экономист Йозеф Шумпетердің есімімен байланысты. Оның «Экономикалық даму теориясы» (1912) атты еңбегінде экономикалық инновация түсінігі негізделді. Инновациялық үдерістердің толық сипаттамалары берілді. Ол инновацияны жаңа материалдар мен бөліктерді қолдану, жаңа үдерістер мен ұйымдастырушылық түрлерін енгізу және жаңа нарықты ашуға негізделген барлық жаңа комбинациялардың коммерциализациялануы ретінде анықтады.

Инновация процесінен білім беру жүйесі де тыс қалған жоқ. XX ғасырдың екінші жартысында әлемде ірі білім реформалары жүзеге аса бастады. Педагогикалық инноватика сияқты арнайы ғылыми салалар пайда болды. Бұрынғы Кеңес Одағында, XX ға-сырдың 80 жылдарынан бастап білім саласында инновация түсінігі кең қолданыла бастады. Педагогика мен білім жүйесіндегі әр түрлі инновацияларды зерттеу, алдыңғы қатардағы тәжірибелерді қорыту жұмыстары қолға алынды. Синоним ретінде қатар қолданылған «білім берудегі инновация» мен «педагогикалық инновация» терминдері ғылыми негізделіп, педагогиканың категориялық аппаратына енді.

Сонымен, біз инновацияны қай мағынада түсінуге тиіспіз? Егер, оны басқарылатын жаңарту, мақсатты өзгеріс әрі ескінің қарсылығын жеңуден тұрады деп санасақ, онда жүйедегі кері байланысты ескерудің еш

қажеттігі жоқ. Тура әскери саладағы сияқты, төмендегілер командирлердің әмірін мүлтіксіз орындауы, еш ойланбастан сөзсіз бағынуы тиіс. Мұндай жағдайда жоғарыдағы басшылардың жай ғана бұйрық берсе жеткілікті деп ойлауы әбден заңдылық. Алайда, азаматтық өмірде қол астындағыларға жаңалық енгізу мен өзгерістердің қажеттілігі туралы жай ескерту қағазын жіберу, телефонмен хабардар ету, не жаңа бір ұйымдық құрылымдар құрылса (құрылымдық инновация), бірден жоспарланған жаңарулар іске асады деп күту нағыз аңғырттық болар еді. Оған, көп ұзамай, басшылардың көздері де жетеді. Ақпараттың тарау заңдылығы бастықтың айтқаны бұлжытпай орындалады деп дәмеленудің қате екендігін көрсетеді. Жақсы идеяның өзі практика барысында адам танымастай бұрмаланып кетуі мүмкін. Демек, әрбір басшы ұсынылған жаңа өзгерістерді қарамағындағылардың қалай қабылдайтынын біліп отыруы тиіс. Инновациялық процеске ұйым мен мекеменің барлық бөлімдегі әр адамын тарту ғана табысқа жетелейді. Жеке адамның ұйымдық қайта құруларға өз үлесін қосқан жағдайда ғана, оның жақтасы әрі қорғаушысы болатынын, жауапкершілікті бірге бөлісетінін практика көрсетуде. Психологиялық тұрғыда адам өзін, тек, объект қана емес, оның көзқарасын, пікірін ескеретін субъект ретінде қабылдауын талап етеді. Егер, инновация «жоғарыдан» емес, ұжымның «ішінен», төменнен ұсынылса, онда жаңалық енгізуге қатысты ұстаным, бағдар анағұрлым оң болар еді. Ғалымдардың инновацияны (инноватиканы) теориялық зерттеу барысында келген басты қортындыларының бірі мынадай: жаңа бір нәрсені енгізу ешқашан оқшауланған ортада жүзеге аспайды, керісінше, ол инновациялық үрдіске қатысатын барлық мүшелердің өзара әрекеттестігіне тығыз байланысты. Ал, адам инновациялық процестің әрі объектісі әрі субъектісі ретінде тек қоғамда ғана емес, белгілі бір мәдениетте де тіршілік ететінін ескеретін болсақ, онда ұлттық менталитеттен, әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерден аттап кету еш мүмкін емес. Сырттан әкелгенді ойланбастан тікелей механикалық көшірудің теріс зардаптары туралы көптеген мысалдар келтіруге болар еді. Инновацияға негативті реакцияның болуы мәдени және психологиялық кедергілерді ескермеуден туындайды. Жаңа өзгерістердің ұлттық құндылық деңгейінде жүретінін ұмытпайық. Мәселен, кредиттік оқыту жүйесі Батыс елдеріне тән «индивидуализм», «таңдау еркі», «жеке жауапкершілік», «автономдық (дербестік)», «рационалды», «заң үстемділігі», «адам құқығы» және т.б. басты құндылықтарға негізделген. Олай болса, оқыған жастарымыз өз бойына кәсіби біліммен бірге, батыстық құндылықтарды қатар сіңіріп жатқанын ескеруіміз керек. Психологтардың зерттеуінше, студенттік шақ адам дүниетанымы қалыптасуы үшін ең сезімтал («сензитивтік») кезең. Көзқарас негізінен осы кезде қалыптасады. Білім беру саласында қызмет ететін мамандар жаһандану үдерісінің жағымды жағымен қатар теріс салдары барын әсте ұмытпауы керек. Мәселен, еліміздің жастары санасында дәстүрлі құндылықтардың девальвацияға ұшырауы орын алуда. Трансұлттық компаниялар үшін ұлттық тегінен алшақтаған, отаншылдық сезімі төмендеген тұлға типтерінің көбеюі жақсы, бұл олардың мүдделеріне сәйкес келеді.

Автохтон қазақтар үшін ғылым мен білім саласындағы өзгерістер вестернизация («батыстану») ретінде қабылдануда. Бұл жерде мынандай заңды бір сұрақ туындайды: кез келген инновацияны игілік деп есептеуіміз керек пе? Біздіңше, қалай болғанда да дәстүр мен инновацияны бір-біріне қарсы қоюға болмайды.

Еліміздің жаңа тарихына көз жүгіртсек, 1996 жылы Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Мемлекеттік саясат жөніндегі Ұлттық кеңес «Қазақстан Республикасындағы этномәдени білім» концепциясын бекіткен еді (авторы Ж.Наурызбай). Оны Елбасы Н.Ә.Назарбаев өз Өкімімен мақұлдады. Алайда, практика көрсеткендей, бұл тұжырымдама жас ұрпақтың бөгде ағымдарға ілесіп кетуін тоқтата алмады. Оның жас ұрпақ санасына бөлендей әсері болмады. Неге? Өйткені, педагогтардың, мамандардың, шенеуніктердің этно-мәдени құзыреттілігі жетіспеді. Іс пен ұранның алшақтығы орын алды. Бұған кеңестік шекпеннен шыққан ұлты қазақ профессураларының екі түрлі, қосарланған стандарттағы әрекетін қосыңыз. Этнопсихология ғылымында «этнофор» (etnofor) деген термин бар. Ол гректің «ethnos - тайпа, халықитальянның fora - сыртқы, тыс, алды» деген біріккен сөзінен шыққан. Оның мағынасы белгілі бір этностық мәдениет пен ұлттық психиканың дара иеленушісі дегенді білдіреді [7].

Осыдан бірнеше жыл бұрын, 2003 жылдың 17 мамырында Қазақстан Республикасының Индустриялық - инновациялық дамуының 2003-2015 жылға арналған стратегиясы қабылданған еді. Бұл стратегияны ойдағыдай іске асыру үшін еліміздің зияткерлік ресурстарын тиімді пайдаланудың маңызы зор екені белгілі болды. Еліміздегі индустриялық-инновациялық даму проблемасына байланысты түрлі ғылыми конференциялар ұйымдастырылды. Ғалымдардың пікірлерінен ой түйгеніміз, кез келген стратегияның, бағдарламаның, инновациялық үрдістердің іске асуы бірнеше факторлардың ықпалы аясында өтеді екен. Алайда, біз көбіне саяси немесе экономикалық факторларға баса назар аударып, мәдени, психологиялық факторлар елеусіз қалады. Не болмаса психологиялық фактордың мәні онша

жоғары емес деп саналынады. Ал, шын мәнісінде бағдарламаны жүзеге асыру адамның санасымен ақыл-ой қабілетіне тікелей тәуелді болып келеді. Өте тамаша жазылған заңдар ұлттық психология ерекшеліктері мен менталитеті алдында дәрменсіз. Кейде күшті қарсылық салдарынан жоспарлаушылар күткеннен бөлек нәтиже шығуы не болмаса өні өзгеріліп басқа сипат алуы мүмкін. Әлемде индустриялық саясат жүргізу тәжірибесі бар. Малайзия мен Оңтүстік Кореяның нәтижесі бірдей деп айта алмайсыз. Неге бір реформа, бір көздеген мақсат әр халықта әртүрлі сипатталады? Қазіргі таңдағы ғылыми білімдер көрсеткендей, қатаң прагматизм мен технократизмге негізделген, инновацияның технократиялық рецептерін тура қолдану, мәселен, білім саласына тікелей көшіру қоғам мен тұлға дамуының міндеттерін шеше алмайды. Сонымен, инновациялық зерттеулердің классикалық концепциялары мен бағыттары инновациялық құбылыстарға әлеуметтік-гуманитарлық тұрғыдан келудің маңыздылығын көрсетеді.

Біздің ойымызша, этномәдени құзыреттілік кәсіби құзыреттіліктің негізгі бір бөлігі ретінде саналуы тиіс. Халықаралық ғылыми және мәдениаралық байланыстардың қарқыны артқан сайын әр алуан мәдени ортада жұмыс істеуге қабілетті мамандарды даярлаудың маңызы арта түседі. Университет түлектерінің этномәдени құзыреттілігін қалыптастыру үдерісін жетілдіру мақсатында оқу жоспарлары мен оқыту бағдарламаларында кросс-мәдени психология, индигендік психология, қазақ ұлтының психологиясы сияқты пәндер арнайы кіргізілгені жөн болар еді. Бізде үндітану, түріктану, ирантану сияқты мамандықтар бар да, қазақтану деген мамандықтар жоқ. «Қазақтану» Ғылыми-зерттеу институтын ашу туралы мәселе көтеріп жүрген ғалымдардың пікірін технократтық шенеуніктер құлағына ілер емес. Ұлт атаулының бәріне жандары қас «прогрессивті» басшылар шетелдік үлгілерді көшіруді ғана біледі. Оның салдары ел тағдырына әсер етпей қоймайды.

1. Орысша-қазақша түсіндірме сөздік: Әлеуметтану және саясаттану бойынша / Жалпы редакциясын басқарған э.ғ.д., профессор Е. Арын - Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ. 2006. - 569 б. ISBN 9965-808-89.
2. Биекенов К., Садырова М. Әлеуметтанудың түсіндірме сөздігі. — Алматы: Сөздік-Словарь, 2007. — 344 бет.
3. В.Я.Горфинкель, Г.Б.Поляк, В.А.Швандар. «Предпринимательство», «Юнити», Москва, 2000.
4. И.Т.Балабанов. «Инновационный менеджмент», «Питер», Санкт-Петербург, 2001.
5. Фатхутдинов. «Производственный менеджмент», «Данков и К», 2002
6. Ахметов Қ.Ф. «Менеджмент негіздері», Алматы, 2003
7. Мейірбеков А.К., Әлімбаев Қ.Ә. «Кәсіпорын экономикасы», Алматы, 2003.
8. Зайцев Н.А.; «Экономика, организация и управление производством», Москва, 2000.

УДК:343.57/29

НАЦИОНАЛИЗМ И ИДЕОЛОГИЯ

Болотбеков С. – соискатель Института философии и политико-правовых исследований Национальной академии наук Кыргызской Республики

Мақалада мемлекеттік идеология мен этникалық национализмнің өзара байланысы қарастырылады.

Түйін сөздер: ұлтшылдық, рауаят, мемлекет, мәдениет, адамзат тарихы.

В статье речь идет взаимосвязи идеологии и этнического национализма.

Ключевые слова: национализм, идеология, государство, культура, история человечества.

The article examines the interrelation between ideology and ethnic nationalism, which was the foundation of state ideology during the long historical period.

Key words: nationalism, ideology, government, culture, the history of mankind.

В настоящее время в политической науке и философии принято различать этнический и гражданский национализм. В данной статье речь пойдет об этническом национализме.

Как показывает богатая и разнообразная практика истории, национализм часто был прочной и надежной основой для национальной идеологии. Он и в настоящее время в моноэтнических государствах остается этой основой. Но поскольку таких государств чрезвычайно мало. В то же время в государствах, в которых титульные, государство образующие нации составляют большинство, национальные идеи плохо воспринимаются или чаще вообще отторгаются теми, кто составляет национальное меньшинство в государстве. В связи с тем возникает правомерный вопрос: возможно ли в таких условиях создавать

государственную идеологию, опирающейся на национальную идею? Поясним в данной связи, что в силу конкретных исторических обстоятельств, а именно политической практики фашистских и шовинистически настроенных государств, которые поставили национализм во главе угла государственной политики, национализм стал восприниматься в массовом сознании как явление абсолютно негативного порядка. С другой стороны, остается непонятным, как образовывать и выстраивать государственную идеологию, пренебрегая при этом национальными идеями, имея в виду, что именно за ними стоят реальные национальные культуры. Пренебрегая национальными идеями, неизбежно отрицается национальная культура.

Для того чтобы исправить положение, пытаются использовать те национальные идеи, которые по формальным признакам не задевающим напрямую национальных чувств граждан, не относящихся к числу государство образующей нации. Но даже в таком виде они вызывают ту или иную степень неприятия у национальных меньшинств и диаспор. Все это заставляет задуматься о том, что же следует считать «национализмом» и может ли он быть продуктивным в настоящее время.

Возникает вопрос: пренебрегая в той или иной мере тем или иным образом национальными идеями и национальной культурой основного этноса в угоду гражданскому миру и благополучию, не игнорируются ли при этом интересы, права и свободы этого этноса? Разве должны интересы, права и свободы большинства граждан приноситься в жертву тем, кто составляет меньшинство? Речь не идет о попирании прав меньшинства.

Национализм, призванный защищать собственную культуру и язык, даже в самых умеренных формах, отторгается представителями других наций и этносов, которые сознательно, но чаще бессознательно, инстинктивно апеллируют к собственным национальным чувствам, идеям, вкусам, ценностям и предпочтениям, и таким образом, как принято сейчас говорить, происходит борьба «больших» и «малых» национализмов. Может ли в таких условиях национализм стать основой государственной идеологией?

Вышесказанное заставляет задуматься о том, «национализм», это что?

В современной гуманитарной науке, как и в широких политических кругах, не существует единого мнения и четкого понимания природы и сущности национализма. Наличие же путаницы в его определениях и понимании природы часто приводит к ситуации, когда национализм, незаслуженно принижается.

Характерно, что уже на подступах к проблеме национализма возникают множество проблем и вопросов. К примеру, каким образом отличить национализм от простых предпочтений, обусловленных естественной и неизбежной принадлежностью личности к определенной нации, народу? Являются ли данные предпочтения проявлениями национализма? Ответить на данные вопросы невозможно в том случае, если национализм будет отождествлен с шовинизмом и ксенофобией, представляющими собой лишь его крайние формы. Термин «национализм» принадлежит к числу понятий, по поводу значения которых ранее и в настоящее время идут острые дискуссии.

Цель науки состоит в обретении достоверных знаний, то цель идеологии – в побуждении к определенному роду действиям, в формировании желательного политического поведения. И в последнем случае проблема национализма это уже вопрос конкретной политической практики и, сообразно данному обстоятельству, вопрос идеологии как обязательной, неотъемлемой части данной практики. В данной связи следует иметь в виду, что национализм является одной из самых влиятельных политических идеологий новейшего времени.

Сознание людей, как показывает опыт, не может произвольно «блуждать» в системе этнической, национальной принадлежности. Сознание, а вернее, самосознание индивида, с момента его возникновения, встраивается, организуется и настолько свыкается со своей этничностью, национальностью, что в дальнейшем она становится атрибутивной чертой его сознания. Этномим, самоназвание же становится своего рода «паролем», «пропуском» в ту или иную этническую, национальную общность.

«Обсуждая вопросы этнической идентичности и ее смены, – пишет А.А. Прусаускас, – важно иметь в виду, что во многих ситуациях этническое самосознание связано с предписанным статусом индивида, т.е. окружающие воспринимают конкретного человека как армянина, русского или китайца независимо от того, относит ли он себя к данной нации или нет. Иными словами, индивид в большинстве случаев не выбирает этническую принадлежность по своему усмотрению» [1], при этом «роль этнической идентичности может колебаться в очень широких пределах, но главное состоит в том, что среди прочих компонентов структуры идентичности (обусловленных членством индивида в различных группах) она отличается, как правило, наибольшей устойчивостью. Другое важное свойство этнического компонента

идентичности заключается в том, что ему присуща сложная внутренняя структура, включающая социальные (этнические) связи, элементы культуры, определенную систему ценностей, символы. Этнические категории выражают специфические особенности отдельных народов, включая различия в системе ценностей, социальных нормах, стилях поведения. Эти особенности служат основой для этнических стереотипов и автостереотипов, представлений о национальном характере» [2]. Реальные этносы, нации всегда тем или иным образом отличаются друг от друга, при этом, как пишет Ю.В. Бромлей, «этносу присуща непременно антитеза: “мы” – “они”» [3], что одинаково справедливо и по отношению нации.

Человек, его естество, сущность может функционировать и реализовываться наиболее полным, исчерпывающим образом только в пределах социального бытия, отличительной чертой которого является его конкретность. Каждый субъект с того момента, как только он начинает осознавать мир и себя в нем, постоянно соотносит себя с социальной реальностью, которая предстает в форме определенных общностей, в том числе этнических и национальных. И субъект, будучи членом одной из таких общностей и будучи заинтересованным в собственном выживании, непременно идентифицирует себя с окружающими его людьми, и неизбежным следствием такой идентификации является разделение людей на своих и чужих. При этом характер и степень близости и чуждости определяется реальными условиями бытия индивида, которые в свою очередь определяются историческим периодом, эпохой и т.д., в которой прибывает индивид. Но в любом случае этничность, национализм не только вырастает в него и становится частью его естества, но и является одним из основных компонентов этого естества.

Человечество, разделенное уже на древних фазах своего развития на протоэтносы, вступило в эпоху цивилизаций с жестким нравственно-этическим принципом, имеющим императивный характер, который с необходимой определенностью высказывается в формуле: “мы”, то есть члены данного рода, племени или иной общности, – это и есть “настоящие люди”, в то время как “они”, то есть все, кто принадлежит к иным, не похожим на “нас”, разновидностью человеческого рода [4].

Все вышесказанное, даже если оно имеет некоторый негативный оттенок, говорит в пользу национализма, а следовательно, и в пользу того, что он может и должен быть основой государственной идеологии. В данном случае речь идет не о том национализме, который во взаимоотношениях между народами часто реализовывался в крайних своих формах, нередко приводя к трагическим последствиям, не о фактах притеснения и гонения по национальному признаку. Ошибочно сводить национализм к его исключительно негативным проявлениям и уж тем более к бытовым его формам.

Безусловно, национализм имеет прямое отношение к национальному тщеславию, желанию быть лучше, чем другие.

На деле национализм является определенного рода мировоззрением, которое представляет собой более или менее внутренне связанную систему идей или, при определенных обстоятельствах и условиях – идеологию.

Ницше указывал, что «Отношение связанного ума к вещам определяется не основаниями, а привычкой; он, например, христианин не потому, что уяснил себе различные религии и сделал выбор между ними; он англичанин не потому, что решил быть таковым, а просто он нашел готовыми христианство или британство и взял их без всяких оснований, подобно тому как человек, родившийся в стране, производящей вино, потребляет вино. Позднее, когда он уже был христианином или англичанином, он, быть может, изобрел и некоторые основания в пользу своей привычки; эти основания можно опрокинуть, но тем самым еще не разрушается вся его позиция. Заставьте, например, связанный ум привести основания против двоеженства, – тогда можно узнать, покоится ли его святая ревность в защите моногамии на основаниях или на привычке. Привычка к духовным основным принципам, лишенная основания, называется верой» [5]. Национализм также достаточно часто основывается не на действительно разумных основаниях, а на вере, за которой скрывается заинтересованность индивида в собственной жизни и благополучном бытии. В национализме, таким образом, одновременно заключены, сочетаются два начала – рациональное и иррациональное. Первое из которых опирается на естественное стремление (и действия, обусловленные данным стремлением) этнических и национальных общностей и членов, их составляющих, сохранить собственную изначальную идентичность, культурную и ментальную самость и специфику. Второе связано с тем, что элемент веры в собственную особенность и исключительность упомянутых общностей может преобладать (и на деле часто преобладает) над доводами разума, рациональной аргументацией. Однако какими бы сильными не были различия между двумя этими началами, какой бы глубокой пропастью они не были отделены друг от другой, объединяет их то, что подчинены они одной и той же естественной цели: сохранению этноса или нации как таковой.

Этой же глобальной цели подчинена идеология как таковая, по большому счету это ее основное предназначение.

Как показывает исторический опыт, национализм действительно может подталкивать и подталкивал не раз отдельных людей, политические партии и даже целые государства к дискриминации по национальному признаку, преступлениям на национальной почве перед элементарной общечеловеческой моралью. Тем не менее, это не дает еще полных оснований утверждать, что национализм, как мировоззрение, состоит именно в превознесении своего народа и уничижительном и грубом отношении к другим.

Политические деятели, целые партии выстраивают свои планы, программы исходя именно из благополучия народа. Однако отличие национализма от других мировоззрений и доктрин состоит именно в том, что он представляет благополучие народа, что составляет одну из важных граней националистического мировоззрения. Любому националисту самым важным делом представляется достижение независимости своего народа, самодостаточного государства.

В реальной жизни интересы народов достаточно часто противоположны. Однако в своем поведении националист настойчиво, последовательно и безотказно следует идее превосходства интересов своего народа в непрерывной конкурентной борьбе между народами. По этой причине, с точки зрения националиста, каждому народу необходимо иметь свое государство, которое позволяет народу наиболее эффективным образом выстоять в конкурентной борьбе с другими народами.

В соответствии с националистическим мировоззрением государство, в основе которого лежит идея национальной суверенности и своеобразия, при решении всех политических вопросов должно исходить, целиком опираясь на собственные интересы, каковые в целом, по существу можно свести к двум: физическое выживание народа и его духовное выживание, которое равноценно сохранению его национальной культуры.

Этноцентризм и этноэгоизм, выражающийся в пренебрежении, игнорировании, а нередко и презрении к интересам других народов и их культурам, также является одной из сущностных черт национализма, в виде его крайних форм. Однако одна из главных проблем национализма, а вернее, его определения как раз заключается в том, что национализм нельзя сводить к его исключительно крайним формам, в пределах которого осуществляется бытие национализма. Пожалуй, отрицать, что в основе национализма лежит все же естественная приверженность, привязанность, пристрастие, глубокая симпатия человека к определенным этническим культурным ценностям, языку, данному от рождения, и мировоззренческим установкам и принципам нельзя.

Стремлению людей сохранить собственную самобытность, культуру предков или, иными словами, благодаря национализму, многим народам действительно удавалось сохранить себя как самость, цельность и ценность. Учитывая данное обстоятельство, у нас появляются основания считать, что на деле существуют негативная разновидность национализма, связанная с дискриминацией представителей других национальностей или этносов по этническому признаку, и позитивная разновидность, обусловленная стремлением какой-либо этнической или национальной общности сохранить собственную культуру и самобытность и для этого использующая определенные национальные идеи.

История человечества в ее реальном воплощении – это история конкурирующих между собой народов, естественным образом устремленных к господству и сохранению себя не только как физической единицы, но и этнокультурного образования. Данное стремление обусловлено самой природой человека; каждая реальная личность естественным образом стремится сохранить не только собственную жизнь, но и самость, индивидуальность, лицо, вне которого ее жизнь обесмысливается. Национализм в таких условиях выступал в качестве естественной основы, на которой длительное время целиком выстраивалась идеология, которая в свою очередь была подчинена глобальной цели – выживания этноса или нации.

1. Прусаускас А.А. Этнос и политика: Хрестоматия / Авт.-сост. А.А. Прусаускас. – М., 2000. – С. 8.
2. Бромлей Ю.В. Очерки теории этноса. – М., 1983. – С. 9.
3. Бромлей Ю.В. Очерки теории этноса. – М., 1983. – С. 18.
4. Шемякин Я.Г. В поисках смысла. Из истории философии и религии: Книга для чтения. – М., 2003. – С. 42.
5. Ницше Ф. Человеческое, слишком человеческое. Соч. в 2 т. – Т. 1. – М., 1997. – С. 360.

УДК 78 (574)

ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ПАТРИОТИЗМДІҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ МУЗЫКАЛЫҚ МҰРАНЫҢ РӨЛІ

Нұрсалғазы Қарлығаш – Т.Қ. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының 2 курс магистранты

Еліміз егемендік алған жылдар ішінде әлемнің түкпір-түкпірінде шашырап кеткен қазақ халқының бай рухани мұрасын жинауға мүмкіндіктер туды, себебі қай ұлттың болмасын ұлттық болмысын саяси сана-сезімін қалыптастыруда оның рухани қазыналары баға жетпес байлық болып есептеледі. Отан сүйгішті, Қазақстандық патриотизмді қалыптастыру үшін саяси теориялар мен тарихи білім ауадай қажет, сонымен қатар қазақ елінің көптен келе жатқан тарихи бай музыкалық мұрасы, алыс-жақын шетелдегі қазақ рухты композиторлардың туындылары осы бағытта бізге жақсы қызмет етеді. Қазіргі кезде ҚХР-да тұрып жатқан қандастарымыздың музыкалық мұрасын зерттеу, оны дамытып, заман талаптарына сай етіп жүзеге асырып жатқан қазақ композиторларының шығармашылықтарын айқара ашып, ішкі мазмұнына үңілу қазақ жастары үшін өте өзекті мәселе екендігі дау тудырмайды. Бұл ғылыми мақала Қытай Халық Республикасында өмір сүріп жатқан қазақ азаматы Нұрсалғазы Қызыкенұлының шығармашылығына талдау жасауға арналған, оның негізгі туындыларының мазмұнын ашып, қазіргі музыка өнерінің дамуына тигізетін әсерлері көрсетілген және жастарды отан сүйгіштікке тәрбиелеудегі, ұлттық тарихты зерттеудегі біраз зәру мәселелерге ой жүгіртілген. Нұрсалғазы Қарлығаштың «Қазақстандық патриотизмді қалыптастырудағы музыкалық мұраның рөлі» тақырыбындағы мақаланың негізгі арқауы, көрші Қытай Халық Республикасында өмір сүріп жатқан қазақ диаспорасының музыкалық мұраларына шолу жасау арқылы оның мазмұнын, тақырыптық ерекшеліктерін ашып көрсете отырып, музыкалық туындылардың жастардың отансүйгіштігін, патриоттық сезімін арттырудағы ерекше маңызы ашылған.

Тірек сөздер: ұлттық сана, рухани мұра, қазақ халқының музыка өнері, ұлттық патриотизм, қазақ мемлекетінің бірегейлігі, мәдени мұраны қорғау, қазақтың дәстүрлі күйлері.

Статья Нурсалгазы Карлыгаш на тему «роль музыкального наследия в формировании Казахстанского патриотизма» посвящена раскрытию смысла и содержания музыкального наследия казахского народа а также роли музыкальных произведений в воспитании Казахстанского патриотизма студенческой молодежи. Автор на примере творчества нашего соотечественника живущего в Китайской Народной Республике композитора Н. Кызыкенулы показывает как музыкальное наследие казахского народа помогало казахской диаспоре живущей вне территории нашей страны сохранять национальное самосознание, любовь к родному отечеству. Вместе с тем, автор показывает общее состояние музыкальной культуры казахской диаспоры и конкретно останавливается в творчестве одного композитора. Раскрывая духовную связь истоков изучаемого композитора, автор особо показывает генетическую близость данного автора с национальными музыкальными традициями казахского народа, которое помогает в развитии казахской государственной идентичности.

Ключевые слова: национальное сознание, духовное наследие, музыкальное искусство казахского народа, национальный патриотизм, идентичность казахского государства, защита культурного наследия, традиционные кувей казахов.

Article Nursalgazy Karlash on "The role of the musical heritage in the formation of the Kazakhstan patriotism" is devoted to the disclosure of the meaning and content of the musical heritage of the Kazakh people and the role of musical works in the education of the Kazakhstan patriotism student youth. Author on the example of our compatriot living in the People's Republic of composer N. Kyzykenuly shows how musical heritage of the Kazakh people helped Kazakh diaspora living outside the territory of our country sohronyat national identity, love for their homeland. However, the author shows the general condition of the musical culture of the Kazakh Diaspora and specifically stops in the works of the composer. Revealing spiritual connection origins studied the composer, author especially shows genetic affinity of the author with the national musical traditions of the Kazakh people, which helps in the development of Kazakh national identity.

Keywords: national consciousness, spiritual heritage, musical art of the Kazakh people, national patriotism, the identity of the Kazakh state, protection of cultural heritage, off traditional kuyuy Kazakhs.

Еліміз егемен ел болғалы жиырма жылдан астам уақытта қазақ ұлтының рухани бай мұрасын

жинау ұлттық сана-сезімді, саяси ойды, патриоттық рухты қалыптастыру бағытында көптеген жұмыстар атқарылуда. Әсіресе, қазақ ән-күйлерін жинау, үн таспаға шығару, баспа бетінде шығарып, оны халыққа үгіттеу ісінде көптеген жетістіктерге қол жеткізді. Алыстағы Қытай жеріндегі қазақтың да музыкалық мұрасы туралы біршама көп зерттеулер, очерк, жекелеген кітаптар басылым көріп жатыр. Десе де, жекелеген тұлғалар, олардың шығармашылығына талдау жасау енді-енді музыка танушылардың назарына ілігіп отыр, мемлекеттік бірегейлігімізді қалыпт астыру үшін осы қызмет баға жетпес маңызға ие.

Орта Азияның кең байтақ алқабында тал бесіктен жер бесікке дейін әндетіп өскен қазақ халқының музыкалық мәдениеті өзінің дара ерекшелігімен дүние мәдениетінен әрленіп, биігінен көрініп тұр. Мәдени мұраларды жинап зерттеу, оларды келешек ұрпаққа қаймағын бұзбай жеткізу жұмысы егемен Қазақстанда бұрынғыдан бетер түрлі-түрлі салаларда қарқынды түрде жүріп жатыр.

Қазақ музыка өнеріне ғылыми зерттеу, талдау нәтижесінде музыкалық мұрамыз мектептерге жіктеліп, салыстыра қаралып, бір-бірінен жанрлық, тақырыптық, нақыштық ерекшелігі айқындалды. Тамырыбір болғанымен, қазақ музыкасы өңірлік ерекшелікке ие. Батыс пен Шығыс, Арқа мен Жетісу, Қаратау мен Маңғыстау, т.б өзінің қайталанбас өнерпаздарымен, сұлу сазды, құлақ елітер әуендерімен қазақ музыкасын сан қырынан көрсетіп, бір тамырдан өрбіп мың бұтаққа нәр беріп, ұрпақтан-ұрпаққа өшпес мұра қалдырды.

Қазақ мәдениеті өзінің негізгі модельдік-типтік (үлгі-нұсқалық) қасиеттері жағынан біркелкі болғанымен, таралған тарихи-географиялық аймақтарында өзіндік ерекшеліктерімен де аздап түрленетіні хақ. Кең сахардағы қазақтар ХІХ ғасыр мен ХХ ғасырдың басындағы жағрафиялық орналасуы, жер жағдайы, қоршаған ортаға негізделген әлеуметтік-экономикалық, шаруашылық-тұрмыс жай-күйі, отарлау саясаты, жерге орналастыру, әкімшілік бөлініс, технократтық ықпал, көрші мемлекеттермен арадағы қатынас және т.б толып жатқан факторларға байланысты өзіндік жергілікті этнографиялық дамуды бастан кешірді.

Соған байланысты тақырыпқа өзек болып отырған Тарбағатай аймақтық қытай қазақтары туралы арнайы тарихи-этнографиялық зерттеу жоқтың қасы. Қытай және Ресеймен шекаралас орналасқан олардың тұрмысында, салт-дәстүрлерінде, әдет-ғұрыптары, дәстүрлі шаруашылығы, кәсібі, мінез-құлқында өзіндік ерекшелігі бар.

Жалпы Тарбағатай өңірі Қазақстанның Семей өңірінен басталып, қазіргі Қытай Халық Республикасының Тарбағатай аймағын толығымен қамтиды. Қытайға қарасты Тарбағатай өңірі Тарбағатай аймағы деп аталады. Тарбағатай аймағы Дорбілжін ауданы, Толы ауданы, Қобық ауданы, Сауан ауданы, Шағантоғай ауданы, Шиху қалашығы қатарлы 5 аудан бір қалашықтан құралып, орталығы қазіргі Шәуешек қаласы. Жоғарыда аталған аудандарда қазақта орта жүз арғын, найман, керей, уақ рулары жиі қоныстанып ұлтымыздың салт-дәстүрімен рухани мәдениетінің қаймағын бұзбай сақтап келеді.

Қазақтың ежелгі ата қонысы Тарбағатай өңірінің музыка мәдениетінің қалыптасуы, дамуы және оның көршілес жатқан Қытай мәдениетімен байланысын айқындау, сондай-ақ, Қытайдағы қазақ сазгерлерінің шығармашылықтарына тереңінен талдау жасау, өз мәдениетіміздің тарихи астарын ұғынуымызға жол ашады.

Бұл жөнінде елбасы Н.Назарбаев: «Ұлттың рухани өмірі, оның мәдениетіне байланысты әлі де болса көпшілік қауымға жетпей жатқан тарихи, әдеби асыл мұраларымызды игеру жолында еңбектену, бұрын мән бермей келген халықтану, шығыстану, түркітану ілімдерін барынша дамытуға көңіл қою, ұлттық мәдени ерекшеліктерімізді сақтау, жинау, зерттеу ісін жетілдіре түсу бүгінгі маңызды міндеттеріміздің қатарына кіреді» деген болатын [1].

Қытайдағы қазақ мәдени мұраларын баспа жүзінде халықпен жүздестіру, олардың шығармашылығын зерттеу музыкатанушылардың кезек күттірмес жұмысы деп білеміз. Соған байланысты, берілген жұмыста бүгінгі күнде өзінің жолшыбай қонар тұғырын тауып, ел-жұртына еселі еңбектерімен танылып жүрген Тарбағатай өңіріндегі үшінші буын композиторларының көрнекті өкілдері, Кәсімбай Құсайынұлы, Уәлиолла Садуақасұлы, Тайыр Белгібайұлы, Бәует Ахметжанұлы секілді тағы да басқа композиторлардың ішінде белгілі композитор Нұрсалғазы Қызыкенұлының шығармашылығына тоқталамыз.

Тарбағатай өңірі музыка дәстүрінің тарихи қалыптасу, дамуы, олардың Нұрсалғазы Қызыкенұлының шығармашылығындағы бейнесін, музыкалық мәнері мен даралығын талдап көрсетуге тырысып, сонымен бірге оның жолын қуған өнер иелерінің жетістіктеріне көз жүгіртуді осы мақаланың алға қойған мақсаты деуге болады.

Қазіргі таңда Іле өңірінің музыка мұрасын зерттеушілер саны күннен-күнге көбейіп келеді. Кең көлемді зерттеу жұмыстары жанрлық ерекшелігіне қарай сараланып қаралуда.

Композитордың өнер жолына талдау жасау үшін алдымен өмір жолымен танысуды жөн көрдік. Тарбағатай музыка мәдениетінің дамуына ықпал еткен ең ірі тұлғалардың бірі – Нұрсалғазы Қызыкенұлы 1954 жылы шілде айының 10 күні Тарбағатай аймағы, Толы ауданы, Ақбелдеу ауылының Көкбастау деген жерінде дүниеге келген. Әкесі өте өнерпаз адам болған екен. Нұрсалғазы Қызыкенұлы жеті жасынан бастап әкесі Қызыкеннің айтқан ән, шерткен күй, жазған өлендерінен тәлім алып, домбыра, сыбызғы, скрипка, сырнай тартуды үйрене бастаған. «Тарбағатай» газетінде жарияланған «Өнер өріндегі өнерпаздар» атты мақаласында Қызыкенге: «Көмейінен ән, саусағынан күй төгілген аккордеон тартып, домбыра шертіп, елге музыка құдыретін танытқан, ұнжырғасы түспеген, рухы мықты, өзіндік дарыны, ойының алымы, қаламының қарымы бар ақын» - деп портретнама берген екен [2]. Нұрсалғазының әкесі артына қалдырып кеткен іздері, асыл сөздерімен алуан өнерлері, соның ішінде сазды әндері мен күмбірлі күйлері ел аузында жатталып, жүректерде сақталды. Сонымен қатар, қарауылға арғанын қалт жібермей қағып түсіретін мерген, қуса жетіп, қашса құтылатын, жарысса озатын, тақымын толатып астынан бір жақсы аты кетпеген атбегі деген аты бар, атына қарай заты бар, көмейінен ән, саусағынан күй төгілетін, көңілі жара жандарды ән-күймен сауықтыратын шипагер, естігенін құлағына құйып алатын қисагер, аккордеон тартып, домбыра шертіп елге музыка құдіретін танытқан ақын, өз тұсында сал-сері атанған екен [2]. Нұрсалғазы міне осындай әкеден тәрбие алған адам. Бүгінгі таңда шырқалып жүрген Нұрсалғазының «Ана отан өзің үшін тірлігім» деген әнмен сонау 1952 жылы әкесі Қызыкен өзі жазып, өзі шырқаған.

1975-1977 жылдары Тарбағатай аймақтық Педагогика мектебін бітірген. 1977 жылдан бастап орта мектеп музыка мұғалімі, әдебиет мұғалімі, аудандық ойын-сауық, мәдени үйірмесінің бастығы, оқу-ағарту мекемесінің жетекшісі болыпқызымет атқарған. 1983-1985 жылдар Шыңжаң көркемөнер Институтынан сырнай (аккордеон) тарту, музыка шығармашылығын жазу, музыка назарнасы мамандықтарын оқыған. 1990-1993 жылдары Шыңжаң Университетінің сырттай оқу курсына бітірген. 1995 жылы Орталықтаң мәдениетті басқару кадрларын жетістіру Институтынан оқып білім алады.

Нұрсалғазы Қызыкенұлы қайраткер композитор, талантты ақын. 1972 жылдан бері қарай музыка жасампаздығымен шұғылданып, оркестрге және жеке орындалатын күйлер, би музыкасы, әндер, хорға, балалар хорына арналған шығармалар, терме, талай қатарлы 250-ден астам музыка шығармаларын жазған. Бұдан басқа, 1980 жылдан бері 50-ге жуық өлең-жыр, бата, жоқтау өлең, комедия, әдеби туындыларын жазумен шұғылданады.

Музыкалық ән-күй шығармаларынан «Алтын таң», «Береке» қатарлы, оркестрге арналған күй «Аңсау», жеке күйлер «Тарбағатай», «Қош енді», «Жалғыз ән сап», «Көк тайым», «Жұмбақ айтысы», «Сағынамын сол бақты» т.б әндер, «Ұлт достығы жасасын», «Орман анам» хорлары сияқты 100-ге жуық шығармалары бар.

Орта бастауыш мектептің оқулықтарына «Ұстаз жүрегі», «Тұңғыш салют», «Мерекке жыры» сияқты әндері енгізілген. 1991 жылы Шыңжаң халық баспасынан шығарылған «Ән әуені», «Ұмытпадым», «Күте бер», «Үкілі қыз» сияқты 14 туындылары және өмірбаяны жинақтарға енді.

1993 жылы Тарбағатай аймағы жағынан өткізілген кәсіптік үйірмелердің ән жазу шығармашылығы жарысында «Ұлы партия» атты әні үшін ерекше сыйлықты еншіледі.

1997 жылы әдебиет-көркемөнершілер мерекесі қарсаңында Шыңжаң көлемінде өткізілген 3-кезекті туынды жасампаздығы жарысында «Ұлы партия», «Жас қайын» әндері «таңдаулы әндер» сыйлығына ие болды. 1999 жылы Тарбағатай аймағы өткізген ән-би музыкалық аспаптар сайысында «музыка аспабы тәрбиелеудің таңдаулы ұстазы» атағына ие болды.

Осы жылы «Ана Отан», «Мақпал түннің жұлдызы» атты әндері мемлекеттік жарыстың І-ІІІ орындарын еншілеген. Аудан, аймақ, облыс жағынан өткізілген сыйлықты жарыстардан 15-тен астам ән және күйлері І-ІІ-ІІІ орындармен марапатталған.

2011 жылы наурыз айында Халықаралық әдебиет-көркемөнер істерін зерттеу орны, ҚХР әдебиет-көркемөнершілері пікір алмастыру қоғамы, Халықаралық бағалау комитеті саласындағы мамандардың бағалауымен Халықаралық әдебиет-көркемөнер істеріне көрнекті үлес қосушы атағына ие болған.

2012 жылы Шыңжаң Халық радиосы, Шыңжаң музыканттар қоғамы өткізілген жаңа әндерді бағалау жарысында «Жалғыз ән сап» атты әні І-ші орынды еншілеген.

2009 жылы Шыңжаң Қазақ тіл мәдениеті ғылыми қоғамы тарапынан «Мәдениет саласындағы үздік үлескер» деген куәлік берілген.

2001-2003 жылдары «Дүниежүзілік әдебиет-көркемөнер саласындағы әйгілі адамдар» атты жинақтың

IV-ші томына енгізілген. Сонымен қатар, «XX- ғасыр Қытай Қазақ сазгерлері» атты жинағына енгізіліп жасампаздық барысы таныстырылған.

Осындай ерен еңбектерінің арқасында, 2012 жылы Қытай Халықаралық көркемөнер торабы жағынан көркемөнер ақылшысы болуға ұсынылған.

Сонымен қатар 2009 жылдың соңына қарай елбасы Н.Ә. Назарбаевтың тікелей тапсырмасымен, мәдениет және ақпарат министрлігінің қолдауымен «Мәдени мұраны қорғау» мемлекеттік бағдарламасы аясында жарық көрген «Қазақтың дәстүрлі 1000 күйі» атты антологиясына Тарбағатай аймағы күйлері көптен еніп, қазақтың күй қорына қосылды.

Осы сөздерімізге дәлел беру үшін «Алтын таң» атты күйі мен «Еміл жағасында» атты әнге тоқталайық.

«Алтын таң» атты күйдің шығу тарихына келсек, композитор 1991 жылы шілде айында Жайыр тауы жайлауына жұмыс бабымен барады. Салқын самалды жайлауда ұйқыдан ерте оянып, таң сәрінен орнынан тұрып жайлау көрінісіне көз тастайды. Сол кезде шығыстан таң баяу сызылып атып, түн көрпесін түре бастайды. Әс сәтте аспандағы ақ бұлттардан жанға жайлы ақ жаңбыр себелеп, шөптер жап-жасыл түске бөленіп, жайлау көркін тіптен әрлей түседі. Шарайнадай жарқырап, дөп-дөңгелек сары алтындай күн шығып, жер анаға нұрын төгеді. Жаңбыр себелеп жауып, басылып, қас-қағым сәтте бүкіл әлем нұрға бөленген сол күнгі таңғы аспан мен әр алуан түске бөлене құлпырған жер ана автордың көз жанарына ғажайып көрініс ұялатады. Авторға ой салады. Табиғат дүниесінің жарасым тапқан осы мезгілін композитор өз бақытына, күллі адамзат бақытына балайды. Осындай терең тебіреніс, толғаныстан «Алтын таң» атты күй өмірге келеді. Ұлтымыздың атам заманнан бергі қоныстанып келе жатқан ортасы, тыныс-тіршілігі, дала өмірі, дала табиғаты, кең сахара, тау-тас болғандықтан салт-дәстүріміз, ұлттық құндылықтарымыз, ән және күйіміз көркемді сырлы табиғатпен тығыз байланысып жатыр. Бұл күй осы бір ойға түрткі болып ұлттық өмірімізді, салт-дәстүрімізді, ұлттық құндылықтарымызды көз алдымызға алып келеді.

Ал «Қош енді» атты әнін айтар болсақ, композитор бұл ән әуеніне терең сезім ұялатқан. Яғни, лирикаға толы әуендер жиынтығы. Өнде ащы шындық та, өзекті өртер өкініш те, сарғайған сағыныш та, өкпе-наз да, тәтті мұң, ақ тілек те бар. Қысқасы, бір кейіпкердің бастан кешкен тағдырымен мұңдалып тұр. Нәзік сезімдерден өрілген ән ырғағы тыңдаушының алпыс екі тамырын балқытып, ішкі жан дүниесіне әсер етеді. Адам өмірінде адал махабатты қадірлеп өтуі керектігін ұғындырады.

Қорыта айтқанда, қазақтың музыкалық мұралары заманына сай жаңалыққа толы, мейлі оның тақырыптық-жанрлық, ар жағында күрделі ілім жатқан күй құрылысын ауыз толтыра айтар жайымыз бар. Композиторлар өз шығармашылығында бейнелемек болған табиғат құбылыстарын, немесе адамның мінез-құлықтарын, сыртқы бейнесін музыка тілімен айшықтап, өрнегін өріп, сұлу сазды әуенмен өрбіткен, сөйте отырып ұлттық рухты, қазақ еліне деген патриоттық сезімді дамыту бағытында теңдесі жоқ қызмет етуде.

1. <http://referattar.kz/referat/show/12382>

2. Сейітқан Қалиұлы. Естелік. «Өнерлі әкелер мен өнерпаз өрендер». Алматы. Бастау, 2011. – 17-19 бб.

УДК 791.43.01 (574)

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚСТАН ҚОҒАМЫНДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК-МӘДЕНИ ПРОЦЕССТЕР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ КИНОРЕЖИССУРАДАҒЫ КӨРІНІСТЕРІ

Айдар А. М., Еділбаев Б. У. – Т. Жүргенов атындағы ҚазҰӨА 6D041600 «Өнертану» мамандығының PhD докторанттары

Егемен еліміздің өркендеп дамуының жаңа кезеңдерінде, заман сұраныстарына сай жаңа әлеуметтік-мәдени процесстер үрдістері қалыптасу үстінде. Қоғамның дамып жетілуі, қоғамдық сананың бітім болмысында жан-жақты көріністер табуда. Бүгінде көптеген зерттеулердің әлеуметтік процесстердегі мәдени-философиялық, мәдениет танулық, өнер танулық арналарды қажет ететіндігі айдан айқын болып отыр. Ал қоғамның дамып жетілуінде мемлекеттік мәдениет саясатын жасаудағы мәдениеттанудың орнына келер болсақ, бұл жерде айтылған пән салаға қажеттілік тарихи материализм пәнінен бос тартудың салдарынан пайда болған бос кеуектен келіп шыққанын есте ұстау жөн. Қоғамдық сана дамып

жетілу үшін, қоғамның базисінде болып жатқан барлық процестер қондырмада қалай көрініс табатындығына ерекше көңіл аударған жөн. Сондықтанда қоғамдық қондырманың бір бөлігі болып саналатын мәдениет пен өнер әлеуметтанудың бір бөлігі ретінде әрқашанда қарастырылып келді. Елімізде дамып жатқан мәдени үрдістердің ішінде кино өнерінің алатын орны ерекше екендігі айқын көрінуде. Соңғы жылдары қазақ елінің кинотанушылары қазақ кинорежиссерлерінің шығармашылықтарындағы табыстары мен жетістіктерін айқын көрсетіп, әртүрлі дәрежедегі салыстырмалы талдаулар жүргізуде. Осы зерттеу жұмысының негізгі өзегі отандық кинорежиссураның алдыңғы шебінде жүрген өнер қайраткері Д. Өмірбаевтың шығармашылығының ішкі мазмұнын ашып көрсете отырып, оның қазіргі қоғамдық санаға тигізетін әсерлеріне және қоғамдық болмысты бейнелеу мүмкіндіктеріне көңіл қойдық.

Түйін сөздер: қоғамдық сана, қоғамдық болмыс, базис, қондырма, кино өнері, кинорежиссер, кинодағы дәстүрлер мен жаңалықтар.

Современное Казахское общество очень быстро развивается, вместе с тем большому изменению подвергается социо-культурные основы нашего государства. Все крупные изменения в нашем обществе имеют прямое отражение и в базисе общества а также в ее надстройке. В данный момент в социо-культурных изменениях нашего государства имеет особое место киноискусство и другие виды искусства. Являясь составной частью базиса нашего общества, киноискусство имеет важную роль в формировании общественного сознания. Именно поэтому ежегодно в нашей стране проводятся международные кинофестивали, где особые награды завоевывают наши кинорежиссеры. Поэтому не вызывает сомнения изучение творческого наследия отечественных кинорежиссеров. В данной работе авторы раскрывают смысл содержания социо-культурных особенностей современного и отражение их в кинорежиссуре, для этого они анализируют фильмы нового этапа в режиссуре Д. Омирбаева – «О любви», «Шұға» снятые по мотивам русских классиков А. Чехова и Л. Толстого, в которых на первый план выходят женские образы, а также фильм «Студент» по мотивам романа «Преступление и наказание» Ф. Достоевского, в котором остро затронута проблема расслоения современного общества на богатых и бедных. Ведь мы знаем что кинорежиссура один из специфических форм изучения закономерности становления, современного состояния, развития, общественной действительности, которая отражается в киноискусстве.

Ключевые слова: общественное сознание, общественное бытие, базис, надстройка, киноискусство, кинорежиссура, новации и традиции в кино.

Modern Kazakhstan society is growing rapidly, along with the more changes are subject to the socio-cultural foundations of our state. All major changes in our society are directly reflected in the basis of society and its superstructure. At this point in the socio-cultural changes in our country has a special place cinema and other arts. As an integral part of the basis of our society, cinema has an important role in shaping public consciousness. That's why every year in our country holding an international film festivals, where special awards win our filmmakers. Therefore, there is no doubt the study of the creative heritage of Russian filmmakers. In this paper, the authors reveal the sense content of socio-cultural features of modern and reflected them in filmmaking, for this they analyze films of a new stage in directing D. Omirbayev - "About Love", "Shyға" is based on the Russian classics of Chekhov and L. Tolstoy, in which the fore female characters, as well as the film "Student" based on the novel "Crime and Punishment" by Fyodor Dostoevsky, which sharply affected by the problem of separation of modern society into rich and poor. After all, we know that one of the filmmaking specific forms of study zakonovernosti stanavleniya, modern state, development, social reality, which is reflected in the cinema.

Keywords: social consciousness, public byte, basis, superstructure, cinema, filmmaking, innovation and tradition in cinema.

Қазіргі Қазақстан әлеуметтік өмірінің ерекшеліктерін оның бітім болмысының мән мен маңызын, қоғамдық сананың қалыптасып дамуын біз өнер туындыларынан анық та айқын көре аламыз және ол процесстердегі заңдылықтар туралы ойлар қалыптастыруға қол жеткіземіз. Қазіргі қазақ кинорежиссурасы бұл бағытты қомақты табыстарға қол жеткізді. Сол жемістердің жүзеге асырушыларының бірі ұлттық киноның тарланы, ұлттық өнердегі ерекше тұлға - Дәрежан Өмірбаев. Ол «Жол» (2001) фильмі арқылы «қазақ жаңа толқыны» бағытында түсірілген фильмдерінің қорытындысын шығарып, өз шығармашылығында жаңа кезеңді ашады. Режиссер шығармашылығының жаңа кезеңіндегі тенденциялар ең алдымен, өзі жазған сценарийлерден бас тартып, классикалық әдебиетті экрандауға бет бұрумен байланысты. Жалпы, соңғы жылдардағы қазақ кинорежиссурасында жүріп жатқан үрдіске назар аударсақ, бірнеше әдеби шығармалардың экрандалғанын көре аламыз. Экранизацияға деген бет бұрыс шамамен 2000-шы жылдардың орта шенінен белең алды.

Режиссерлардың басым көпшілігі әдеби шығармаларды тікелей экрандау формасында емес, тек туындының негізгі желісімен түсірді. Фильмдерге арқау болған қазақ, орыс әдебиетшілерінің шығармалары. Режиссерлар Д. Манабай «Кек» (2005), Б. Шәріп «Күнә» (2005), А. Айтуаров «Дала экспрессі» (2006), Д. Өмірбаевтың «Махаббат туралы» (2007), «Шұға» (2007), «Студент» (2012) фильмдері түсірілді. Осы кезеңде Дәрежан Өмірбаев жаңа тақырыптарға бел буады – орыс классикалық проза желісі бойынша фильм түсіру. Фильмдердің тақырыбы, яғни мазмұны өзгерсе де, кинотуынды стилі, формасы еш өзгермеді.

Экранда Өмірбаевтың кейіпкері ішкі комплекстерін, алғашқы ғашықтық пен түңілу, анаға деген сағыныш, өмір бойы серік болған жалғыздық сезімдерін бастан кешіреді. Осы кейіпкер, кейін тіптен жоғалып кетті деуге болмайды. Ол «Махаббат туралы» (2006), «Шұға» (2007), фильмдерінде де кездеседі, бірақ екінші планның кейіпкері ретінде ғана. Ал режиссердің жаңа кезеңінде бас кейіпкері «Шұға» фильмнің аты айтып тұрғандай әйел адам болды. Алдыңғы туындыларында әйел бейнесінде баса салмақ болмаса, енді керісінше «Махаббат туралы» (2006), «Шұға» (2007) фильмдерінде режиссерлік назар әйел бейнесіне түсті. Ер адамдардың бейнесі екінші планда қалды. Аталған екі фильмдегі әйел өміріндегі негізгіпроблема – махаббат, сатқындық, түсініспеушілік басты тақырыпқа айналды. Егер «Кардиограмма» (1995), «Киллер» (1998) фильмдерінде кейіпкерлер өміріндегі материалдық қиыншылық, әлеуметтік мәселелерге акцент қойылса, «Махаббат туралы» (2006) және «Шұға» (2007) фильмдерінде керісінше материалды мәселелер артқа шегеріліп, рухани құндылықтар алдыңғы қатарға шықты. Екі фильмнің кейіпкерлері Тоғжан («Махаббат туралы») мен Шұға («Шұға») үшін маңызды болып тұрғаны рухани құндылықтарға талпыныс пен шынайы махаббат. Тоғжан кездестірген күйеуінің жолдасы Қайраттың бойынан өзі қалағандай қасиеттердің барлығы табылады, ең бастысы ішкі рухани әлемінің байлығы мен шынайы махаббат сезімі. Бірақ, Тоғжан махаббатын тапқан күннің өзінде отбасын жоғары қойды. Ал Шұға болса, ғашығы Абылай үшін өз отбасын құрбан етті. Абылай үшін болса, тек ақша мен өзінің жеке басының еркінен басқа құндылық жоқ. Отбасынан айырылған Шұға үлкен күйзеліске ұшырап, аңсаған махаббаттың құнын өз өмірімен төлейді.

«Махаббат туралы» мен «Шұға» фильмдерінің оқиға желісі өтетін орны – үлкен қала, атап айтсақ еліміздің екі астанасы. Осы фильмдерде қазіргі қала қазақтарының өмірі қамтылады. «Жол» фильмінің кейіпкері Өмір, есігіне біржолата құлып салып, өз ауылымен қоштасып кеткен болатын. Режиссер жаңа фильмдерінде ауылдың проблемасына баса назар салмайды, бүгінгі Қазақстан капитализм, нарықтық экономикаға ауысқан заманда, адамдар үшін қандай құндылықтар қалғанын көрсетуге өзіндік талпыныс жасайды.

«Шұға» Л. Толстойдың «Анна Каренина» романының желісі бойынша түсірілген. Бұл романды ондаған режиссерлар экрандаған. Бірақ, ол фильмдердің басым көпшілігі романның тікелей иллюстрациясы ретінде түсірілген. Ал Дәрежан Өмірбаевтың ерекшелігі мен жаңашылдығы – бұл туындыны басқа қырынан қарастырып, өзіндік трактовкада береді. Романның оқиға желісі негізінен ХІХ ғасырдағы Ресей қоғамының көрінісі махаббат тізбегі арқылы суреттеледі. Режиссер Дәрежан Өмірбаевтың да осы тақырыпқа жүгінуінің себебі, сол тұста Ресейде орын алған жағдай, қазіргі таңда Қазақстанда да қайталануда. Бұл романның идеясы осы күні өте көкейтесті тақырыптардың бірі деуге болады. Соның ішінде ең бастысы – капитализмның, нарықтық қарым-қатынастардың келуі. Соған орай, қоғам өміріндегі құндылық категорияларының өзгеруі.

Д. Өмірбаев роман оқиғасын біздің заманымызға алып келді, яғни, ХХІ ғасырдың басына. Оқиға өрбіп жатқан елді, яғни – Ресей империясын бүгінгі Қазақстан мемлекетіне өзгертті. Бас кейіпкерлер орыс емес, қазақтар, соған орай Анна – Шұға, Вронский – Абылайға, Кити – Алтынайға, Левин – Тілегенге ауыстырылады. Бірақ кейіпкерлердің аты–жөні ғана емес, мінез–құлқы, ішкі психологиясы режиссерлік трактовкаға сай өзгеріске ұшырайды. Ең бастысы, фильмнің оқиғасында хронотоп трансформацияланды. Уақыт және кеңістікпен қоса оқиға өтіп жатқан жер мен заман да өзгерді.

Дәрежан Өмірбаев өз сұхбатында: «...мен бұл романды кинематограф тіліне аударғым келді. Менің ойымша, «Шұғаның» ерекшелігі, «Анна Каренинаны», біріншіден, ХХІ ғасырға, екіншіден, мүлдем өзге елге аударғанда емес. Ең бастысы бұл емес, мұны кез келгені істей алады. Мысалы, жақында, Оңтүстік Африка режиссері «Анна Каренинаны» түсіргенін, оның кейіпкерінің салмағы 100 килограмм, ауылда тұрады екен, деп естідім. Романды қызықты интерпретациялаған, бірақ, мен фильмді көрген жоқпын... Бұл оқиғаны кинотілімен баяндау – мен үшін маңыздысы осы еді... Сосын, титрде жазылған ғой «Роман желісі бойынша...». Ал, «желісімен» деген сөз, демек, негізге тек сюжет алынды. Бірақ, негізгі сахналардың бәрі сақталған»– дей отыра, бұл шығарманы алуының тағы бір маңызды себебін айтады: «Лев Толстойдың «Анна Каренина» романы өте кинематографиялық, онда бәрі түсірілім үшін жазылған

секілді: қалай тұрып, қайда қарау керегі, көзқарасы, бұрылуы... Каренина мен Вронскийдің алғашқы кездесуін есіңізге түсіріп көріңізші. Ол нағыз режиссерлік сценарий секілді, экранға сұралып тұр. Оның үстіне, басты рольге сай бір актриса ойымда жүрген еді. Осы екі себептен, мен, сценарий жазуға кірістім» [1, 16].

Л. Толстойдың «Анна Каренина» романы кино тіліне бір табан жақын болғанын дәлелдейтін романның мына үзіндіні түпнұсқа түрінде, яғни орыс тілінде келтіріп кетейік: «Вронский пошел за кондуктором в вагон и при входе в отделение остановился, чтобы дать дорогу выходящей даме. С привычным тактом светского человека, по одному взгляду на внешность этой дамы, Вронский определил ее принадлежность в высшему свету. Он извинился и прошел было в вагон, но почувствовал необходимость еще раз взглянуть на нее – не потому, что она была очень красива, не по тому изяществу и скромной грации, которые видны были во всей ее фигуре, но потому, что в выражении миловидного лица, когда она прошла мимо его, было что-то особенно ласковое и нежное. Когда он оглянулся, она тоже повернула голову. Блестящие, казавшиеся темными от густых ресниц, серые глаза дружелюбно, внимательно остановились на его лице, как будто она признавала его, и тотчас же перенеслись на подходившую толпу...» [2, 64].

Фильмде негізгі оқиғалар тізбегі сақталған. Бірақ, кейіпкерлердің көп іс-әрекеттерінің кей тұстары ақталмаған. Экранда болып жатқан оқиғалардың кей сәттерінде түсініспеушілік пен күмән туады. Мысалы: Абылайдың Шұғаның артынан Астанаға қарай автокөлікпен жолға шығып баруы. Экрандағы кейіпкерлердің бір көріп ғашық болатындай атмосфераны режиссер, өкінішке орай, сездірте алған жоқ. Әрине, бұл фильм Д. Өмірбаев стилінде түсірілген. Фильмнің барлық компоненттері ритмдік, монтаждық тұрғыда нақты есептелген, эмоциядан тазартылған, құрғақ, әрі стирильді. Мысалы, «Жол» (2001) фильмінде осыған ұқсас жағдай болады. Әмір жол бойында орналасқан кафелердің біріне тамақтануға тоқтап, сол жерде қызмет көрсетуші даяшы қызды көре салысымен бойында қызығушылық пайда болады. Сондағы туындаған атмосферадан, Әмірдің іс-әрекетінен-ақ барлығы дерлік түсінікті, көрерменге қабылдауға жеңіл.

Келесі, ақталмай қалған, әрі түсініксіздеу көрініс қатарына, Алтынайдың опералық спектакльден кетіп қалуы мен жалма-жан өз-өзіне қол жұмсауын жатқызуға болады. Алтынайдың осындай әрекетке барғаны түсініксіз. Өйткені, Абылай екеуінің ара-қатынасында өз-өзіне қол жұмсауға баратындай махаббат сезімі аңғарылмайды. Режиссер бұл атмосфераны да Дәрежан Өмірбаев көрермендерге, өкінішке орай, бере алған жоқ.

Студентфильмі Достоевский Федор Михайловичтің «Қылмыс пен жаза» («Преступление и наказание») романы өз қоғамының сырқатына берілген диагнозы. Ол сырқат – капитализм. «Қылмыс пен жаза» романың желісі «Судент» (2012) фильмінде бүгінгі заманауи Қазақстан еліне бейімделген.

Фильмде бүгінгі қазақ қоғамының өзекті мәселелері арқау болады. Қоғам арасындағы әлеуметтік таптардың теңсіздігі. Бай мен кедей, шалғай елдерден келген азаматтардың бейімделуі, әлеуметтік қорғалмаған тап өкілдері және осы ортадағы «кішкентай адамның» жан-дүниесінің күйзелісі, рухани ізденісі фильмде көтерілген.

Фильмнің бас кейіпкері – алматылық бір жоғары оқу орнының философия факультетінің студенті. Ол Алматының шетінде қарт әйелдің үйінде бөлмесін жалға алып тұрады. Студент қаржылай қиындықта. Фильмде кедейшілік пен байлықтың атмосферасы қала көріністері мен интерьер арқылы берілген. Көреген әлеуметтік әділетсіздіктен және басқа да факторлардың салдарынан, ішкі күйзеліске төтеп бере алмай, күнделікті нан және азық-түлік алып жүрген дүкеннің сатушысын және кездейсоқ кіріп келген сатып алушыны өлтіреді.

Дәрежан Өмірбаев мақала авторына берген сұхбатында былай дейді: «Достоевский романындағы Родион Раскольников қатаңдау, ашулырақ, біздің фильмдегі кейіпкер жұмсақ, нәзігірек. Давид пен Голиаф арасындағы жағдайды тудырдым келді. Әлсіз адам қоршаған ортаның ауыр қысымына төтеп беруі... Өнер академиясында өзім сабақ беретін студенттердің арасында Нұрлан Байтас көзіме түсті. Студенттің роліне келетіндей көрінді, онда өзім қалағандай бір жұмсақтық болды. Нұрланның жүзіне қарап – жасайтын әрекетті күтпейсің. Дегенмен, ол іске барады. Менің де қызыққаным сонда еді. Егер сенде басты ролді сомдайтын адамын болса, оның өзі саған автор, режиссер ретінде көп күш береді... Достоевскийдің «Қылмыс пен жаза» романының көтерген мәселесі бүгін де өте заманауи, әрі көкейкесті. Бұл роман жазылған уақытта дәстүрлі Ресей қоғамындағы қарапайым халық арасына капитализмнің келуіне реакциясын көреміз. Міне, сол реакция нәтижесі ретінде Раскольников пен біздің кейіпкердің әрекеті. Жас кезімде үлкен қалаға келгенімде, классикалық орыс әдебиеті маған орасан зор көмегін тигізді. Мен де Раскольников тектес ортада өмір сүрдім. Орыс классика әдебиетіне алғысым ретінде

осындай фильмдер жасадым... Кеше ғана адамдардың барлығы тең сияқты еді, ал енді болса адамдар ақшаның мөлшерімен бөлінетін болды. Бұл әділетсіздік және осы әділетсіздікке қарсы Достоевский және менің кейіпкері шықты. Өте нәзік, жұмсақ, жүдеу жалғыз жігіт жан-жағынан қысып жатқан алпауыт әділетсіздікке қарсы шығады».

Дәрежан Өмірбаев фильмдерінің тұрақты операторы, 1995 жылы шыққан «Кардиограмма» фильмінен бастап режиссермен бірге қызмет етіп жүрген кинооператор Борис Трошев мақала авторына берген сұхбатында былай деген: «Фильмнің жарығын таңдауға маған Достоевский шығармасынан бір фраза ойға жетеледі. Раскольниковтың анасы ұлының бөлмесін көріп, «бөлмең табытқа ұқсайды» деп айтады. Осы эпизод шығарма мен фильмнің мазмұны, кейіпкер бейнесіндегі шешуші көріністердің бірі. Александр Ророкин Достоевский шығармасында берілген жағдайға сай интерьер тапты. Маған тек дұрыс жарық қою арқылы сол жағдайлы демеу қажет еді. Интерьер ішінде күнгірт атмосфераны беру қажет болды, сол арқылы фильмнің бейнелік қатарының негізін ұстандық... Фильм басталғанға дейін Дәрежанда фильмді ескі аудандарда түсіру ниеті болды. Әл ауқаты төмен отбасылардың тұрмысын көрсете отырып салыстырма ретінде жаңа қаламен оның байлығы мен дамуын бейнелеу. Фильмдегі архитектура бай мен кедей қауымын қарама-қайшылығын бейнелеу қажет. Ең басынан интерьер қалай көркемдейтінімізді ойластыру қажет болды. Тапқан пәтердің шамындағы абажурдың жылы түстері кейіпкерлер жүзіне жылылық берді, енді оның артық жарықпен бұзып алмау еді... Бейнеге деген талғамы жоғары режиссермен жұмыс істеген өте жағымды. Дәрежан бейнелеу өнері мен фотографияны өте жақсы біледі, оның авторлық фотографиядан жеке көрмесі өткен. Оның фильмдерінің құндылығы – актер ойынында емес, мизансцена мен кадр құралымында негізделген. Оператор үшін режиссердің кадр құрылымына көңіл бөлгені өте маңызды».

Вот лишь один пример. Встретив известие о начале войны на Ленинградской кафедре, митрополит Алексей уже 26 июня обратился к своей пастве с патриотическим воззванием «Церковь зовет к защите Родины». А 10 августа, во время службы в Богоявленском соборе Москвы, он произнес поистине историческую речь, в которой определил защиту Отечества как «непреодолимое веление сердца, порыв любви», который никто «не в силах остановить», который надо «до конца исчерпать» [5].

Буквально за несколько дней до начала блокады (2 сентября 1941) Алексей возвращается в Ленинград и остается в осажденном городе вместе со своей паствой, разделяя все ужасы блокадных дней.

Несмотря на бомбежки и обстрелы, в храмах города проходили богослужения. Митрополит вел активную работу по сбору средств в Фонд Оборона. За 1941-1944 годы было собрано более 13 миллионов рублей. И это – в умирающем от голода блокадном Ленинграде!

В мае 1944 года Алексей вместе с сестрой В.П.Погожевой передал свою дачу под Ленинградом под детский дом для детей-сирот, оставшихся без родителей в годы войны.

За патриотическую деятельность в дни блокады Алексей вместе с группой ленинградского духовенства 11 ноября 1943 года был награжден медалью «За оборону Ленинграда»[6].

Но было немало и других ярких примеров патриотизма. Так, в Красноярске в годы войны в должности главного хирурга эвакогоспиталя трудился епископ Лука (Войно-Ясенецкий – известный ученый-медик). В 1946 году за капитальный труд «Очерки гнойной хирургии» ему была присуждена Государственная премия I степени, большую часть которой он пожертвовал на «помощь сиротам, жертвам фашистских извергов»[7].

Следует сказать, что кипучую патриотическую деятельность в годы войны вели и многие священнослужители дальнего зарубежья (к примеру, Эрзах Московской Патриархии в Северной и Южной Америке митрополит Вениамин (Федченков). В оккупированных нацистами странах Западной Европы участниками сопротивления были также священнослужители Русской православной церкви. Так, в занятом нацистами Париже была создана русская церковно-общественная организация «Православное действие». Руководили им монахиня Мария (Кузьмина-Караваева) и священник Дмитрий Клепинин, погибшие за свою деятельность по укрытию евреев и советских военнопленных в нацистских концлагерях. [8]

Все это не могло быть не отмечено советским Правительством. Сталин прекрасно понимал, что в условиях войны позитивная роль Русской православной церкви огромна.

4 сентября 1943 года в Кремле прошла историческая встреча И.В.Сталина с митрополитом Сергием (Старогородским), Алексием (Симанским) и Николаем (Ярушевичем).

«Во время беседы, - сообщала на следующий день газета «Известия», - Митрополит Сергей довел до сведения Председателя Совнаркома, что в руководящих кругах Православной церкви имеется намерение в ближайшее время созвать Собор епископов для избрания Патриарха Московского и всея Руси и образования при Патриархе Священного Синода. Глава Правительства И.В.Сталин сочувственно отнесся к этим предложениям и заявил, что со стороны Правительства не будет к этому препятствий». [9]

Собор епископов состоялся в Москве 8 сентября 1943 года. В нем участвовало 19 иерархов (3 митрополита, 11 архиепископов и 5 епископов. Многие из них были доставлены на Собор из лагерей и ссылок). Патриархом Московским и всея Руси был избран митрополит Сергей.

Собор обратился к христианам всего мира с призывом «дружно, братски, крепко и мощно

объединиться во имя Христа для окончательной победы над общим врагом в мировой борьбе, за погранные Гитлером идеалы христианства, за свободу христианских Церквей, за свободу, счастье и культуру всего человечества». Собор с особой силой подчеркнул, что «всякий виновный в измене общецерковному делу и перешедший на сторону фашизма, как противник Креста Господня, да числится отлученным, а епископ или клирик – лишенным сана». [10]

12 сентября 1943 года в Московском Богоявленском соборе состоялась интронизация новоизбранного Патриарха.

Патриарх Сергей недолго возглавлял Русскую православную церковь. 15 (2) мая 1944 года он скончался и был похоронен в Никольском пределе Богоявленского патриаршего собора. В завещании, составленном еще в декабре 1941 года, Патриарх Сергей, тогда еще Патриарший Местоблюститель, писал: «В случае моей смерти или невозможности исполнять должность Патриаршего Местоблюстителя эта должность во всем объеме присвоенных ей патриарших прав и обязанностей переходит к Преосвященному митрополиту Алексию (Симанскому)». [11]

21-23 ноября 1944 года в Москве состоялся Собор епископов Московского Патриархата, на котором были приняты проекты соборных документов и определен порядок избрания Патриарха. [12] А 31 января 1945 года в московском храме Воскресения Христа в Сокольниках открылся Поместный Собор Русской Православной Церкви. [13]

Кроме всех епархиальных архиереев, представителей клира и мирян Русской Церкви, в работе Поместного Собора приняли участие: Блаженный Папа и Патриарх Александрийский и всей Африки Христофор, Блаженный Патриарх Антиохийский и всего Востока Александр III, Святейший и Блаженнейший Каталикос – Патриарх всей Грузии Каллистрат, архиепископ Фиатирский Герман (Константинопольская Церковь), архиепископ Севастийский Афиногор (Иерусалимская Церковь), митрополит Скопьянский Иосиф (Сербская Церковь), епископ Арджешский Иосиф (Румынская Церковь) и с ними члены делегаций этих церквей.

Всего на Соборе было 204 участника. [14]

Такого, конечно, не было раньше. В истории церкви это был прорыв. Церковь объявила как бы и власти, и широкой общественности за рубежом о своем возвращении и международном признании. А власти ничего не оставалось, как приветствовать Собор устами своего представителя – председателя Совета по делам Русской православной церкви при Совнарком СССР Г.Г.Карпова.

Он дал высокую оценку исторической роли, которую играла Православная церковь в жизни русского народа в годы испытаний, и выразил надежду, что Поместный Собор явится «важным отправным моментом в дальнейшем развитии деятельности Церкви, направленной на помощь советскому народу в достижении стоящих перед ним величайших исторических задач...». [15]

2 февраля состоялись выборы нового Патриарха Московского и всея Руси. Им стал Алексей I. Торжественная интронизация была совершена 4 февраля в Богоявленском патриаршем соборе в Москве. А 22 мая 1945 года впервые в истории Русской православной церкви патриарх отправился в паломничество на Святую Землю.

Нельзя не сказать и еще о некоторых этапных событиях в жизни Церкви.

Так, 10 апреля 1945 года состоялась встреча Патриарха Алексея с И.В.Сталиным. В ходе беседы Иосиф Виссарионович «сочувственно отнесся к планам и нуждам церковного руководства и обещал поддержку». [16]

В результате начались работы по восстановлению храмов, их ремонту и благоукрашению, возрождению Духовных школ. Летом 1944 года в Новодевичьем монастыре в Москве состоялось открытие Православного Богословского института и Пастырско-богословских курсов, через два года преобразованных в Московские Духовные Академию и Семинарию. Были также открыты Духовные школы в Ленинграде (Академия и Семинария), Одессе и некоторых других городах. [17]

В это же время в Алма-Ате вновь открылся для прихожан Свято-Никольский Собор. Ему был придан статус кафедрального.

День Победы, 9 мая 1945 года, совпал со святыми днями Пасхи Христовой. Во всех православных храмах совершались благодарственные молебны и служились панихиды по погибшим в Великой Отечественной Войне. Особо торжественно этот день был отмечен в Богоявленском соборе, где службу провел патриарх Алексей.

24 июня 1945 года, в день Парада победителей, на Красной площади среди почетных гостей на трибунах присутствовали патриарх Алексей и его ближайшие сподвижники.

У поэта Сергея Решетникова есть стихотворение, которое называется «Православие». Думается,

что лучшего заключения к заявленной теме трудно подобрать. Поэтому процитирую его полностью:

-Православие – это крест,
Крест нелегкий, но благодатный.
В небе радостный Благовест
Призывает на подвиг ратный.
Верно Родине послужить –
Это наше святое право.
Так Отцы завещали жить:
Честь России и Богу Слава!

1. См.: Литературная газета, 17-23 марта 2010. - №10 (6265).
2. См., к примеру: «Московский церковный вестник» -1922.-№2(68); Русская Православная Церковь:988-1988. Очерки истории 1917-1988 гг.- Выпуск 2. –Издание Московской Патриархии, 1988. – С.53.
3. Цит. по: Одинцов М.И. Патриарх Алексей I (Симанский): биографические заметки. (К 130 –летию со дня рождения)// Свобода совести в России: исторический и современные аспекты. – М.: Росс. объедин. исследователей религии, 2007.- С.397.
4. Русская Православная Церковь иВеликая Отечественная война. Сборник церковных документов. – Изд. Московской Патриархии. – М., 1943. – С.94-97.
- 5.Правда о религии в России.- М.,1942. – С.98.
6. См.: Одинцов М.И. Патриарх Алексей I (Симанский): биографические заметки. (К 130 –летию со дня рождения)// Свобода совести в России: исторический и современные аспекты. –С.423.
7. Цит. по: Русская Православная Церковь: 988-1988. Очерки истории 1917-1988 гг. – Выпуск 2. – С.54.
8. См.: там же. –С.54.
9. Известия, 1943, 5 сентября. - №210.
10. Цит. по: Русская Православная Церковь: 988-1988. Очерки истории 1917-1988 гг. – Выпуск 2. – С.55.
11. Цит. по: там же. – С.58.
12. См.: Журнал Московской Патриархии (далее ЖМП), 1944, №12. – С.5-15.
13. Материалы поместного Собора 1945 г. –ЖМП, 1945, №2. –С.3-85. А также «Известия», 1945, 4февраля, №29.
14. Там же.
15. Там же.
16. Цит. по: Русская Православная Церковь: 988-1988. Очерки истории 1917-1988 гг. – Выпуск 2. – С.64.
17. Там же. – С.64.

МЕРЕЙТОЙ ЮБИЛЕЙ

УДК 112.

САНЖАР АСФЕНДИЯРОВ – ҚАЗАҚТЫҢ КӨРНЕКТІ ҚОҒАМ ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТ ҚАЙРАТКЕРІ, САЯСАТКЕР, АҒАРТУШЫ, ҒАЛЫМ

Әбсаттаров Р.Б.- ҚР Ұлттық ғылым академиясыныңкорреспондент-мүшесі, философия ғылымдарының докторы, профессор,

Абай атындағы ҚазҰПУ-нің саясаттану және әлеуметтік-философиялық пәндер кафедрасының меңгерушісі;

Шалтықов А.И.-саяси ғылымдарының докторы, профессор.

Туған елінің көгіне жұлдызы жарқырап шыққан қазақтың ардақты ұлы, қоғам және мемлекет қайраткері, көреген саясаткер, дарынды ғалым, педагог, әрі жазушы, Қазақстанда ғылым мен білім беру

ісінің білгірі және шебер ұйымдастырушысы Санжар Асфендияров қазақ ортасынан шыққан айтулы тарихи тұлғалардың бірі ретінде халық құрметіне бөленген. Ол биыл 125 жасқа толып отыр. Оның қазақ мемлекетінің қалыптасуы мен дамуына, білім беру жүйесі мен ғылымына, денсаулық сақтау саласына қосқан үлесі ұшан теңіз. Бұл туралы біздің ұрпақтарымыз білуі абзал.

Санжар Асфендияров дүйім қазақта аты белгілі тұлғалардың жұрнағы, болаттай тұяғы іспеттес. Әкесі Сейітжапар –сұлтан, Әбілхайыр ханның үлкен ұлы Айшуақ ханның ұрпағынан тараған патша әскерінің полковнигі шенінен отставкаға шыққан, жарты ғасырдан астам уақыт Түркістан өлкесінде қызмет еткен қазақ қайраткері, анасының есімі Гүландам Қасымова (кейбір гипотезалар бойынша Кенесары Қасымовтың ұрпақтарынан тараған).

Сейітжапар Асфендиярұлы Түркістан губернаторы кеңсесінде әскери аудармашы қызметін атқарып, XIX ғасырдың 90- жылдары Ташкентке іс-сапармен алыс-жақын елдерден келген елшіліктерін қабылдау, орналастыру сияқты дипломатиялық істермен айналысты. Өзінің жарты ғасырдан астам мерзімге созылған қызмет жолын қатардағы поручиктен бастаған Сейтжапар Асфендиярұлы туа біткен дарыны мен еңбекқорлығының арқасында Түркістан өлкесінің түркі-мұсылман халықтары үшін жоғары әскери атақ болып саналған – полковник шеніне қол жеткізеді. Сауатты, көзі ашық Сейітжапар Асфендиярұлы өз балаларына үздік білім беруге ұмтылды. Оның екі қызы – Гүлсім мен Әнел Ташкент қыздар гимназиясында, төрт ұлы – Сейіт, Әбілхайыр, Мансұр, Нұралдин және Санжар Ташкент реалды училищесінде тәлім алды.

Міне, қазақ хандарының тікелей ұрпағы Санжар Асфендияров 1889 жылы 20 қазанда Ташкент қаласында дүниеге келеді. Әкесі Ташкенттегі реалдық училищені бітірген ұлы Санжардың Санкт-Петербургте Императорлық әскери-медициналық академияда білім алуына ықпал еткен. Петербор – кезінде Ресей империясының астанасы болған. Білім мен ғылымның, мәдениеттің ошағы саналатын бұл жерде қазақтың белгілі қоғам қайраткерлері, зиялы қауым өкілдерінің біразы оқып, білім алған еді. Талапты жас Санжардың Халел Досмұхамедов, Мұстафа Шоқайлармен танысуы да осы кезден басталады. Сол жылдары бір өңірден жиналған жерлестердің бір-бірімен кездесіп, дастархан басында ән айтып, көңіл көтеріп тұруы дәстүрге айналған екен. Осында оқып жүрген қазақ жастары да бұл үрдістен аттап кете алмайды. Талап-тілегі бір, көзқарасы жақын ағайындар адвокат Сералы Лапиннің үйінде жиі бас қосып тұрған. Осындай кездесулердің бірінде Санжар өзінің болашақ жары Рабиғаны кезіктіреді. Рабиға сол кезде Петербордағы Дума депутаты болып тұрған Сералы Лапиннің қызы. Заң саласымен қоса бірнеше елдің тілін меңгерген әкесі шығыс шайырларының шығармаларын қазақ тіліне тәржімалаған аудармашы ретінде де белгілі болатын. Осындай білімді, көзі ашық Сералықызы Рабиғаны Смольныйдағы текті қыздар институтында оқытқан. Кейін Санжарға қосылып, өмірлік серік болуға бел байласады.

Сейтжапар Асфендиярұлы кенже ұлы Санжарды 1898 жылы Ташкент реалды училищесіне оқуға береді. Реалды училище Санжардың ең алғашқы саяси өмір мектебі болды, ол аталған оқу орнын 1907 жылы 5 маусымда аяқтап, куәлік алады. Сол жылы ол Петербургтағы Императорлық Әскери-медициналық академияға оқуға қабылданады.

Санжар академияда оқи жүріп, Петербургтың қоғамдық-саяси өмірімен жақын танысады және астанадағы түркі-мұсылман зиялы қауымымен етене араласа бастайды. Санжардың саяси ұстанымдары мен өмірлік дүниетанымына сол жылдарда Петербургта оқып жүрген, қызмет атқарған немесе қалаға келіп- кетіп жүрген қазақ зиялылары – Әлихан Бөкейханов, Мұстафа Шоқай, Халаел Досмұхамедов, Мұхамеджан Тынышбаев және тағы басқалар үлкен әсер етеді. Санжар Ресей империясының саяси құрылысын, елдің әлеуметтік жағдайын, отарлық езгідегі халықтардың ұлт-азаттық қозғалысының тарихын зерттеп біледі.

Санжар Асфендияров 1912-ші жылы академияны дәрігер-лейтенант шенінде аяқтайды. Оқуды бітірген жас маман Түркістандағы Термез бекінісіне шоғырланған 10-шы атқыштар полкінің жергілікті лазаретіне кіші дәрігер қызметіне жіберіледі.

Бұл тұста адамзат баласына орасан зор қасірет әкелген алғашқы дүниежүзілік империалистік соғыс басталған болатын. Термез қаласынан 1914-ші жылы арнайы 5- ші Түркістан атқыштар полкінің құрамында 1-ші дүниежүзілік соғысқа аттанады.

Жалпы, Санжар қазақтың арасында ең бірінші рет, тұңғыш рет деп айтуға болады, 1-ші дүниежүзілік соғысқа тікелей ұлт зиялыларының арасында қатысқан бірден бір адам.

Осы майданда 1914 жылдың қыркүйек-желтоқсан айларында орын алған ұрыстарда Санжар жараланған және науқас болған сарбаздарға медициналық көмек көрсетумен айналысты. 1914 жылы желтоқсанда жоғары әскери басшылықтың өрескел қателіктерді жіберу салдарынан 5-ші Түркістан

атқыштар полкы Лодзь (қазіргі Польшаның ірі қалаларының бірі, ол уақытта Шығыс Пруссия территориясында орналасқан) неміс қоршауына түсіп, басына ауыр жарақат алған Санжар жау тұтқынына түседі. Неміс тұтқынында Санжар патша үкіметі тағдырдың тәлкегіне тастаған мыңдаған жауынгерлердің қатаң тағдырына ортақтасып, күрделі санитарлық жағдайларда имитацияланған лазареттерде медициналық қызметпен шұғылданып, Торн, Кутно, Александровка концентрационды лагерьлерінде бір жылға жуық уақыт өткізеді. Тектінің ұрпағы жау қолында жүрсе де білімін шыңдаудан жалықпайды. Өз бетінше неміс тілін оқып үйренеді. 1915 жылдың аяғында Қызыл Кресттің тұтқындармен алмасу бағытында жүргізген қажырлы еңбегінің көмегімен, Балтық теңізі арқылы алдымен Швеция, сосын темір жол арқылы Санкт-Петербургқа қайтып оралады. Астанада неміс тұтқынына амалсыздан түскен жауынгерлерді қатаң бақылауға алған, патшаның күзет орындары оларды сенімсіз элементтер ретінде қара тізімге қосты [1]. 1916 жылы көктемде ол Ташкент халық жасағының құрамында Термезге аттанады. Жұқпалы аурулармен күресе жүріп, Санжар Түркістан халықтарының патша режиміне қарсы бағытталған 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісінің куәгері болды. 1917 жылғы Ақпан буржуазиялық-демократиялық революциясын Санжар Термезде қарсы алған еді.

Санжар Асфендияров Ресейде патшаның монархиялық билігін жойған Ақпан буржуазиялық – демократиялық революциясынан кейін белсенді саяси қызметін бастайды. Термез әскери бөлімінің солдаттары өз кеңестерін ұйымдастырып, солдат бұқарасы беделді әскери дәрігер Санжар Асфендияровты кеңес депутаты етіп сайлады. Бір айдан кейін солдат бұқарасының қолдауымен Санжар Асфендияров Жаңа Бұқарада өткен облыстық кеңестің съезіне қатынасып, жаңадан құрылған облыстық кеңестің мүшелігіне сайланды [2].

Ақпан революциясынан кейін Асфендиярұлы Термездегі және Бұхарадағы Кеңестердің жұмысына қатысады. Ташкент облыстық, ал онан кейін жұмысшылар мен жауынгерлердің округтік Кеңесіне сайланады. Ташкентте ол мұсылман жұмысшы депутаттарының алғашқы Кеңесінің ұйымына мүше болады. Каспий жағалауы майданындағы соғысқа қатысқан. 1917 жылы Бұхарадағы мұсылман қозғалысына белсене араласты. Сол жылғы қараша айында Түркістан автономиясын жариялаған Мұсылман депутаттарының төтенше съезіне қатысты. 1918-19 жылдары Асфендияров аштықпен күрес жөніндегі төтенше комиссиясының Сырдария облысы бөлімшесін басқарды.

Аштар мен босқындар арасындағы жұқпалы аурулармен күрес ісі тапсырылған Санжар Асфендияров жылға жуық бел шешпей қызмет атқарып, қалалар мен уезд орталықтарында, темір жол бекеттерінде, арнайы лагерлерде қоғамдық тамақтандыру орындарын, тұрақты және жылжымалы емдеу орталықтарын, жетім балалар үйлерін, ұсақ кәсіпшілік шеберханаларды ұйымдастыруға ат салысады. Әсіресе, Санжар Асфендияровтың темір жол бойымен арнайы дәрігерлік пойыздар ұйымдастыруының маңызы зор болды, [3] өйткені ашыққан халық ең алдымен темір жол бекеттеріне қарай ағылатын еді.

Аштықпен күрес барысында мемлекеттік басқару аппаратының жағдайына біртіндеп бейімделе бастаған Түркістанның түркі-мұсылман жастары 1919 жылы 6 сәуірде Тұрар Рысқұлов ұйымдастырған Мұсылман Бюросына топтасып, республикадағы саяси билік тұтқасын өз қолдарына алу үшін қалыптасқан саяси жағдайда мүмкін болған жалғыз жолды таңдай отырып, жаппай большевиктер партиясы мен кеңес өкіметі жағына өте бастайды. Тұрар Рысқұловтың шақыруына үн қатқан Санжар Асфендияров өзі қызмет етіп жатқан Черняев полкінде қызу үгіт-насихат жұмыстарын жүргізеді де, 1919 жылы мамыр айында аталған полктің толық құрамымен большевиктер партиясы қатарына өтеді [4].

Мұсылман Бюросы республикалық билік үшін күресе отырып, Түріккомиссиясымен ауыр саяси күреске түскен еді. Осындай жағдайда Түркістанның түлегі, арнайы дәрігерлік мамандығы бар мұсылман коммунисті – Санжар Асфендияров Түркістан Республикасының Денсаулық сақтау комиссары етіп тағайындалады.

Комиссар ретінде Санжар Асфендияров азамат соғысы барысында өлкеде қалыптасқан аса ауыр саяси-әлеуметтік ахуалға қарамастан комиссариаттың орталық және жергілікті басқару мекемелерінің құрылымдары мен қызметін қайта ұйымдастырып, қалалар мен ауылдарда халыққа тегін қызмет ететін көптеген дәрігерлік-медициналық орталықтардың ашылуына және олардың бірқалыпты жұмыс жасауына орасан зор күш жұмсады. Осы қызметте жүріп, Санжар Асфендияров Түркістан өлкесіне және Орталыққа кеңінен танымал мемлекет қайраткері ретінде қалыптасқан еді.

Кеңес өкіметі 1920 жылдың аяғына таман Түркістан Республикасында бұрынғы патша үкіметінің аграрлы саясатының зардаптарын жою және жер қатынастарын реттеу мақсатында жер-су реформасын жүргізу туралы шешім қабылдаған болатын. Денсаулық сақтау халық комиссары қызметінде өзін іскер мемлекет қайраткері ретінде таныта білген және Түркістан өлкесіндегі аграрлық қарым-қатынастардың

тарихынан жақсы хабардар Санжар Асфендияровқа республика басшылығы енді алда тұрған жер-су реформасын іске асыру міндетін жүктеп, оны Түркістан Республикасының жер шаруашылығы халық комиссары етіп тағайындайды.

1921 жылы Ресей территориясында азамат соғысының негізгі майдандарында әскери қимылдар аяқталып, Кеңес елі бейбіт құрылысқа көше бастайды. Бұрынғы Ресей империясының езілген ұлттарының кеңестік сипаттағы автономиялық республикалар мен облыстарын құру, жергілікті ұлт кадрларын орталық басқару мекемелеріне жоғарылату процесі басталған болатын. Осы саясат аясында Түркістан Республикасының Ресей Федерациясындағы өкілетті өкілін тағайындау қажеттілігі туды. Түркістан үкіметі бұл қызметке Санжар Асфендияров лайықты деп табады. Түркістанда комиссар қызметін атқарған жылдары Санжар Асфендияров белгілі бір саланың дамуына жауап берген болса, ал енді ол Орталықта Түркістанның мүддесін қорғауға міндетті болды. Осылайша, Санжар Асфендияров 1921 жылы қазан айынан 1922 жылдың ақпан айына дейін Түркістан Республикасының РСФСР Ұлт істері жөніндегі халық комиссариатындағы өкілетті өкілі болып қызмет атқарды. Мәскеуде Санжар Асфендияров РСФСР Ұлт істері жөніндегі халық комиссариатының коллегия мүшелігіне сайланады және аталған комиссариаттың барлық қызметіне белсене араласты.

Сонымен қатар, Санжар Асфендияров Түркістанда жер-су реформасын жүргізген білікті қайраткер ретінде Бүкілресейлік Орталық Атқару Комитетінің Жерге қоныстандыру мәселесі бойынша құрылған ерекше комиссияның құрамына мүше болып сайланады.

1922 жылы көктемде Санжар Асфендияров Түркістанға оралып, қайтадан республиканың Жер шаруашылығы халық комиссариатының құрамына жіберіледі де, кейінірек халық комиссарының орынбасары болып тағайындалады. Бұл кезде бүкіл Кеңес еліндегідей, Түркістанда да жаңа экономикалық саясат қарқын алған болатын. Осыған байланысты Санжар Асфендияров негізінен жаңа экономикалық саясатты Түркістан өміріне бейімдеумен айналысты. Жаңа экономикалық саясат жылдарында кеңестік Ресейдің басқа да аймақтары сияқты Түркістан өлкесі де шаруашылығы жағынан біртіндеп ес жинап, егін, мақта, мал шаруашылықтарын қалпына келтіре бастаған еді. Санжар Асфендияров білікті маман ретінде ауыл шаруашылық кооперативтерін, артельдерін ұйымдастыруға бел шеше кіріседі. Басқа да қайраткерлермен бірге Санжар Асфендияровтың бұл жылдардағы қажырлы еңбегінің арқасында Түркістан халқы 1921-1923 жылдардағы сұрапыл ашаршылыққа ұрына қойған жоқ.

1923 жылы күзге таман Түркістан өлкесінде тырысқақ және безгек сияқты аса қауіпті жұқпалы аурулар кең тарай бастайды. Осыған байланысты республикада аса маңызды істермен айналысып жатқанына қарамастан, Түркістан үкіметі Санжар Асфендияровты білікті дәрігер маман ретінде жұқпалы аурулармен күрес мәселесін жандандыру үшін қайтадан Денсаулық сақтау халық комиссары етіп тағайындайды. Осы қызметінде Санжар Асфендияров өлкедегі безгек, тырысқақ, сүзек дертінен азап шеккен сан мыңдағана адамдарды ажал тырнағынан арашалауға көп күш-қайрат жұмсады.

1924 жылы Орта Азияда іске асырылған ұлттық-территориялық межелеу процесінен кейін бұрынғы Түркістан Республикасының аумағы жаңадан құрылған бірнеше республикалардың еншісіне кеткен еді. Санжар Асфендияров Қазақ Республикасының Өзбекстандағы тұрақты өкілі болып тағайындалады. Тұрақты өкіл ретінде ол межелеу барысында бауырлас Қазақ және Өзбек республикалары арасында пайда болған кейбір келіспеушіліктер мен наразылықтарды жоюға, қос республиканың өзара ынтымағын қалпына келтіруге үлкен күш-жігер жұмсады.

1925 жылы Санжар Асфендияров Кеңестер Одағының басшыларының шақыруымен Мәскеу қаласына қызметке ауысады да, КСРО Орталық Атқару Комитетінің төрағасы А.С. Енукидзенің орынбасары және Комитеттің Төрағасы жанындағы Ұлттар істер жөніндегі бөлімнің меңгерушісі қызметіне тағайындалады. Санжар үшін бұл одақтық көлемдегі ірі қызмет болатын. БОАК басшыларының бірі ретінде Санжар Асфендияров одақтық заң актілері мен заңдық күші бар қаулыларға әзірлеуге және оларды қабылдауға, орасан зор көлемдегі әкімшілік-ұйымдастырушылық және бюджеттік сипаттағы практикалық мәселелерді шешуге, конституциялық және жеке заңдардың сақталуы мен орындалуын қадағалауға, түрліше комиссиялар мен комитеттердің қызметін біріктіріп, бір ізділікке салуға тікелей басшылық жасады.

Санжар Асфендияров 1926 жылы қарашада РСФСР Халық Комиссариаттар Кеңесі төрағасының орынбасары Тұрар Рысқұлов ұйымдастырған ұлт қайраткерлерінің төтенше кеңесіне қатынасып, ұлт мәселесі бойынша келелі ұсыныстар жасайды[5]. Аталған «құпия» кеңесте Орталық және ұлттық республикалар арақатынасы мәселесі қызу талқыланып, ұлт мәселесіне қатысты Мәскеудің шовинистік саясаты сыналады. Одақтық ресми басшылықтың рұқсатынсыз өткен бұл кеңеске қатысқан ұлт қайраткерлер артынан барлық республикаларда қуғын-сүргінге ұшыратылады. Сол жазаға

ұшырағандардың бірі Санжар Асфендияров та болады.

Әрине, ұлт қайраткерлерінің бұл «күпия» кеңесінен кейін Санжар Асфендияров басқалармен бірге сенімсіз тұлғаға айналады, одақ көлеміндегі саяси басшылық қызметінен шеттетіледі де, Комитет жанындағы Н.Н.Нариманов атындағы Шығыстану институтының директоры қызметіне жіберіледі. Ол сонымен бірге, Мәскеу мемлекеттік университетінде дәріс оқи жүріп, қазақ арасынан алғашқы болып, тарих профессоры ғылыми атағына қолжеткізеді. КСРО-ның саяси, мәдени және ғылыми орталығына айналған Мәскеуде үш жылдай уақыт бойы қажырлы еңбек еткен Санжар Асфендияров болашақ ғалым ретінде қалыптасады.

Санжар Асфендияровтың өміріндегі бұндай өзгеріс оның ғылыми-жұмыстарымен шұғылдануға толық мүмкіндік береді, себебі, қоғамдық – саяси және мемлекеттік қызметтерді атқара жүріп, ол ғылыми істермен шұғылдануды бір сәтке де доғармаған еді. Мәскеу сияқты ірі ғылыми орталықта жұмыс жасау мүмкіндігі Санжар Асфендияровтың зерттеушілік қабілетін одан әрі ұштап, іргелі еңбектер жазуға итермеледі. Осылайша, жан-жақты білімді, іскер де қабілетті Санжар Асфендияров Одақ көлеміндегі айтулы ғалымдардың қатарына қосылады.

Ғұламаның өмірі мен қызметіндегі неғұрлым жемісті кезең – 1928-1937 жылдарға дейінгі Қазақстанда өткен өмірі. Бұл мерзімде Санжар Асфендияров республикадағы алғашқы оқу орындары мен ғылымын ұйымдастыруға көп күш салады.

Қазақ автономиялы республикасының құрылғанына бірнеше жылдың жүзі болса да, 20-шы жылдардың соңына дейін Қазақстанда ұлттық жоғары оқу орны ашылған жоқ. Қазақстандағы және Мәскеудегі қазақ қайраткерлері осы жылдары халық шаруашылығы мен халыққа білім беру ісінің білікті мамандарын даярламай республиканың ілгері басуы мүмкін емес екенін жете түсініп, Қазақстанда жоғары оқу орындарын ашу мәселесін қолға алады. Осы мақсатта бұрын Ташкент қаласында жұмыс істеп келген Қазақ ағарту институты Алматыға көшіріліп, осы институттың негізінде 1928 жылы Абай атындағы Қазақ мемлекеттік университеті ашылған болатын. Университеттің ашылуы мен қалыпты жұмыс жасауын қамтамасыз етуі үшін білім мен ғылым саласында іскерлігімен танылған беделді саяси қайраткер қажет болды да, Қазақ үкіметі өтініш жасай отырып, Орталықтан Санжар Асфендияровты шақыртады. Ел үкіметінің шақыруымен оралған Санжар Асфендияров жоғары оқу орнын ашуға ұйтық болып, қазақ жастарының білім алуына жағдай жасайды. Сөйтіп, елімізде бірінші рет жоғары оқу орны ашылып, студенттер қабылдай бастайды.

Қазақстандағы жоғары оқу орнының – алғашқы университеттің (Абай атындағы Қазақ педагогикалық университетінің) бірінші ректоры Санжар Асфендияров оны іргелі білім және ғылым ошағына айналдыру үшін бар ынта-жігерімен кіріседі. Университеттің материалдық-техникалық базасын қалыптастыру, оқытушы-профессорлар құрамын жасақтау, факультеттер мен мамандықтарға дарынды қазақ жастарын тарту мәселелерін шешу міндеттерін іске асыру үшін Санжар Асфендияров өзі бас болып, республикалық мерзімді баспасөзде халыққа үндеу жариялап, білім беру мәселесін насихаттап отырды[6].

Бас-аяғы үш жылдың ішінде Абай атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің жұмысын жолға қоя білген Санжар Асфендияровты үкімет кезекті жоғары оқу орнын ұйымдастыруға міндеттеп, оны Қазақ медициналық институтының ректоры етіп тағайындады. Медицина саласы Санжар Асфендияровтың ең сүйікті саласы болатын. Аспандияров осы институтта жалпыхимия, биология, физика пәндерімен бірге анатомия, қалыпты физиология, ішкі урулар, гистология, микробиология, фармакология, биологиялық-химия, гигиена бөлімдерін және хирург кафедралар ашты. С. Асфендияров жұқпалы аурулармен күреске, аурулар мен індеттердің алдын алу шараларына, халыққа ақысыз дәрігерлік көмек көрсету жұмыстарын жолға қоюға көп еңбек сіңірді. Халық арасында жиі кездесетін туберкулез, шешек, оба, сүзек, тері ауруларына қарсы медицина көмек ісін ұйымдастырды. Орта дәрежелі оқу орындарында, қысқа мерзімді арнаулы курстарда әртүрлі буындағы медицина мамандарын көптеп даярлауға күш салды.

Қазақ үкіметінің шешімімен Санжар Асфендияров осы жылдары Медициналық институттың ректорлық қызметімен бірге Қазақ АКСР-і Денсаулық сақтау халық комиссары қызметін де қоса атқаруға міндетті болды.

30- жылдардың басы қазақ халқы үшін апатты жылдар болған еді. Денсаулық сақтау халық комиссары Санжар Асфендияров 20-шы жылдары Түркістан Республикасында ашаршылыққа қарсы күрес барысында жинаған тәжірибесін пайдалана отырып, босқындар арасында кең тараған жұқпалы індеттерді ауыздықтауға орасан зор үлес қосты[7].

Сұрапыл ашаршылықтан бегі қайта бастаған шақта Санжар Асфендияров 1934 жылы Қазақ АКСР-і халық ағарту халық комиссарының орынбасары болып тағайындалады. Халық комиссарының

орынбасары ретінде ол ашаршылықтан енді ғана есін жинай бастаған халық ортасындасауат ашу, бастауыш және орта білім беру ошақтарынқалыптастыру, бұрынғы жылдары ашылған жоғары оқу орындарының жұмысын жақсарту, білім беру мекемелерін арнайы әдебиетпен және оқу құралдарымен жабдықтау мәселелерімен айналысты. 1934 жылы Санжар Асфендияровтың ұсынысымен қазіргі Абай атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің базасындаөз алдына жеке мемлекеттік университет, мемлекеттік педагогикалық институт және Алматы зооветеринарлық институты ашылды. Сонымен қоса, Санжар Асфендияров өзі алғашқы басшысы болған Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетіне қол үзбей, бірнеше жыл бойы қатарынан университетте кафедра меңгерушісі қызметін атқарып, күрделі теориялық және әдістемелік мәселелер бойынша дәрістер оқыды.

30-жылдардың ортасында Санжар Асфендияров КСРО Академиясының Қазақ бөлімінің төрағасы, белгілі шығыстанушы А.Н.Самаоловичтің орынбасары болып бекітіледі. 1934 жылы 4 сәуірде КСРО Ғылым Академиясы Төралқасының өтінішімен Санжар Асфендияров Тарих және археология комиссиясының жетекшісі болып тағайындалады. Ғылым Академиясының жетекшілерінің бірі ретінде Санжар Асфендияров көптеген салалық ғылыми-зерттеу институттарының қалыптасуына өз үлесін қосты. Оның қажырлы еңбегінің арқасында ғылымның түрліше салалары бойынша білікті ұлт кадрлары өсіп, жетілді. Ол ғылым жетістіктерін өндіріске енгізу, ғылыми мекемелер мен жоғары оқу орындары арасында шығармашылық байланыстар орнатып, университет бітірген жас мамандарды іргелі ғылымға тарту мәселесімен айналысты.КСРО Ғылым Академиясының Қазақ бөлімі Санжар Асфендияровтың басшылығымен Қазақстанның географиясын, геологиясын, халық шаруашылығын, тарихы мен мәдениетін, тілі мен әдебиетін зерттеуге орасан зор еңбек сіңірді. 1936 жылы желтоқсан айында Санжар Асфендияров КСРО Ғылым Академиясының Төралқасы мәжілісінде Қазақ бөлімінің қызметі туралы есепті баяндамасын жасап, одақтық ғылымдардан жоғары баға алады. Ғылымдағы ұйымдастырушылық қызметімен қатар, Санжар Асфендияров бұл жылдары үлкен зерттеу жұмыстарымен де айналысып, көптеген еңбектер жазып қалдырды.

Сондықтан да, Санжар Асфендияровты Қазақстан Ғылым Академиясының да негізін салушылардың бірі деп толық атауға болады. 1932 жылы КСРО Ғылым Академиясының Қазақстандағыбазасы (кейін филиал) құрылған кезде С.Ж.Асфендияровакадемиктер А.Н.Самолович, Б.А.Келлермен қатар Төралқа мүшелегіне кірді, әрі төрағаның орынбасары болды. Ол тікелей тарихи-археологиялық комиссиясын, қазақ сөздігі комиссиясын басқарды, сонымен қатар ұлт мәдениетін ғылыми-зерттеу институтының тарих секторының меңгерушісі болды.

Кез-келген халықтың биікке самғап ұшырар екі қанаты бар. Ол –халықтың ана тілі мен тарихы. Бұл екеуінсіз халық топшысы сынған құстай, төрт мүшесінін айырылған мүгедек жандай күйге түседі. Қазақ халқының хал-күйі бұдан да ауыр жағдайда еді.

Тарихы жоқ халықтың болашағы жоқ екенін терең түсінген қазақ оқымыстылары мен қоғам қайраткерлерінің барлығы дерлік істеген кәсібі мен мамандықтарының сан қатталылығына қарамастан ел тарихын зерттеу мәселесіне ең жоғары дәрежеде мән берді. Қазақ халқының ғасырлар қойнауынан алатын тамыры терең бар екенін, ешбір халықтан кем емес өзіне тән өркениетті мәдениеті болғандығын, Қазақстан территориясында ежелгі дүние де, орта ғасырларда да басқа жұрт санасқан, мойындаған, бас ұрған мемлекеттер өмір сүргендігін және ең бастысы, осыншама үлкен аймақтың иесі басқа емес, қазақ халқы екендігін бұлтартпас деректермен дәлелдейтін тарихи еңбектер жазу сол кездегі ұлтжанды зиялылардың басты міндетіндей болды.

Сондықтан да Алаш, тағы одан басқа қоғам қайраткерлерінің тарихты терең зерттеп, тарихпен тәрбиелеу арқылы халықты азаттықа жеткізу мақсатындағы істеген әрекеттерін заңды құбылыс деп айтуға болады.

Қазақ халқының тарихын шынайы түрде зерттеген қазақ зиялыларының көш басында мамандығы бойынша әскери дәрігер С.Ж.Асфендияров тұрды десек қателеспейміз. Басқаларға қарағанда тарих саласында терең зерттеу жүргізіп, өндіріп еңбек жазуына оның сол кездегі атқарған мемлекеттік және қоғамдық қызметі мен ғылыми мекемелер мен жоғары оқу орындарында басшылық жасауы да көп жағдай жасап мол мүмкіндік туғызды.

Дарынды ғалым, көп қырлы талант иесі С.Асфендияров қазақ азаматтары арасынан шыққан тұңғыш тарих ғылымының профессоры дәрежесіне жетті, бұл атақты ол 1927 жылыМәскеу университетінде алды.

Түрлі қызметтерде жетекші басшы болып, ұйымдастырушылық қабілетімен танылып, өнімді зерттеушілік еңбегімен өзінің жан-жақты дарынымен көзі тірісінде мойындалған Санжар Асфендияровтың Қазақстан тарих ғылымында орны ерекше.

Ел тарихын зерттеумен шындап айналысуы 1928 жылы Қазақстан үкіметінің шақыруымен Алматыға келіп, Қазақстанның тұңғыш жоғары оқу орны Қазақ мемлекеттік университетінің (қазіргі Абай атындағы ҚазҰПУ) ректоры болған (1928-1931) күндерден бастады. Оның тарихи еңбектерімен өзі басшылық еткен оқу орнының студенттері де сусындады.

Ғалым Қазақстан тарихын зерттеуге өмірінің соңғы он жылын тұтастай арнады деуге болады.

Профессор С.Ж.Асфендияровтың еңбектері қазақ тарихын ежелгі дүниеден бері қарай мүмкіндігінше тұтастай алып зерттеуге арналса да, олардың негізгі арқауы – қазақтың ХІХ ғасырдың екінші жартысы мен ХХ ғасыр басында отаршыл империялық орыс үкіметінің зорлық-зомбылық қанауына түскен, өмірі саяси-экономикалық, әлеуметтік жағдайынан туындаған тартқан зардаптары, патша үкіметінің Қазақстанда жүргізген жерді жаулап, басып алу арқылы қазақтар жеріне қазыналық меншікті орнықтыру саясатына ден қойып, сараптама жасау болды.

Профессор С.Асфендияров патшалықтың отаршыл саясатын, оның мәнін ашуда басты назарды өзінің туған халқының тұрмыс-тіршілігінің көзі – жер пайдалану мәселесіне аударды. Ол басып алған қазақтар жерінің шұрайлы бөлігіне ішкі Ресей губернияларынан қоныс аударған қазақ, орыс және украин шаруаларына көшпелі мал шаруашылығымен тұрмыс кешкенжергілікті байырғы тұрғындар пайдалануындағы жайылымды, ашық су көздері мен орман алқабын тегін үлестіру саясатын баса зерттеп, процестің таптық мәнін айқын әшкерелей көрсетеді. Сондықтан да С.Асфендияровтың еңбектерінде қазақтардан тартып алынған жер, жерді пайдалануда жүргізілген патшалық монархия отаршыл саясаты кеңінен қарастырылады.

Жер саясаты қазақ қоғамында және қоныс аудару саясаты империялық үкіметте бір өктемдік принципке негізделді. Ол басқыншылық құқығы, қолшоқпар құқығы, әскери-феодалдық қанау құқығы болды[8]. Бір сөзбен айтсақ, зорлық-зомбылыққа шектеусіз, кең жол ашу арқылы үстемдік етті.

Профессор С.Асфендияровтың Қазақстан тарихын профессионалды түрдегі негізін қалаушы және оны орта мектептер мен жоғары оқу орындарында оқытуды алғашқы қолға алушы болды. Ол «Қазақстан тарихының очерктері» деген оқулығын қазақ тілінде әзірледі. (Қызылорда, 1935ж.). «Қазақстандағы 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісі» (орыс тілінде, Алматы, 1936ж.) атты монографиясын, бірқатар тарихи очерктер мен мерекелік басылымдардың тарауларын жазды. 1934-1937 жылдары ол республика газеттері мен журналдары беттерінде республиканың революцияға дейінгі және кеңес дәуіріндегі тарихының сансалалы мәселелеріне байланысты қызғылықты мақалалар мен хабарлар жариялады.

1934 жылы профессор С.Ж.Асфендияров бірінші болып, жалпы білім беретін мектептер үшін «Қазақ тарихы» бағдарламасын жарыққа шығарды. Бұл кеңестік дәуірдегі Қазақстан тарихы бойынша алғашқы оқулық ретінде баспадан жарық көрді. Қазақ халқының рухани өмірінде жоғары мектеп жүйесінің орнығуында, ағарту саласында өзіндік атқарған рөлі бар дербес еңбек болды. Ол сол кезең үшін саяси мәнде орны бар оқиға болды.

Сонымен бірге, С.Асфендияровтың ең маңызды да көлемді еңбегі «Қазақстан тарихы» деп аталатын монографиясы ұлттың баға жетпес қазынасын, деректерді ыждағаттылықпен жинап, оны сөйлете біліп, оқырманға жеткізе білді. Ол өзінің бұл зерттеуінде қазақ халқының патшалық орыс үкіметі жүргізген саясатының құрбанына айналуының тарихын арнайы ғылыми зерттеудің нысаны етіп, алғашқы болып, кеңестік кезеңде таңдауы және жете оны мәнді де мазмұнды қарастыруы үлкен парасаттылықты талап етті.

С.Асфендияровтың көптеген тарихи еңбектеріндегі басты мәселелердің бірі қазақтың этногенезі болатын. Ғалымның негізгі қағидалары:

1. Қазақ халқының қалыптасуы – ұзақ процесс, оның басталуы алғашқы мемлекеттік бірлестіктердің құрылуымен тұспа-тұс келеді деген тұжырымның дұрыстығы бүгінгі күні айқындалып отыр.

2. Бұл процестің ұлғаюы өндіргіш күштердің дамуымен күрделене түседі.

3. Қазақ халқының түпкілікті әрі жан-жақты нығаюы қазақ ұлтының қалыптасуымен байланысты деген қағидалары да бүгінгі күні өзінің дұрыстығын дәлелдейді.

Санжар Асфендияровтың басқалардан айырмашылығы – қазақтар тарихын «тұтасынан қарауға біз тұңғыш кірісіп отырмыз» деп ашық та, батыл жариялап жазуында болса керек. Өзіндік ұстанымда болып, ол кеңестік дәуірдің ала сапыраны кезеңінде жүріп-ақ, Қазақстанның ежелгі заманынан бүгінге дейінгі тарихын жазып шығу жөнінде мәселені ашығынан қойды.

Айта кету қажет, С.Ж.Асфендияров қалдырған еңбектер кеңестік кезеңде жазылды.

Сөйтіп, С.Ж.Асфендияров қазақтың тарихын байытуға ғылыми зерттеу еңбектерімен өз үлесін қосады. Оның артында қалған айырықша қымбат мұрасы оның рухани өмірін міндетті түрде жалғастырады.

С.Асфендияров өз еңбектерінің басым көпшілігінде Қазақстандағы рухани және материалдық мәдениеті тарихының мәселеріне тоқталып, мәдени ескерткіштерді зерттеу ісіне де зор үлесін қосты. Кеңес этнографтары ішінен алғашқылардың бірі болып, С.Асфендияров эпосты маңызды тарихи деректердің қатарына қосқан болатын.

Қуғын-сүргін жылдарының қарсаңында С.Асфендияров өзінің ғылыми-педагогикалық жұмысын үзбей жалғастыра отырып, КСРО ҒА Қазақ филиалы төралқасы төрағасының бірінші орынбасары, Мәдениет ғылыми-зерттеу институтының тарих секторының меңгерушісі, Абай атындағы қазақ педагогикалық институтының тарих кафедрасының меңгерушісі және профессоры қызметтерін атқарады.

30- жылдардың соңына таман елде қалыптасқан сталиндік режим кеңес халқына қарсы жасаған террорлық және репрессиялық саясаты өзінің шарықтау шегіне жетеді. Бұл репрессиялық машина кеңес мемлекетіне ашық қарсы шыққандармен қатар, сол қоғам мен мемлекетке қызмет еткен азаматтарды да қырғынға ұшыратты.

Туған халқының біртуар аяулы азаматы болған Санжар Асфендияров та қара тізімге ілініп, 1937 жылы тамыз айында тұтқындалады да, 1938 жылы 25 ақпанда атылды. Ол 49-ға толған мүшел жасында мерт болды. Оның артында қалған айырықша қымбат мұра оның рухани өмірін міндетті түрде жалғастыруда. Ұлтымыздың дарынды мемлекет және қоғам қайраткері, ғұлама ғалымының әлі де болса орындалмай қалған ізгі армандары мен ойлаған ойларын бүгінгі және келешек ұрпақ жүзеге асырады деп сенім білдіруге болады.

1. Әлжанов А. Алғашқы қарлығаштар.- Алматы: Арыс, 2007. – 87 б.
2. См.: Махмудов М. Санджар Джафарович Асфендияров// Революцией призванные: Библиографические очерки. Вып.2. (Отв. ред. Р.Я.Раджапова).- Ташкент: Узбекистан, 1991.- С.40-60.
3. «ӨРОММ. Р-25-к.,1-т., 198 – іс 8-8- артқы пп.
4. Сулейменов Р.Б. Первый казахский историк-марксист//Вестник АН КазССР. 1966. №9 (257). – С.66.
5. Еженедельный журнал Всероссийского Центрального Исполнительного Комитета Советов. За 1926 год.
6. См.: Асфендияров С.Д. О подготовке КазГУ к новому учебному году//Советская степь.-1929, 4 июля; Первая годовщина КазГУ//Советская степь.-1929, 7 октября и др.
7. Асфендияров С.Д. Больше внимания вопросам здравоохранения//Большевик Казахстана.-1933, №5.- С.19-23.
8. Асфендияров С. История Казахстана (с древнейших времен).- Алматы: Санат,1998,- С.127.

УДК 112.

XXI ҒАСЫРДЫҢ КӨРНЕКТІ ИНТЕЛЛЕКТУАЛЫ

Әбсаттаров Р.Б.-

ҚР Ұлттық ғылым академиясының корреспондент-мүшесі, философия ғылымдарының докторы, профессор,

Қалдыбаева Т.Ж.-социология ғылымдары докторы, профессор

«...Ермек іздеп асыр салған күндерім, сенен бүйтіп кетерімді білмедім» дей келе болашақ ғалым тек балалығымен ғана қоштасқан жоқ, әрі қаншама жылдар жетімдік пен жалғыздықтан жан-жүрегін қинаған уақытпен, алдамшы арманмен күн көрген бұлыңғыр сәттерімен, саялы ағаш-жөнке көлеңкесін пана еткізген қайғылы тіршілігімен қоштасты. «Менде бір сенің жалғыздыңмын, Сар Далам, анам едің құшағы кең». Осылайша ол шынайы арман жолына бет бұрды, «қанатсыз болса да шың басына шығуға жастайынан жігерленген» жас адам болашағын еңбек пен білімнен іздеуге жол тартты, еңбек пен білім оны ғылымға алып келді, шынайы ізденімпаз, жаңашыл ғалым етті. Бүгін ол, 1929-шы жылы Гурьев облысында Құланшы ауданында өмірге келген, туа сала анасынан, жеті жасында әкесінен айрылған, үй-күйсіздіктің барлық ауыртпашылығы мен азабын жүріп өткен Сейтешев Әжес Петрович бүгінгі күні педагогика ғылымының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым Академиясының академигі, КСРО педагогикалық ғылымдары Академиясының академигі, Ресей білім Академиясының құрметті мүшесі, КСРО ғылымының еңбегі сіңген қайтаркері, ТМД елдерінің «Ұлттық кадрлар дарлауды дифференциациялау мен интеграциялау» Кеңесінің үйлестіруші төрағасы, 30 томдық тандамалы ғылыми еңбектердің, 1000-нан аса ғылыми мақалалардың авторы, кәсіптік педагогиканың негізін салушы, өзінің

іргелі ғылыми мектебін қалыптастырғанғалым, педагог және қоғам қайраткері.

Балалар үйінде тәрбиеленуі (Орлик балалар үйінің анықтамасы бойынша ол 1929 жылдың қараша айында өмірге келген) кезінде Әжес әскери қызметте болуды армандаған. Сол оймен Астрахань қаласындағы Суворов училищесіне оқуға түспек болып, балалар үйінен кетті, бірақ мақсаты алдынан шықпай, қалалар мен ауылдарды аралап жүріп, малшы, ұста, балықшы, слесарь, токарь жұмыстарын орындап, еңбекке пысырып, шеберлікке үйреткен тәжірибе жинады. Кейін келе жасөспірім Әжес № 9 – шы Атырау кәсіби училищесін өте жақсыға оқып шықты. Одан кейінгі уақытта Кировобадтың әскери ұшқыш училищесін, Ташкенттегі еңбек резерві техникумын оқып бітірді. Алған бағыты оны Бішкек (Фрунзе) политехникалық институтына алып келді, институтты 1962 жылы бітіріп шықты. Алайда өзінің іргелі өмірлік қызметін ол өндіріс саласының шебері және оқытушысы ретінде институтқа дейін-ақ бастап кеткен болатын. Қырғыз республикасының кәсіптік-техникалық білім саласының өндірістік оқу ісінің шебері. Жалпы техникалық пәндердің, кәсіби арнайы пәндердің оқытушысы, № 3-ші техникалық училищенің оқу-өндірістік жұмысы бойынша директордың орныбасары, директоры. Ә.П.Сейтешевтің бастамасымен өндірістік еңбекпен кәсіби оқуды үйлестіру барысында Қырғыз республикасында алғаш рет күрделі өнім өндіру технологиясы жасалып игерілді. Аталған училище базасында 60-жылдары токарьлық, үйлестірушілік, полиграфиялық станоктық жабдықтардың жаңа түрлері өндірілді. Әжес Петрович алты түрлі жоғары білікті жұмысшы мамандығының оның ең жоғары өлшемінде игерген және оны нақты өндірісте өз ісінде тәжірибелеген тұлға. Басқа өндіріс шеберлері мен оқытушыларынан оның басты айырмашылығы – өндірістік процесті озық ғылыми оймен үйлестірушілік қаблетінде болып келді. Ажес жүрген орта ғылыми ізденіс ортасы, рационализаторлық, жанашылдық ортасы, жаңа типті ізденістер мен эксперименттік зерттеулер, ғылымды практикаға енгізу ортасы. Қай салада еңбек етсе де, мектептеде, училищеде де, жоғары оқу орнында да бұл әдетінен ол айнымаған. Шебер, педагог тұлғасын жанашыл ғалымдық, танымдық қасиетпен біражола бірлестірген дәл осы жанашылдық психологиясы мен еңбекшілдігі екені даусыз.

Кәсіби техникалық білім педагогы бола жүріп ол оқу-өндіріс процесін техникалық эстетиканы, еңбекті ғылыми ұйымдастырудың озық әдісін, техникалық жаңалық жасауға үйретудің жаңа жүйесін енгізді, өндіріске 4 жанашылдық ашуды, 28 рационализаторлық ұсынысын енгізді, «Т-1САП» токарлық станок үлгісін жасап шығарды. Жұмсақ металды өңдеуге арналған кескіш жабдық жасап шығарғаны үшін КСРО Жоғары Кеңесінің грамотасы мен сыйлығына ие болды. Ұстаз шебер-оқытушы ретінде 400 ге жақын білікті жұмысшы кадрларын даярлап шығарды. Олардың арасында бірнеше Мемлекеттік сыйлықтың иегерлері бар.

Өндіріс пен ғылымды қатар қоя отырып жетілдіру, жанашылдықпен жаңа сападағы өндірістік-технологиялық қатынастың туындауының себепшісі мен негіздемшісі болу оның Бішкек қаласындағы 1956-1969 жылдардағы техникалық кәсіби оқу орнында және 1970-1980-жылдардағы Қырғыз политехникалық ғылыми-зерттеу институтының аға қызметкері болып еңбек еткен жылдарының өзіндік ерекшеліктері. Жаңашыл ұстаз 1960-1979 жылдары ғылыми-практикалық басшылық жасаған тәжірибелік-эксперименталдық лабораториялар Бүкілодақтық тәжірибелік мектеп, өндірістік кәсіби педагогиканың теориясы мен практикасы жасалған ғылыми алаңына айналды. Кәсіптік педагогика ғылымының бағыты, оны практикалық тәжірибелерге сүйене отырып дамытқан ғалым – Ә.П.Сейтешев. Кәсіптік техникалық білім жүйесінің басшы кадрларының білімін көтеретін Бүкілодақтық институттың профессоры қызметін атқаруы барысында да Әжес Петрович оқу бағдарламаларына елеулі өзгеріс енгізе отырып, оған жүйелілік және эвристикалық, проблемалық сипат берді. Бұл дағдысынан кейін Қазақстанға қайта оралып, жоғары оқу орындарында ұстаздық жасауы кезінде де айнымады.

Ә.П.Сейтешев тәжірибесінде өндірістік еңбек пен оқу ісі кезектесіп, өз орындарын тауып жатты. Үш жылдық аспирантурада іштей оқып, бір жарым жылында ғылым кандидаттығына диссертация қорғап, психология ғылымдары кандидаты атағына ие болды. Жылдар бойы орта мектепте, кәсіптік техникалық және жоғары орку орындарында жүргізген эксперименттік тәжірибелеушілік жұмыстары мен оның өзінің педагогикалық қызметімен үйлесіп жатуы нәтижесі оны педагогика ғылымдары докторы ғылыми дәрежесіне жеткізді (1974), 1980-ші жылы профессор ғылыми атағына ие болды.

Қазақстандағы жоғары мектептің оқытушысы қызметінің Қазақ ұлттық аграрлық университетінен басталуы да кездейсоқтық болмаған. Бұл оқу орны Ә.П.Сейтешевтің политехникалық өмірлік дағдысын оқу-тәрбие процесіне қосу үшін қолайлы білімдік-практикалық мүмкіндік берді. Ғалым «Инженер-педагог» мамандығының моделін жасады, идеяның іске асырылуы мақсатында 12 жаңа оқу бағдарламасын жасады, 100 ге жақын оқу-әдістемелік құралдар даярлады, көрнекті оқу құралдарын даярлады.

Мектеп-техникалық кәсіптік училищелері-жоғары оқу орны жүйесін қамтыған 40 жыл бойғы эксперименттік тәжірибелеу мен оның нәтижесін шығара отырып ғылыми еңбектер жазу..., ондай мүмкіндік пен бақыт әрбір ғалымның үлесіне тие бермейді. Ол тек мұқалмайтын жігер мен өз ісіне сенімділікпен шығармашылық ойы мен идеясын алға жылжыта алатын әлеуметтік мобильді тұлғалардың ғана атқара алатын ісі мен ғылыми тіршілігі. Зерттеуші Ә.П.Сейтешевтің «Педагогические основы устойчивого выбора учащейся молодежью рабочих профессий» (Фрунзе, 1973), «Пути воспитания профессионально направленной личности учащегося и молодого рабочего» (М., Высшая школа, 1976) сияқты еңбектері, «Основы профессиональной педагогики», «Новые системы обучения технической изобретательской деятельности», «Научные основы психологии высшей школы», «Научные основы педагогики высшей школы» теория мен практиканы үйлестіре қараудың нәтижелері. Осылайша кәсіптік педагогиканың теориясы мен практикасы, қазіргі заманғы профессионал-маманның тұлғасын қалыптастырудың біртұтас ғылыми концепциясы жасалды, дамытылды. Ол жалпыға бірдей білім беретін орта мектептердегі еңбек тәрбиесінің қойылы мен іс-тәжірибесін әлеуметтік, педагогикалық, психологиялық тұрғыда, олардың біртұтастығында, өнеркәсіптік өндіріс пен аграрлық және қызмет көрсету салаларының болашағы тұрғысынан жан-жақты қарастырған және бұл біртұтас процесті педагогикалық қамтамасыз етудің негізін қалаған бірден-бір ғалым. Кәсіптік педагогика контекстінде жоғары оқу орындарында қазіргі заманғы маман тұлғасын қалыптастыру моделін жасады, жоғары білім дидактикасының ғылыми негізін дамыта отырып болашақ инженерлер мен инженер-педагогтарды кәсіби даярлаудың қазіргі өзекті мәселелерін ашып көрсетті. Бұл тұрғыдағы ғалымның ой толғаулары мен ғылыми шешімдері 1997 жылы жарық көрген «Научные проблемы формирования личности и развития современного образования в Республике Казахстан» (Алматы: Ғылым) атты кітабында баяндалды.

Зерттеудің келесі сатысында жаңашыл ғалым өндіріс жағдайында жас мамандардың кәсіби бағдарлануын одан әрі дамыту мәселесін қарастырды. Тек өндіріс кеңістігімен шектелмейді, қазіргі заманғы білікті инженер кадрларын даярлау ісі мектептен, мектептегі еңбек тәрбиесі мен пәндік, лабораториялық тәрбиеден басталады, кәсіби мектептерде бастапқы кәсіби бағдар мен білім, тәжірибе өзінің логикалық жалғасын табады да, өндірісте шындыққа айналады, ендігі жерде инженерлік еңбек шындығын шығармашылық ізденістік бағдармен ұштастыру мүмкіндігі артады. Мәселе инженердің шығармашылық интеллектуалдық ізденіске қаншалықты бағдарланғандығында.

Зерттеуші пікірінше қазіргі ғылым, техника және өндірістің даму үрдісі қазіргі кәсіби даярлық (мазмұны, оқыту түрлері мен әдістері) пен қоғамның инженерлік және техникалық кәсіби дарлыққа сұранысы арасында сақталып отырған қайшылықтарды аша түсуде. Ол қандай қайшылықтар?

Біріншісі, білімдік ақпарат көлемінің артуы мен оқу уақытының шектелгендігі арасындағы қайшылық. Фундаменталдық іргелі (қоғамдық-саяси, жаратылыстанулық-ғылымдық, жалпытехникалық) білім бойынша да, қолданбалы (нақты-кәсіби) білім бойынша да. Осыдан келіп оқу пәндері мазмұнын іріктеуді жетілдіріп, жаңаша құрастыру міндеті туындауда. Оқу пәндері мазмұнындағы өзгеріс оқытудың әдістерін де өзгертуді талап етеді. Оқушыларды оқытудың интенцифті әрі тиімді әдістері қажет. Ол үшін білім негіздерін оқушыға жеткізудің, олардың оқу материалына қызығушылығын, оқытушы мен оқушының тез арада білімдік-ақпараттық кері арабайланысын арттырудың стандарттық емес әдістері ізделіп табылуы қажеттілік. Осы мақсатта оқу тобында болашақ мамандардың мүдделілігі мен қызығушылығын тудырып, елітіп, ертіп әкететіндей қолайлы психологиялық ахуалдың жасалуы, білім алып отырушылардың жұмыс қабілетін есепке ала отырып, оқу еңбегі үшін керекті оқу режимін жасау маңызды.

Екіншісі, қалыптасып қалған тәртіпті жекелеген мамандыққа даярлау жүйесі мен өндірістің мамандығы кең өрісті, жан-жақты, кәсіби мобильді маманға сұранысының артуы арасындағы қайшылық.

Үшіншісі, оқу процесін ұйымдастырудың қалыптасып қалған ұйымдастыру жүйесі мен қазіргі өндірістің маманның кәсіптік қызметіндегі репродуктивтік және шығармашылық компоненттерінің арасалмағына қоятын талабы арасындағы қайшылық.

Жалпы алғанда Ә.П.Сейтешев шығармашылығына тән ерекшелік оның теориялық-болжамдық, әлеуметтік-жобалаушылық, әлеуметтік-педагогикалық үлгілеу әдісінің басымдығы. Келесі ерекшелігі-оның педагогикалық, педагогикалық-тәжірибелеушілік ізденісінің негізінде өмірдің сұранысының, қоғамның нақты әлеуметтік-саяси, білімдік-мәдени, экономикалық сұраныстардың алынатыны. Оқу, тәрбие мәселесі, бірқатар педагогтар ғалымдар дағдысындай, өзіндік бір бөлек құбылыс, бөлек жатқан жүйе ретінде қарастырылмайды. Сейтешев ізденісінің қайнар көзі нақты қоғамдық өмірде, әлеуметтік-экономикалық шындықта, оның нақты сұранысында жатыр. Қоғамдық және өндірістік қатынастарды танып білу арқылы оның адами капиталға деген сұранысы, еңбек ресурсының интеллектуалдық-кәсіби даярлығына деген сұранысы айқындалады және дәл осы тұрғыда әлеуметтік-педагогикалық мәселелер

қойылымданады, қарастырып нақтыланады. Ойға келген идея, жазылған теория тәжірибелік сынаққа қойылады, нәтижесінде жаңашылдық сипаттағы ғылыми еңбектер пайда болады. Оның танымдық зерттеу әдістері мен ғылыми көзқарасы білім әлеуметтануын негіздеуші Эмиль Дюргеймге жақындата түседі. Э.Дюргеймнің тұжырымдауына педагогика ғылымы қандай тұлға тәрбиелеу керектігін айқындап алуы үшін алдымен қоғамдық, әлеуметтік қатынастырды жақсы білуі керек еді. Уақыт, қоғам сұранысына сай келетін тұлға моделі үлгіленіп айқындалған соң ғана сондай тұлғаны тәрбиелеп қалыптастырудың жолдары айқындалуға тиіс. Ол дегеніміз, ең алдымен, берілетін білімнің мазмұнының іріктеліп алынуы мен оқу-тәрбие әдістерінің талапқа сәйкестендірілуі. Э.Дюргейм психология ғылымы үшін де осындай көзқарасын баяндаған (қараңыз: Emile Durkheim. EDUCATION ET SOCIOLOGIE. Эмиль Дюргейм Социология образования: Пер. с фр. Т.Г. Астаховой, ред. В.В. Собкин и В.Я. Нечаев. Вступительная статья В.С. Собкина.- М.: ИНТОР, 1996.-80 с.; Калдыбаева Т.Ж. Дошкольное образование: социология и междисциплинарные аспекты. Науч.ред. Р.Б. Абсаттаров.- Алматы, «Издательство Елтаным», 2013.-192 с.).

Ә.П. Сейтешевтің қай еңбегін алып қарасаңыз да, сіз дәл білім социологиясының негізін салушының ғылымаралық байланыс туралы айтып кеткен ілімінің жаңашыл ғалымның нақты практикалық зерттеулерінде, тәжірибелеу нәтижесінде ұштала түскен идеялар мен ойларында, нәтижесінде іргелі еңбекке айналған кітаптарында көрінісін тапқанын, дамытылғанын байқайсыз. Оның интеллектуалдық диапазоны мен танымдық қаблеттілігі әлдеқайда жоғары. Себебі ғалым әрі психолог, әрі педагог, әрі тамыры терең әлеуметтік сезімталдық иесі. Қоғамдық дамуының үрдістеріне және шынайы сұраныстарына қатысты әлеуметтік рефлексия оны ылғида шындыққа жақындатты, педагогикалық және психологиялық теориясын, ой-пікірін шынайы сұраныстар тұрғысынан бағамдап жазуға дағдыландырды. Қазіргіге ертеңгінің тұрғысынан қарау, әлеуметтік-педагогикалық болжамдау мен үлгілеу мәдениетін қалыптастырды.

Тек Франция социологиясының ғана емес, әлемдік әлеуметтанудың ірі классик тұлғасы Э.Дюргейммен оның тағы бір ұқсастығын, пікірлес екендігін атап айтпауға болмайды. Мәселе «оқу» мен «тәрбиенің» арасалмағы мен арабайланысында. Француз ғалымы «оқыту», «тәрбиелеу», «дамыту» ісінде бірінші орынға «тәрбиені» қойған. Әрине, аль-Фараби сияқты ұлы тарихи тұлғаның да білімді тәрбиеден тыс қалдыруға болмайтыны туралы ілімі баршаға аян. Ә.П.Сейтешев шығармашылығында тәрбие мәселесі мектептегі еңбек тәрбиесінен, кәсіпке даярлау барысындағы адами тәрбие мен кәсіби тәрбиенің үйлестіруі мәселесінен бастау алған. Мақала авторының бірі 80-жылдардың аяғында Мәскеу қаласындағы Ленин атындағы одақтық мемлекеттік кітапханадан Әжес Петровичтің кәсіптік-техникалық оқу орындарындағы тәрбие туралы кітабымен таныса отырып, мәселенің қойылысының соншалықты нақтылығы мен өміршеңдігіне зер қойған еді.

Расында, кеңес одағы кезіндегі бірқатар кәсіптік-техникалық оқу орындарын негізінен орта мектепте үлгерімі мен тәртібі жағынан ақауы барлар мен кедей-кепшік отбасылары мен жетім-жесірлер балалары, алыс ауылдардың жоғары оқу орнына өте алмай қалған жастары паналайтын. Сол себепті жасөспірімдер мен жастардың бұл әлеуметтік тобының тұлғалық тәрбиесінің әлеуметтік мәні зор еді. Шындығында, дәл осы оқу орнынан жүздеген жастартек кәсіптік білім мен тәжірибе ғана емес, зор адами-тәрбиелік мектептен өтіп, есейіп шығып жатты. Ынталысын қойғанда ынтасыз келгендердің өзін оқу процесінің нақтылығы еріксіз еліктіріп әкететін. Бұл жерде тек ауыздан айтылатын ақпарат берілмейді, оқу ісі нақты өндірістік жабдықпен танысу және өз қолымен сол жабдыппен жұмыс істеу арқылы жүріп жатады. Училище оқушылары үшін өндірістер есігі, нақты өндірістік процесс ашық болатын. Оларға сабақ берушілер негізінен өндіріс шеберлері. Олар көпсөзділікті білмейді, нақты өндірістік қатынаста тәрбие береді. Өндірістік –техникалық қауіпсіздік мәселесі ол да бар, қатаң тәртіп пен жинақылықты сақтамасаң өзінді өзін опатқа соқтыруың мүмкін. Яғни, мектеп пен кәсіби білім орнындағы оқу еңбегінің мазмұны да, ұйымдастырылуы да басқа, адами арақатынас нормалары да басқа. Кешегі бостық пен босбелбеулікке өндіріс барысында орын жоқ. Өз қолымен нақты өндірістік еңбекке қатынасушы жасөспірім мен жас адам еңбектің қадір-қасиетін тез ұғынады. Әрі жас адамның нәтижесі көрініп тұрған нақты еңбекке тікелей қатынасы оның өзіне сенімділік тудырып, қадір-қасиетін арттырады. Оған ұжымдық еңбектің мәнділігін қосып қойыңыз. Ұжым алдындағы жауапсыздық өндірістік еңбек саласында бірден айқындалып шыға келеді, ол сөзсіз, ұжымның ренішін тудырады, сенімін кемітеді. Өз кезегінде жас адамға ұжым тарапынан қойылатын талап та айқындала түседі. Қорыта айтқанда, кәсіптік білімнің және оқытушы мен оқушының іс барысындағы арабайланысының нақтылығы мен ұйымдасқандығының тәрбиелік мәні ерекше. Осының бәрі А.П.Сейтешевтің өз тәжірибесі, оқушы ретінде, ұстаз ретінде және зерттеуші ғалым ретінде. Сол себепті жастарды техникалық кәсіби даярлау ісіне қатынасты оның ілімдерінің, тәжірибелерінің әлеуметтік мәні қазіргі Қазақстан жастарының кәсіби өсіп шынығуы үшін аса маңызды.

Тәуелсіз Қазақстанның дамып алға басыуының транзиттік кезеңін бейнелейтін 90- жылдары қоғамдық тәрбие, жастар тәрбиесі елеулі күйзелісті бастан өткізді. Әлеуметтік –тарихи уақыт дөңгелегі кері айналып, қоғамдық қатынас пен сана социалистіктен капиталистікке, жоспарлыдан рыноктық қатынасқа өту, соңғысының қажетті алғышарттарын жасап даярлау кезеңінде әлеуметті және еңбек тәрбиесі де елеулі күйзелісті басынан өткізді. Көптеген жеке меншік оқу орындары бой көтеріп, бұрынғы кәсіптік-техникалық білім беру жүйесі қирап түскен уақытта бүкіл тәрбие салмағы мектепке түсті. Мектеп ондай қоғамдық және саналық қысымға төтеп бере алмай жатты. Кешегі тарихымызға «тоталитаризм» тұрғысынан ғана қарайтын әлеуметтік-психологиялық ахуал қалыптасқан уақытта ол кезеңде болған, нәтижесін беріп келген тәрбие тетіктері іске жарағысыз болып көрінді. Білім беру саласында елеулі қайтақұрулар мен жаңартулар жасалып жатқанымен әлеуметтік және еңбек тәрбиесі босансып кетті. Тәрбиедегі босап тұрған кеңістікті тезарада пайдаланып қалушылар табыла кетті, шет елден миссионерлік қызметтер ағылып келіп еніп жатты, жаңадан болған бірқатар «бизнес»-субъектілер жасөспірімдер мен жастарды табыс көзіне айналдырды. (Жол берілген сол бір босансудың салдарларын қоғам қазірде айқын сезініп те отыр). Қалыптасқан жағдай Ә.П.Сейтешевтің де жанын ауыртты, қамықтырды, қолына қалам алдырды. Ғалым өз пікірін былайша баяндады: «Қазақстан мектептерінде және жоғары оқу орындарында тәрбие жүйесі жоқ. Тәрбие жоқ жерде- білім жоқ, адам да жоқ. Ертедегі грек ғалымы Платон мемлекет туралы кітабының алтыншы пунктінде айтқандай, «тәрбиеленбеген немесе жалған тәрбиеленген адам – жер беті жаратқан ең қауіпті жабайы аң». Елдің дағдарыстық кезеңінде оқу- тәрбие мекемелеріне мәдениеттің төмендеуі тән болып отыр. Оның ең тереңдеген салдары - Қазақстан педагогының тұлғалық құлдырауы, өзінің профессионалдық қасиетінен айрылуы. Осындай күрделі әлеуметтік-психологиялық жағдайда педагогикалық позицияларды ғылыми-теориялық қайта қарау өткір қажеттілігі туындады. Бір жағынан қарағанда, тұлғаны тәрбиелеу қоғам дамуының тұрақты элементі, әлеуметтік дамудың факторы, ол алғашқы қауымдық құрылыстан бері дәлелденген, екінші жағынан қарасаңыз, әлі қоғам дамуының стратегиясы анықталмаған, қоғамды қайтақұрудың жаңа негіздері түсінікті болмаған әлеуметтік дағдарыс жағдайы тәрбиені әлеуметтік тірегінен және лайықты мазмұнынан ажыратады. Әлеуметтік-саяси және әлеуметтік-экономикалық дамудың жаңа жолын іздеу барысының әлеуметтік қатынастар жүйесінің қиратылуымен, қоғамдық құрылымдардың ыдырауымен, идеологиялық вакуум, қоғамның дегуманизациялануы және криминализациялануымен қатарласып жүруі әлеуметтік және мәдени құбылыс ретінде тәрбиені бұзып қиратты. Педагогикалық дағдарыс жағдайында тәрбие жоққа шығарылды, мектеп пен жоғары оқу орындарында оның орнына тар өрісті пәндік оқыту ғана қалды».

Ғалымның ойынша, педагогика алаңында орын тепкен «жаңашылдық» «ойындар» кәсіптік істің дағдарысының белгісі. Инновацияшылдық әдістерді қуалап кету педагогикалық авангардизмге ұрындырды, ал ол өз кезегінде «адам», «қоғам», «еңбек», «қайырымдылық», «шындық», «сұлулық» сияқты жоғары құндылықтарды «күш», «мистика», «байлық», «секс», «индивидуализм» сияқты «құндылықтармен» ауыстыруға мүмкіндік ашты. Соңғылары қазіргі заманның мәдениетті адамы үшін құндылық емес, тек әрекет қана. Алайда сол соңғыларды қоғамдық коммуникация каналдары арқылы насихаттау ел педагогтарын сасқалақтатып, түсініксіз жағдайға енгізді, активті позициядан айырды. Керісінше, балалар мен жасөспірімдердің, жастардың адам натурасы мен табиғатына тән жаратылыстық құбылыстарын қоздырды, тәрбиелік құндылықтар мәнін таяздатты. Қазақстанға экспортталған шет елдік «құнсыз» материалдық және рухани өнімдер әлемдік мәдениеттің жетістіктері деп саналды, осылайша елдегі мәдени-психологиялық құлдырауға негіз болды. Балалар мен жасөспірімдерді, бойжеткендер мен бозбалаларды тәрбиелеу ісі барынша қиындады. Тағылық пен жабайылық, күш көрсету мен зорлық, индивидуалистік карьеристік, есі кеткен тұтынушылық, тартып алушылық жаялаған жағдайда педагогтар алдына тұлға тәрбиелеу міндеті қойылды. Жасөспірімдік қылмыс өрістеп алды. Тек екі жыл ішінде қазақстандық 500 бала өз өмірін өзі қиды. Суицид эпидемияға айналды. Осының бәрі Қазақстан Республикасында қоғамдық тәрбие жүйесінің жоқтығынан, әлі ұлттық идеяның жасалып болмағандығынан, үлгі алатын идеалдың жоқтығынан...

Осылайша ой толғай келіп Ә.П.Сейтешев тәрбие жұмысы жүйесінің авторлық жоба-бағдарламасының моделін ұсынды. Төрт бөлімнен тұратын ғылыми еңбек ретінде жазылған бұл бағдарлама моделін автор **«Рыноктық қатынас жағдайындағы тәрбиенің жаңа жүйесі»** деп атады. Бөлімдерінің аттарының өзі айтылған ойтолғаудың негізгі бағыты мен мазмұнын ағартып тұр: тәрбие процесі-құндылықтардың тәрбиеленушілер бойына сіңірілуі, қазіргі заманғы тәрбие мәселелері мен оны шешудің жолдары, болашақ мұғалімдерді тәрбиелік қызметке даярлау жолдары, білім мекемелері қызметін бағалаудың басты көрсеткіші тәрбие жұмысы болатындығы, т.б. Модель-программада тәрбие теориясы мен оның қолданбалық қырлары негізделді, талданды, тұжырымдалды. Тәрбиеге негіз болатын әлеуметтік

құндылықтар жүйесін, тәрбие жүйесіндегі өзін-өзі тәрбиелеудің алатын орнын және оны дамыту жолдарын, тәрбиенің басты принциптік негіздерін баяндай келе автор «Жаңа тәрбиенің» қандай болатыны туралыөзінің ғылыми-практикалық түйінді тұжырымдарын жасады. Автор концепциясының өзегінде адам өмірінің мәні, адам өмірі мәніне жету жолында адамдардың өзінің ізденісі мен өз еңбегінің орны ерекшелігі алынған. Тәрбие-адамның өзін өз өмірінің мәніне сәйкес тіршілік жасауға, ізденуге, өзін-өзі жетілдіруге бағдарлау, жұмылдыру.Өз өмірінің әлеуметтік мәнін табудың негізінде адами құндылықтар жатыр.Өзін-өзі танып білуге тәрбиелеу өзіне өзі талдау жасау, бағалау, бағдарын айқындап алуға, айқындалған бағытта ізденіс әрекетін жасауға мүмкіндік ашады.

Ғалымның тәрбие төңірегіндегі ой толғанысы оның келесі іргелі еңбегін туғызды. Ол қазіргі заманғы профессионал-тәрбиешіні даярлау жолдары туралы еңбегі. Жаңашыл ізденуші бұл еңбегінде мұғалім-тәрбиешіні кәсіби даярлаудың жаңа концепциясының ғылыми-әдіснамалық негізін жасады, тәрбиеші-педагогты даярлау процесінің ішкі мазмұнына үңілді, қажетті мазмұнды жасаудың ғылыми-практикалық негіздерін нақтылады, осы мақсатта жоғары оқу орнында қандай пәндердің оқытылуы қажеттігін баяндады. Басты орынға тәрбиеші-мұғалімді даярлайтын білім мазмұнының өзін өзгерту, болжап үлгілеу мәселесі қойылды. Мазмұн жазылып даярлаудың алдында оның бағдарламасын жасап алу қажеттілік. Автор бағдарлама құрылымы мен үлгісі қандай болу керек деген сұраққа жауап берді. Бұл еңбектегі өзекті авторлық қойылым – мұғалімнің тәрбиеші ретінде қалыптасып дамуының және оның кезеңдерінің нақты сызбаға түсірілген жобасының берілуі.

Тәрбие моделі туралы авторлық ізденістің келесі деңгейі педагогикалық қызметтің тәрбиелік қырына қойылатын жалпы талаптарға арналған. Педагогиканың өзі адамзаттық тәрбие идеясынан туындаған. Адамзаттың барлық мәселесі өзінің шешімін тәрбиеден табады. Біз ұлтымыз, нәсіліміз жағынан кім болмасақта бәрімізге ортақ бір құндылық бар –бәріміз Адамбыз; еңбек –адам дамуының басты заңдылығы. Еңбек дегеніміз-өз жаратылысынды дамыту, байыту, жасампаз болу. Бұл адамға берілген зор бақыт; оқу процесі зерттеушілік сипатта болып, ғылыми білім алдағы практикалық іске бағдалайтындай етіп құрылуы керек; Белгілі бір себептермен кәсіби әлемде таңдай жасай алмай қалған адам қалған уақытында үлкен жастағы бала болып қала береді; Белгілі бір мамандықты жетік игермеген жас адам, ол қандай білімді болса да әлеуметтік жетілген адам бола алмайды. Сондықтан өз мамандығыңызды жақсы көріңіз: ол сізді тұлғалық қасиетіңізді қалыптастырады, жан дүниеніңізге өріс береді.

Жас адам рухани жетілу үшін бес деңгейден өтуге тиіс. Олар: табиғаттың заңдылықтарын білу және табиғатпен үйлесімде тіршілік ете білу; Ақылыңды, ерік-жігіңді рационалды ұйымдастыра отырып, жан-дүниенің үшін қолайлы жағдай жаса, ұстазыңмен арабайланыста бол; психология мен дененді ақыл- ой және дене жаттығулары арқылы шынықтыр, оны дұрыс тамақтану мен салауатты өмір тәртібімен үйлестір; сананды белгілі бір философиялық концепцияларды игеру жаттығулары арқылы кеңітіп отыр; ұжымдық ортада өмір сүру заңдылықтарын игеру арқылы ұлттық деңгейдегі қатынастарға ықпал ете алу әлеуетіне бейімдел.... XXI ғасыр басындағы әлемдік дағдарыс-әлемдік жеткіліксіздік педагогтар пен педагогика ғылымы ұятында жатыр. Сол себепті педагогтардың ұлы миссиясы –бүкіл қоғамды мақсатты тәрбиелеу, оның адамгершілік-этикалық іргетасын қайта құру.Жаңашыл ғалымның бұл ілімдерін қазіргі заман адамының, мұғалімінің адамгершілік-моральдық кодексі демеуге бола ма?!

Тәрбиені ұйымдастыру туралы ғалымның келесі ой-пікірлері де өзіне назарыңызды аудартпай қоймайды. Академиктің түйіндеуінше, XXI ғасырда жаңа адам, жаңа ғылыми көзқарасы, әлемдік дүниеге жаңа көзқарастық түсінігі бар адам қалыптасуда. Сол себепті бізге тек ақыл-ой дамыған ғана емес, әрі жоғары адамгершілікті, рухани бай,өмірінің әлеуметтік мәнін түсінетін, оған қол жеткізе алатынына сенімді, толыққанды өмірлік түршілік үшін мақсатты және белсенді іс-әрекет етуші адамды қалыптастыра алатын қазіргі заман мұғалімі қажет.Қазіргі мұғалім тек өз өмір-тіршілігі мен оқытатын пәнінің заңдылықтары мен формуласын ғана айқын түсініп қана қоймай, әрі оның ғылымының даму тарихын да жақсы білуге тиіс. Бірақ ғылымын білу істің тек бір бөлшегі ғана. Басты керегі - сол ғылыми шындықты тәрбиеленушісінің өзінің өз еңбегімен аша алуына алып келу. Ол үшін тәрбиеленушінің ақыл-ойын жақсы білу керек. Осы мақсатта мұғалім тәрбиеленушісінің ойының өзгерісін әр минут сайын қадағалап отыр. Мұғалім бала ақыл-ойының сақтаушы-періштесі, оны сақтайды, дамытады, бекіте түседі. Бұл П.Ф.Кептерев айтып кеткендей күрделі бірақ қасиетті, жоғары мәнді іс.

Алайда педагогикалық жоғары оқу орындары түлектерінің жалпымәдени норма шеңберінде шеберлікпен еңбек ету әлеуеті жеткіліксіз. Бұл тек бір елге ғана тән жағдай болып отырған жоқ. Мәселе ең алдымен психологиялық-педагогикалық даярлыққа қатынасты болып отыр. Өкінішке орай педагогтар әдетте тек пән мұғалімі ретінде ғана-физика, химия, биология, тб. пән мұғалімдері ретінде, академиялық

білім алушылар ретінде ғана даярланып келеді. Оның психологиялық, жалпымәдени, әлеуметтік даярлығы жекелеген білім алушының өзінің жекелеген үлесіне қалдырылған. Жеке адамдар әрқелкі. Қазіргі педагогикалық білім професиясы бойынша кеңейтілген ұшу алаңын қамтамасыз етіп отырған жоқ. Сол себепті мұғалім болып қалыптасу процесі өте қиын өтеді. Басты себеп-білімдік кеңістікті ұйымдастырушылар емес, тек пән мұғалімдерін даярлауда болып отыр.

Педагог-ол, ең алдымен Мұғалім! Тек арнайы педагогикалық білім алып қоймаған, ең алдымен қоғамдық проблемалардың өткір жүзін санасымен сезінетін тұлға. Ерекше әлеуметтік функцияны іске асырушы, уақыт пен ұрпақ ауысуының сабақтастығын қамтамасыз етуші. Онсыздамзат дамуы, прогрестік даму тоқтап қалған болар еді.

Мұғалім –ойшыл, адам тағдыры, оның рухани, интеллектуалдық дамуы, физиобиологиялық денсаулығы, елінің және бүкіл әлемнің болашағы сеніп тапсырылғанын сезіне алатын ақыл-ой бейнесі. Мұғалім –зерттеуші, әрқелкі педагогикалық ситуацияда тек педагогикалық факторларды ғана көріп қоймай, бүкіл себеп-салдарлар жүйесін көре, түйсіне алатын, сөйте отырып, білім мен тәрбиенің тиімді жолдары арқылы мақсатты нәтижеге қол жеткізе алатын әлеуметтік тұлға. Мұғалім – басқарушы. Күнделікті мұғалім еңбегін басынан адамның білім жүйесінің менеджері бола алуы мүмкін емес. ХХІ ғасыр педагогтарының басым көпшілігінің тек жоғары білікті ғана емес, әрі жаңа идеяларды шығармашылықпен игеруге ашық, өз ойымен оны бағалай алатын, іске қоса алатын шығармашылық өрісті адамдар болатыны заңдылық.... Академик ойының өміршеңдігі оны жалғасыра берсе деген ниет, ықлас тудырады.

Жоғарыда келтірілген ой толғауларды қорытындылай келе біздің көңілге түйгеніміз, айтылғандардың бәрі ой-пікір авторының өзіне, өзінің әлеуметтік тұлғасына тікелей қатынасты. Ғалым өз өмірін, өзінің педагогикалық және тәрбиелеуші тіршілігін, ғылыми ғұмырын баяндап отырғандай. Шынында да солай. Академиктің жүріп өткен педагогикалық, ұстаздық жолы – ғылыми-тәжірибелік жолы, өзінің ғылыми, ұстаздық жолының нақты практикасы, өмірлік сыннан өткен ғылым, ғылыми нәтиже.

Ғалымның ой жүйесі оны политехникалық білім беру, инженерлік даярлық, еңбек тәрбиесі мәселесіне қайта оралтты. Ендігі жерде қазақстандық қоғамның инновациялық индустрияландыру стратегиясы мүддесінде, жалпыға бірдей еңбек қоғамын қалыптастыру құндылығында.

Қоғам жалпыжаратылыстанулық, гуманитарлық ойлаудың барлық формаларының интеграциялануы жүріп жатқан тарихи сатыға аяқ басуда. Адамзат неоиндустриялық өркениетке өту алдында тұр. Сол үшін біздің қоғамға революциялық қозғалыстар қажет, түбірімен жаңа технологиялық жүйелерге, жоғары тиімділік беретін техниканың соңғы туындыларына қол жеткізу қажеттілік. Жоғары технология жоғары мәдениетті талап етеді, оның көзі білім мен адамдардың мінез-қылығында. Ғылыми көзқарас, жоғары кәсіби шеберлік, өз мамандығын виртуоздық деңгейде игеру, біліктілігінің үнемі артып отыруы, тәртіп пен әлеуметтік жауаптылық, ұйымдасқандық пен ұқыптылық, еңбекке өзінің өмірлік қажеттілігі ретіндегі қатынасы жаңа уақыт адамы тұлғасына тән қасиет болмақ. Бұл дегеніміз ең алдымен мектеп пен жоғары оқу орны қызметінің реформалануы, бүкіл жоғары және орта білімнің қайта құрылуы. Аталған адами қасиеттерді тәрбиелеп қалыптастыру ерте бала жастан басталмақ. Сайып келгенде, мәселе педагогика ғылымының өзін, рыноктық экономика үшін кадр даярлайтын оқу орындарының өзін жетілдіру деген сөз.

Алда тұрған проблемалардың алғашқы қатардағылары –жастардың әлеуметтік дамып қалыптасуы; жалпыға бірдей орта білім мен кәсіптік білімді дұрыс байланыстыру; білімнің сапасын арттыру; ғылыми негізделген кәсіби бағдарлау жұмысы. Тәртіпті маман даярлау ісі өзін ақтамады. Жоғары мектептің қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуындағы, ғылыми-техникалық прогрестегі ролін арттыру үшін кеңейтілген маман даярлау қажеттілік.Көппрофильді емес, кеңпрофильді маман.Кеңпрофильді маманның кәсіби білімінің кеңейтілген теориялық базамен үйлестірілуі. Ол еңбек өзгерісі жағдайында мамандық мобильді етеді, маманның танымдық қабілетін арттырып, кәсіби қызметінің жаңарған уақытта практикалық істерді қиналмай атқарып кетуге даярлайды.

Елдің индустриялық инновациялық даму стратегиясы политехникалық білімді тереңдетуді, жастарды техникалық мәселелерді шешудің негіздерімен таныстыруды, әрбір өндірістік ұжымдарда шефтік қозғалысты ұйымдастырып кеңейтуді, еңбек ұжымдарының жақын жатқан мамандықтарды игеруіне қызығушылығын арттыруды, ғылыми-шығармашылық қызметтің барлық түрлерін кең насихаттауды, шығармашылық кружок жұмысын кең дамытуды, ғылыми-зерттеу институттары мен жоғары оқу орындарының өндіріс орындарымен достастығын қолдап ынталандыруды, ғылыми-техникалық процестерге жұмысшылар мен инженер-техник қызметкерлерін ынталандыру жүйесін жетілдіруді қажетсінеді. Осының бәрі жалпыға бірдей еңбек қоғамы сұраныстарын педагогикалық тұрғыда қамтамасыз ету сұранысын арттырады. Әсіресе орта мектептердегі, кәсіби білім беру институттарындағы

еңбек тәрбиесі үшін. Жалпыға бірдей еңбек қоғамын жалпыға бірдей еңбек тәрбиесінен, балалар мен жастардың политехникалық еңбек тәрбиесінен, еңбекті құрметтеуі мен сапалы еңбек ете білу мәдениетінен ажыратып қарау мүмкін емес.

Осылайша академик елуден астам жылғы педагогикалық, ғылыми еңбегі барысында мектептің, техникалық кәсіби білімнің, жоғары оқу орындарының дамуы ғылымы мен практикасына, педагогика ғылымының теориясына, әлеуметтік тәрбиенің теориясы мен практикасына өзінің зор үлесін қосып келеді. Оның мемлекеттің ресми билігі алдына ұсынған ғылыми-практикалық ұсыныстары, концепциялары, талдаулары оны елеулі қоғам қайраткері етті. Оның бүкіл шығармашылық еңбегі жүйесінде кәсіптік білім, кәсіптік білімге негізделген әлеуметтік, азаматтық тәрбие, ұстаз тұлғасы, мұғалімнің әлеуметтік тұлғасы, еңбек тәрбиесі, кәсіптік педагогика мәселесі ерекшеленіп тұр.

Академик өзінің ойы мен арманын өлең шумақтарына түсіре отырып, «Жалғыздық бойды басқан бала жастан, өмірде ауырлық жоқ одан асақан, кез болса қаза жетіп, шырақ сөнер, есіркеп, жаны ауырар табылар ма жан» деп жүрек түбінде сақталып, мазалап келген ойын білдіреді. Жаңашылдығынан өзінің 85 жасында бірде бір айнымаған ел азаматына, ғалымына айтар едік: «Құрметті Әжес Петрович, сіз үшін жалғыздық ауылы әлдеқашан алыстап кеткен, асыл азаматтарын қадірлей білетін ел-жұртың өзіңізбен әрқашан бірге» деген болар едік. Мерейлі жасыңыз құтты болсын, жасай беріңіз, жаңашыл ойыңызбен, ғылыми жетістігіңізбен халқыңызды қуанта беріңіз!

УДК 112.

АКАДЕМИК М-А.Х. АСЫЛБЕКОВ 85 ЖАСТА!

Кумеков Б.Е. – ҚР ҰҒА академигі

Қазіргі таңда есімі бүкіл алыс-жақын шетелдерге мәшһүр, танымал тұлға, Тәуелсіз Қазақ Елінің көрнекті ғалымдарының бірі, Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым Академиясының толық мүшесі, Қазақстанның еңбегі сіңірген ғылым және техника қайраткері, тарих ғылымдарының докторы, ҚР БҒМ Ш.Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының Бас ғылыми қызметкері, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің профессоры Мәлік-Айдар Хантемірұлы Асылбек міне, бүгін 85 жастың белесіне көтеріліп отыр. Қазақ: "Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын", - дейді. Мәлік-Айдар Хантемірұлы Отандық тарих ғылымының көшін бастап отырған – Ата ғалым, тарих ғылымының маңызды салаларының бірі – тарихи демография мен этнодемография салаларының тізгінін ұстап отырған – Дара ғалым, тарих ғылымының күрделі мәселелерін шешуде жастармен қоян-қолтық белсене араласып, түйінді ой тастап жүрген – Дана ғалым.

Мәлік-Айдар Хантемірұлы тарих ғылымына кезейсоқ келген жоқ. Ол 1930 жылдардың қуғын-сүргіні мен ашаршылығын көзімен көріп, өсті. Бозбала шағын Ұлы Отан соғысының еңбек тылында өткізіп, сол жылдардың ауыр зардаптарын бір адамдай басынан кешірді. Зейінінен зеректігі басым жастың санасына ауыр жылдардың тауқыметі қатты әсер етсе керек, тарихты терендей білуге деген құлшыныс оның бойында ерте оянды. Оның үстінеқаймағы бұзылмаған қазақы ортаның тәрбиесі, үлкендердің отырыстарында айтылатын жыр-дастандар, аңыз-әңгімелер, қиссалар табиғатынан дарынды жастың қиялына қанат бітіріп, оны одан әрі шабыттандыра түссе керек, Мәкең 1945 жылы орта мектепті бітірісімен, білім қуып Шымкент қаласына аттанды. 1948 жылы Шымкент мұғалімдер институтын тамамдаған ол, білімін одан әрі ұштай түсуді ойлады. 1948 жылы Қазақ мемлекеттік университетінің тарих факультетіне оқуға түсіп, оны 1954 жылы үздік дипломмен бітіріп шықты.

Соғыстан кейінгі қайта қалпына келтіру жылдарында халық ағарту және білім беру саласында мұғалім тапшылығы барлық өңірлерде де айқын сезілетін. Біріншіден соған байланысты, екіншіден туған ауылына деген сүйіспеншілігі болса керек, ол алғашқы еңбек жолын ауыл мұғалімдігінен бастады. Өз ортасынан оза шапқан дарын иесі бұл жерде де көрінбей қалған жоқ. Оны көп кешікпей орта мектеп директорлығы, Қызылқұм аудандық оқу бөлімінің меңгерушісі сынды жауапты басшылық қызметтерге тағайындады. Мәлік-Айдар Хантемірұлы бұл лауазымдарға да тоқмейілсіген жоқ. Өйткені оның көкірегінде ұлы Абайдың: «Ондай болмақ қайда деп, Айтпа ғылым сүйсеңіз, Дүние де өзі, мал да өзі, Ғылымға көңіл бөлсеңіз» деген, - нақыл сөзі жиі жаңғырып мазалайтын да тұратын. Қалайда ғылымды қуып өзіне де өзгеге де беймәлім сұрақтардың тереңіне бойлап, тамырын тапсам деген болашақ жас ғалым сонау Астанада қалған бұрынғы ұстаздары, атақты ғалымдар А.Нүсіпбеков, Б.Сүлейменов, Г.Ф.Дахшлейгерлермен бұрынғы тығыз байланысын үзбеді. Олармен хат алысып тарих ғылымының

өзекті мәселелеріне қатысты өз ойларын жіберіп отырды. Жас маманның бойындағы ғылымға деген бейімділігін таныған ұстаздары да үнсіз қалған жоқ. 1958 жылы дереу Алматыға шақырып, Қазақстан Ғылым академиясына қарасты Ш.Уәлиханов атындағы Тарих, археология және этнография институтына қызметке алды. Міне, осы күннен бастап Мәлік-Айдар Хантемірұлының ғұмыры осы ғылым шаңырағында өтіп келеді. Біреуге көп, біреуге аз, бір ғылым мекемесінде 55 жылдан астам қызмет ету біріншіден, көп адамның қолынан келе бермейтінін ескерсек, екіншіден, әркімнің пешенесіне жазыла бермейтін бақыт.

М-А.Хантемірұлы осы жылдар ішінде тек ғылыммен ғана айналысып қойған жоқ, бойына жиған білім нәрін жас ұрпақ бойына сіңіру жолында да аянбай еңбек етіп келеді. Міне, оның жарқын айғағы мына бүгін бәріміз төрінде отырған, Қазақстан оқу ошақтарының ең маңдайалдыларының бірі, педагогика саласындағы алғашқы оқу ордасы – Абай атындағы Ұлттық педагогикалық университеті. Мәлік-Айдар Хантемірұлы осы білім ошағында 50 жылдан астам дәріс оқыса, бүгінде Қазақстандағы шәкірттерінің санын айтып шығу мүмкін де емес шығар. Ғалым ағамыз осы Ұлттық университеттің құрметті профессоры, ұстаздардың ұстазы. Шәкіртсіз ұстаз – тұл дейді қазағымыз. Ұстазына қошемет көрсетіп жиналып келіп отырған осындағы Ұлттық университеттің ғалым-ұстаздарына, аға ғалымды ардақтап отырған университет басшылығына тағы да бір ризашылдығымызды білдіріп, қошеметтеп қойғанымыз орынды болар.

Бүгінгі жас ұрпаққа Кеңестік кезең жағымсыз жақтарымен ғана белгілі. Қалай десек те біз өмір сүрген заманның өз қиындықтарымен қатар жақсы тұстары да болатын. 1960-1970 жылдар Қазақ жұрты бұрынғы мал шаруашылығынан енді өнеркәсіп саласына жаппай бет бұра бастаған кезең еді. Міне, осы үрдісті терең түсінген Мәлік-Айдар Хантемірұлы 1974 жылы «Қазақстан теміржолшы кадрларының қалыптасуы және дамуы (1917-1970 жж.)» атты тақырыпта докторлық диссертация қорғады.

Әлемге әйгілі академигіміз Қаныш Имантайұлы Сәтбаев өз қолымен іргетасын қалаған, бүгінгі Қазақстан Ұлттық Ғылым академиясы ғылымға деген талпынысы бар талай жастың томағасын сыпырды, талайға жол сілтеді. Осындай, үнемі ізденістегі жас ғалым Мәлік-Айдар Хантемірұлы (1963-1968 жылдары) Қазақ КСР Ғылым академиясы Қоғамдық ғалымдар бөлімінің ғылыми хатшысы етіп тағайындалды. Бұл кездерде Ғылым академиясында Қ.И.Сәтбаев, М.Ғабдуллин, І.Кеңесбаев, Ә.Марғұлан т.б. өздері бір-бір институт саналатын іргелі де ірі ғалымдар осы ғылыми мекемеде қызмет істейтін. Ұлылардың батасын алып, ұстаның көрігіндей үлкен тәжірибе мектебінен өткен Мәлік-Айдар Хантемірұлы 1968 жылдан бастап ғылымның нағыз даңғыл жолына түсті, Ш.Уәлиханов атындағы тарих, археология және этнография институтының аға ғылыми қызметкері, бөлім меңгерушісі, институт директорының орынбасары сияқты ірілі-ұсақты қызметтер атқара жүріп, ғылым тыңына жаңаша түрен салды. Отандық тарих мәселелерінде жаңа құнды еңбектер жазумен қатар, төл тарихымызға деген жаңа көзқарас қалыптастыруда ол бар күш-жігерін сарқа жұмсады, ғылыми айналымға бірнеше тың дүниелер алып келді. Тынымсыз ізденістің нәтижесінде 350 ғылыми еңбек, 15 монография жарыққа шықты.

Академик М-А.Хантемірұлы бойындағы Отандық тарихқа деген бұрынғы ізденіс, жаңа ғылыми көзқарастар еліміз егемендік алғаннан кейін бұрынғыдан да кеңейіп еселене түсті. Ғалым ағамыз Қазақстанның демографиялық ахуалын тереңдей зерттеп, объективті тұрғыда баға беруге ұмтылыс жасады және осы жолда ол ірі-ірі жеңістерге жетті. Миграциялық толқындардың республикалық тұрғындарының әлеуметтік және ұлттық құрамына әсерін, демографиялық апаттардың себептері мен зардаптарын анықтады. Қазақтардың өз жерінде саны аз ұлтқа айналу себептерін, олардың экономиканың индустриялық салалардағы азшылығын батыл да ашық айтты. Сөйтіп, ғалым Қазақстан қоғамының әлеуметтік құрамындағы өзгерістерге жаңа көзқарас пайымымен қатар, тарихи демографияның іргелі мәселелері төңірегінде жаңаша леп, ерекше бетбұрыс алып келді.

Қазақ Елі еңсесін енді көтеріп, дүниежүзіндегі алпауыт елдермен жарыса, жаңа ғасырға адымдап барады. Осы тұрғыда қоғамның орнығуы ұлттың ұлт ретінде қалыптасуы, ондағы жұмысшы табы құрамының қазақ ұлтынан болуы сияқты іргелі мәселелер әліде талай мәрте күн тәртібінен түспесі анық. Осы орайдағы академик Мәлік-Айдар Хантемірұлы Асылбектің ғылыми тұрғыдан жазған еңбектеріне тек біз ғана емес, бізден кейінгі талай буынның жүгінері сөзсіз. Міне, «Ғалымның хаты өлмес» деген осы.

Мәлік-Айдар Хантемірұлының есімі тек қана біздің елде емес, сонау шетелдік ғалымдар арасында да ерекше ілтипатпен аталады. Еңбектерін жоғары бағалаған шетелдік ғалымдар академик М-А.Х.Асылбекті талай рет өздерінің білім ошақтарына шақырып, дәріс оқытты. 1992 жылы АҚШ ғалымдарының шақыруымен Сан-Франциско және Беркли қалаларындағы университеттерде оқыған академик-ғалымның құнарлы лекциялары дүниежүзі ғалымдарының да демография және әлеуметтік тарихтың өзекті проблемаларына назарын аудартты. Біз бұны, әлемдік білім-ғылым аренасына жаңа ғана шыға бастаған

Қазақстан ғылымының көкжиегін кеңейтуге қосылған зор үлес деп білеміз.

М-А.Х.Асылбек өзінің ғылыми мектебін қалыптастырған танымал ұстаз ғалым болумен қатар, ақжарқын, ақпейіл аға. Осында отырған көпшіліктің жұрт білетін мейірімді әріптесі. Оның ғылыми жетекшілігімен 12 ғылым докторы, 50 ғылым кандидаты диссертация қорғады. Бүгінде ғалымның тәрбиесін алған мың сан ұстаз, бірқауым ел болумен қатар, еліміздің түкпір-түкпірінде өздері мыңдаған шәкірттер тәрбиелеуде. Бұл ғылым-білім саласына, еліміздің болашағына қосылған сүбелі еңбек.

“Ұлық болсаң, кішік бол”,- дейді халқымыз. Шынында да Мәлік-Айдар Хантемірұлы өзі қаншама жылдар бойы ғылымның шындарын бағындырып келсе де алдыңғы буын ағаларды бір сәтке ұмытқан емес. Ол соңғы жылдары дамып келе жатқан Отандық тарих ғылымындағы тұлға тану саласына да өзіндік үлесін қосып келеді. Оның тікелей жетекшілігімен қазақтың көрнекті қайраткерлері Ә.Бөкейханов, М.Тынышпаев, Т.Рысқұлов, танымал ғалым-ұстаздар: А.М.Панкратова, П.Г.Галузо, С.Б.Бәйшев, А.Н.Нүсіпбеков, Б.С.Сүлейменов, Т.Тәжібаев, Б.А.Төлепбаев, Г.Ф.Дахшлейгер, Р.Б.Сүлейменов, М.Қозыбаев, Ж.Қасымбаевтың ғылыми мұрасымен қызметіне арналған диссертациялық жұмыстар қорғалып, ғылыми айналымға енді. Бұл ірі тұлғалар жайлы бірнеше монографиялық еңбектер мен мақалалар жарық көрді.

Академик М-А.Х.Асылбеков бұл күнде Ұлы Отан соғысының көлеңкесінде қалған қазақ халқына қатысты көптеген жайттарды жария етуге батыл кірісіп жүр. Орталық мерзімді басылымдардан да қоғамды селт еткізер тарихқа қатысты публицистік дүниелері жиі көрініп қалады. Ғалым қоғамдағы кейбір жағдайларға батыл да ашық айту арқылы өз көзқарасын үнемі дәлелдеумен келеді. Бұл орайда ол ардан аттаған емес, Қазақ елінің, қазақ халқының болашағы мен ертеңі жолында ол өз пайымын алға тартуда.

Еңбек қашанда абыройға жетелейді. Білім мен ғылымның тізгінін қатар ұстаған Мәлік-Айдар Хантемірұлы атақ-абырыдан да құралақан емес. Мемлекеттік басқа да марапаттарды айтпағанның өзінде, ғалымның шәкірттерінен, елінен алған алғыс құрметі өз алдына бір төбе. Ғылым саласында жеткен жетістіктері үшін 1983 жылы Мәкенді Қазақ КСР Ғылым академиясының корреспондент мүшесі етіп сайласа, 2003 жылы толық мүшесі етіп қабылдады. 1998 жылы оған Қазақстанның еңбек сіңірген Ғылым және техника қайраткері деген атақ берді. Өзінің туып-өскен Оңтүстік өңірінен қол үзбей тарихи демографиясын, миграциялық үдерістерін саралауда жасаған сүбелі еңбектері үшін Мақтарал мен Шардара аудандарының құрметті азаматы атанды.

Бүгін сексеннің бесеуіне шығып отырған академик Мәлік-Айдар Хантемірұлының жүрісі секілді қаламы да ширақ. Ағалықтан гөрі ақсақалдар ауылына қарай ауысқан Ата ғалымның әрбір сөзі салмақты, тереңнен шыққан бұлақтай тұнық. Оның өткен өмір жолы кейінгі ұрпаққа үлгі болумен қатар, жаңа тәуелсіз Қазақстан Мемлекетін қалыптастыруда бағыт-бағдар болары сөзсіз.

Мерей тойыңыз құтты болсын! Дәл осы жерде Тоқсанның дөңесінде жолығайық! Бойыңызға қуат, ойыңызға қанат болғай!

УДК 112.

АКАДЕМИК АМАНЖОЛ ҚОШАНОВТЫҢ 80 ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАЛҒАН ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯДА ЖӘНЕ МЕРЕКЕЛІК ЖИЫНДАҒЫ СОҢҒЫ СӨЗ 11.10.2014 Ж.

Аманжол Қошанов – ҚР ҰҒА академигі

Құрметті зиялы қауым, әріптестер, туыс-бауырлар!

Айтулы юбилей, мерейтойдың ерекшелігі – қуанышы мен әттегенайы қатар жүреді.

Аман-есен осы межеге жету, көңілге разылық сезім ұялатса, не тындырдым деген күдікте мазалайды: қоғам, ғылым алдындағы парыз бен қарызды өтей алдым ба? Өмірде таңдаған жолым шалыс, зая болған жоқ па, дегендейін.

Біз соғыстан кейінгі романтикаға толы, білімге құштар буын едік. Мәскеуге – алыс жолға ұмтылдық. Әкем шығарып салып тұрып: «Балам осы Қызылжардың оқуы жетпейтін бе еді, қайда бара жатырсың, сені кімге тапсырамын?» - деп көзіне жас алып, қиналған сәті көз алдымда. Мәскеу университетінде білім алу ол кезде батыс университеттерімен пара-пар, үкімет қамқорлығы пәрменді болатын. Соғыстан кейінгі

халықтың ынта-пейілінің тазалығы, бірлігі оқыған ортамызға тікелей әсер ететін.

Менің азаматтық болмысым, ғалым болып қалыптасуым Қазақ Ұлттық ғылым академиясында өтті. Ұлы Қанекенді (Сәтпаевті), кешегі өткен Ш. Шөкинді, Ә. Марғұланды, М. Әуезовтерді көріп өстік, тағлым, ғибрат алдық. Ғылым ол кезде шын мәнінде рухани жаңғыру, өндіргіш күш еді. Беделі өте жоғары болатын. Мансапқорлар жамылатын әлеміш жылтырақ шапанға айналмаған кезі.

Мені ғылымға, Академияда тұрақтандырған академик Сақтаған Бәйішев еді. Басқа вузға, идеология жұмысына ауысамын дегенде, барлық бедел-болмысымен қарсы болды. «Я тебе запрещаю» - деп. Менің ғылымдағы келешегім әлімсақта осылай бастау алып еді.

Ғылым әлемінде тағдырға дән разылығым – қазақ халқының маңдай алды зиялы қауымымен тізе қосып, бірге қызметтес болғаным. Көбінен ғибрат, тәлім алдым. Өзбасым басшы қызметтерде жүріп бұра тартпай, ешкімді алалап, кешшелік танытпай, әділдік аясында шешім іздеп баққаным. Тағдырға бас иіп, зиялы қауымға, академия мүшелеріне рахмет айтуменің бүгінгі таңдағы парызым деп есептеймін.

Мен өмірімді бағыштаған экономика ғылымы – ұлы ғылым. Адамзаттарихында негізгі әлеуметтік – экономикалық құрылымдардың пайда болып, өркендеп, пассионарлық дәуірлеуі мен күйреуіне тікелей әсер етіп, осы үрдістерді ғылыми тұрғыдан негіздеп, алға жетелейтін экономика ғылымы. Сонау көне Юнан – Грекия дәуірі, утопист–социалистер, ағылшын классиктері, марксистік ілімнің жеңістері мен тарихи аренада жеңіліске ұшырау драмасы мен трагедиясы, Кейнс ілімі, қазіргі либерал-реформаторлар адамзат қоғамын қалайда лайықты, позитивті жолмен қайта құрып, қоғам мүшелерінің өркендеу жолын іздеп, кертартпа жүйені тарихи аренадан кетіруге бар күшін салып, ықпал жасау экономика ғылымының үлесінде.

Бүгінгі таңда бүкіл адамзат өркениеті бастан кешіріп отырған дүние жүзілік дағдарыстан шығу, дамыған елдердің қатарына қосылуымыз бірден бір жаңа индустриалды – инновациялық кезеңге көшуімізбен байланысты. Президентіміз жар салғандай – инновациялық, «ақылды экономикаға» өту елімізді шикізат қоймасы деген лақап аттан, мешеуліктен арылту жолы. Міне осы бағытта Қазақстан экономикалық ғылымы алдағы уақытта қызмет етпек. Мен, бүгін ғылымдағы аға, ақсақал буынның өкілі ретінде экономист – ғалымдарды осы ұлы кезеңнің талабынан көрінуге шақырар едім.

Бүгінгі мәртебелі жиында көп жақсы тілектер айтылды. Бұл нақты болмыстан гөрі, осылай болғай деген ыхластарыңыз ғой. Жаратушы қуат берсе ұқсап бағармыз. Арнайы алғысымызды өзім, семьям атынан Қазақстан Республикасы Президенті, Ел басы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевқа, Президент әкімшілігіне білдіруді лайық деп білемін. Соңғы 25 жылда Президентіміз негізін қалаған тарихи бағытта зиялы қауыммен бірігіп қажыр-қабілетімізді бағыштап, Республика мүддесіне қызмет еткенімді Жаратушының сыйы деп қабылдаймын.

Тағы да сондай тілек білдіріп, рухани қолдау жасап отырған Парламент, Үкімет басшылығы, Білім және Ғылым министрлігі, осы жиынға арнайы келіп, мәртебелі ортаның құттықтауын жеткізген министріміз Сарынжинов Аслан Бәкенұлына, жалпы министрлік басшыларына, осымен қатар басқа жетекші ғылым, білім өкілдеріне, қоғам қайраткерлеріне, жалпы ғылыми, ұстаздық қауымға бүгінгі халықаралық конференцияның ауыр жүгін көтеріскен жетекші ғылым қайраткерлеріне шексіз, шын жүректен алғысымды білдіруге рұқсат етіңіздер.

Мен өзімді академиялық ғылымның түлегімін деп ұғынамын. Сондықтан ерекше алғысымды Қазақ Ұлттық ғылым академиясының төралқасына, Қоғамдық және гуманитарлық ғылымдар саласының басшылығына, менің 50 жылдан аса қызметтес болған орда мекенім Экономика институтына, Қазақстан ғалымдар одағына риясыз көңілімді білдіремін. Осы ұжымдардың басшылары алдарыңызда, бүгінгі алқалы жиынды ұйымдастырып, басқаруда.

Адам тағдыры оның қалыптасқан болмысында, мінез-құлқында, яғни дәуір талабына іспен жауап беріп, оның қажеттілігін түсінуінде, дейді халық даналығы. Тек осы жағдайда ғана адам заман талабына сай келіп, азаматтық парызын өтеуге мүмкіншілік туса керек, сірәдә.

Бүгінгі мерекелік жиынымызға тілек білдіріп алыс-жақын шет елдерден құттықтаулар келіп түсуде. Қырғыз, Тәжік Республикасының ғылым сардарлары академиктер Койшиев Турар, Каюмов Нуриддин Каюмевичке ерекше алғысымды, дән разылығымды білдіремін. Біз әрдайым Республика мүддесіне қызмет етуді парызымыз деп түсіндік.

Тілегім, қалған өмірімде тағдырым осы бағыттан ауытқымаса екен деймін.